



ХАЛЫҚ БАТЫРЫ ЕСЕКМЕРГЕН ЕСЕНҒҰЛҰЛЫ ӨМІРІ
ЖӘНЕ ЕРЛІК ЖОЛЫНА АРНАЛҒАН
«БАТЫРДЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ: ТАРИХЫ, ЗЕРТТЕЛУІ, АҚИҚАТЫ»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

03 қараша, 2023ж



**Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Халық Батыры Есекмерген Есенғұлұлы Өмірі Және Ерлік
Жолына Арналған**

**БАТЫРДЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ: ТАРИХЫ, ЗЕРТТЕЛУІ,
АҚИҚАТЫ**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

3 қараша, 2023

Ақтау

**ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
Х-17**

**Жалпы редакциясын басқарған – Есенов университетінің
президент-ректоры Б.Б. Ахметов**

Редакциялық алқа:

А.А. Сейдалиев, Р.О. Озгамбаева, З.Т. Кокшеева, А. Нурманова

Х-17 Халық батыры Есекмерген Есенғұлұлы өмірі және ерлік жолына арналған «Батырдың биік тұлғасы: тарихы, зерттелуі, ақиқаты» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Ақтау: Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2023, - 94 б.

ISBN 978-601-366-044-8

Жинаққа Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалардың мұрасын, оның ішінде халық батыры Есекмерген Есенғұлұлы мысалында дала батырлығының рөлі, батырдың өмірі мен ерлік жолдарын насихаттау бойынша зерделенген шетелдік және отандық зерттеуші ғалымдардың, студенттердің мақалалары енгізілген.

Жинақ ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

**ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)**

© Ш. Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті, 2023

ISBN 978-601-366-044-8

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҒЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Арынов С.А.

*«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ
«Өнер және спорт жоғары мектебі» факультетінің студенті, Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада алғашқы әскери дайындық кезінде жастардың теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдылары шындалып, әскери-спорттық жарыстарға қатысу арқылы әскери қызметке деген қызығушылығы арта түседі.

Түйінді сөздер: Патриоттық, тұлға, алғашқы әскери.

Ел Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың тамыз конференциясында «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет» деп әр оқушының құндылықтары мен қасиеттерінің қалыптасуы барша педагогтардың алдында тұрған үлкен міндет екенін атап өтті [1]. «Қайратты әдісіне жолдас ет, әдісіне ақылыңды жолдас ет» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезім ұялатып тәрбиелеу әрбір жаңашыл педагогтың мойнына жүктелген парыз деп санаймын [2] Сондықтан жоғары технологиялы өндіріс кең қанат жайған, ақпарат басты құндылыққа айналған қазіргі заманғы қоғамда ұлттық сипаттағы тамыры тереңге жайылған құндылықтарымызды сақтай отырып, заман ағымына лайықты өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын ұрпақты тәрбиелеу өте маңызды қажеттілікке айналып отыр.

Бүгінгі таңда еліміздің әрбір ұлтжанды азаматын ойландырмай қоймайтын, халқымыздың болашақта рухани тазаруы мен дамуы қалай болады, ұлттық тіліміз бен ділімізді, дінімізді, мәдениетімізді қалай сақтап қаламыз, өз есебімізді өзгеге бермей, өркениеттілікке қалай жетеміз деген сұрақтар өзекті мәселеге ретінде күн тәртібінде тұр. Осы мәселелерді шешудің бір жолы - ұлттығымызды, тәуелсіздігімізді жан-тәнімен қорғайтын және оған жасалып жатқан әр түрлі шетпіғылдарға тегеурінді тойтарыс бере алатын ойы орнықты, сөзі салмақты, парасатты азаматтарды тәрбиелеу.

XXI ғасырдың жаһандану үдерісі бүкіл әлем халықтарын бір-біріне жақындатып, мемлекет аралық байланыстарды күшейтіп, өркениеттердің өзара ықпалын одан ары жандандыра түсуде. Жер бетіндегі барлық ұлттар өзара жақындасып, олардың мәдениеті, ділі, діні өзгеріске ұшырауда. Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлтжандылық, отансүйгіштік тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлтжандылық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында көрініс тапқан: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. [3, 256]

Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көз қарасты оятады. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс». Сондықтан жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді: Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға тең құқылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуына, психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылды. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үдерісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазір де солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйуге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 30 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Мемлекет тарапынан отансүйгіштікті дамыту, сапалы білімге жол бастау бағытында келелі шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатқаны сондықтан болар.

Ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриотизм сезімдері әркімнің бойында әр кезеңде оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Оларды қалыптастыратын басты орта – отбасы мен мектеп. Өйткені өскелең ұрпақтың өмірінің басым бөлігі осы өзара тығыз байланысты екі ортада өтеді.

Мектеп қабырғасында жас буынның бойында ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриотизм сезімдерін қалыптастыру, оларды Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген мақтаныш сезімі тұрғысында тәрбиелеу кешенді үдеріс болып табылады. Жалпы білім беру бағдарламасындағы барлық пәндер осы үдерістің дамуына өз үлесін қосады. Патриоттық сезімнің объектісімен қайнар көзі- Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тарихы, халқы, оның тілі, салт-дәстүрі мен мәдениеті. Мектептегі білім беру үдерісі ауқымында осыларды жан жақты қарастыратын пәндердің барлығы арнайы тәрбиелік жұмыстармен ұштаса отырып, оқушы тұлғасын ұлтжандылық тұрғысында қалыптастыруға ұмтылады. Мектеп қабырғасынан бастап оқушы Отан, туған жер, ұлт, халық, ерлік, егемендік, тәуелсіздік, патриот ұғымдарын жете түсіне бастайды. Өз Отанының, ұлтының тарихы туралы алғашқы мәліметтер жиынтығымен танысады. Тарихты оқып-үйрену оқушылардың бойында жалпы адамзаттың қалыптасуымен дамуы, қоғам, мемлекет, тәуелсіздік жолындағы күрес және т.б. туралы жүйелі білім қалыптастырып, адамзат тарихындағы халықтар мен жеке тұлғалардың орны мен рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи білімді игеру ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриоттық сезімдермен бірлесе, сабақтаса жүзеге асады. Жас буынның өз елінің ұлтжанды азаматы, патриоты болып қалыптасуына әдебиеттің де қосар үлесі зор. Өз ұлтының, әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен танысу оқушының рухани құндылықтарды өз бойына сіңіруіне, әдеби шығармалардың жағымды кейіпкерлерінің іс-әрекеті негізінде тәлім-тәртіптік образ қалыптастыруына, өткен мен бүгіннің арасын байланыстырып, өз Отаны, өз халқы туралы мақтаныш сезіміне кенелуіне мүмкіндік береді.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні оқу бағдарламасының негізгі мақсаты – саптық, тактикалық, атыс, медициналық дайындық, топография, азаматтық қорғаныс бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, алған білімдерін практика жүзінде көрсетуге ықпал жасау. Жас жеткіншектерді болашақта ҚР Қарулы Күштерінің қатарында болуға тәрбиелеу, ең алдымен, олардың бойында Қазақстанның азаматы деген мақтаныш сезімін қалыптастыруды, Отан қорғау қажеттілігін жете түсіндіруді, мектеп түлегі, Отанның болашақ қорғаушысы қандай болуы керек деген сұраққа жауап беруді қажет етеді. Міне осы міндеттерді орындау алғашқы әскери дайындық пәнінің ауқымында жүзеге асады.

Әскери-патриоттық тәрбие, ең алдымен, оқу үдерісінде іске асырылады. Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша өтетін сабақтарда оқушылар Отан қорғауға бағытталған

әскери қызметтің қыр-сырымен танысады, өздерінің бойында болашақта Қарулы күштердің қатарында болуға қажетті сапаларды дамытады. Оқу бағдарламасына сәйкес оқушылар әскери қызметтің нақты салалары бойынша білім алумен қатар, Қазақстанның Қарулы Күштерінің тарихымен танысып, олардың бейбіт өмірді қорғаудағы ерліктерін мақтан етеді. Патриоттық тәрбие өз халқының салт-дәстүрлерін, тарихын білумен қатар, сол елде тұратын басқа ұлттарға құрметпен қарумен, олардың да тарихын, ұлттық бейне-болмыс білумен тікелей байланысты. Көпұлтты мемлекетте ұлттар достығы, ұлтаралық келісімнің орын алуы мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың бойында барлық ұлттардың теңдігі туралы түсінік қалыптастыруды қажет етеді. Ондай түсінік патриоттық тәрбие ауқымында қалыптасады. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру – оқушылардың бойында жоғары патриоттық сана, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде болашақта өзінің азаматтық парызы және конституциялық міндетін, яғни олардың Отан мүддесін қорғауға дайын болуын қалыптасыруға бағытталған жүйелі, мақсатты іс-әрекет. Ең бастысы, жастар мектеп қабырғасында жүріп өз бойларында өзіне деген сенімді, өзінің білетініне, қолынан келетініне деген сенімді, өзіндік ар-намыстарын қалыптастырады. Сонымен қатар, оларға өмірдің мәнін айқындауда көмек көрсету, заңды, ұжымдық өмір нормаларын құрметтеуге тәрбиелеу, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігін дамыту да мектепте жүзеге асады. Адам бойындағы мұндай қасиеттер, сапалар өз Отанының әл-ауқаты мен оның іргесінің берік болуына, қорғаныс қабілетін арттыруға қамқорлық танытудан көрінеді. Сондықтан мұндай қасиеттер, сапалар болашақ Отан қорғаушысына ғана емес, жалпы кез келген адам үшін қажетті болып табылады.

Бүгінгі таңда әлемде, өз қоғамымызда болып жатқан өзгерістер мемлекет аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестерге қарсы ұйымшылдықпен күрес, халықтың бейбіт өміріне қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың маңызды екенін көрсетіп отыр. Бұл жастарды ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеудің де маңызын арттыруда. Өйткені патриотизм дегеніміз тек қана Отанға деген сүйіспеншілік емес, ол жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланысты екенін сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз-жеке адамды күшейту екенін мойындау, яғни патриотизм мемлекет деген ұғымның жеке адаммен, оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен байланысты болуын білдіреді.

Қазіргі уақытта оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Осыған байланысты мектеп ұжымының басты міндеті – орта мектепті бітіретін оқушының өмірге белсене араласуына, ғылымның шапшаң дамуына ілесіп, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеруіне, өмірде өз орындарын табуына жағдай жасау. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. [4.65]. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат болатын жеке тұлғаның өзіндік көз қарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/
- 2 https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/35450/
- 3 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Алматы ақшамы. – №151-152 (4713). -2012. -15 желтоқсан., 90
- 4 Педагогика. Оқулық. 3-басылым. Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р., -188

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Имаш А.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғары білім беру жүйесіне адамгершіліктің маңыздылығы мен тәсілдері қарастырылады. Мақалада студенттердің адамгершілігін қалыптастырудағы рөліне байланысты негізгі аспектілер талқыланады. Адамгершілікті оқытудың әртүрлі әдістерін ұсынады, соның ішінде этика, пікірталастар, практикалық жаттығулар. Жоғары білім берудегі адамгершілікті оқытудың маңыздылығын және оның болашақ мамандар мен адамгершілік принциптері бар көшбасшыларды қалыптастыруға қосқан үлесін атап көрсетеді.

Түйінді сөздер: жоғары білім беру жүйесі, рухани-адамгершілік тәрбие, білім беру, білім беру процесі, тәрбие қызметі.

Адамгершілік тәрбиесі жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Ол адам бойындағы моральдық құндылықтарды, этикалық және мінез-құлық нормаларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Адамгершілік тәрбие мәселелері көптеген педагог ғалымдардың (Я.А.Коменский, И.Г.Герbart, А.Н.Кочетов, А.С.Макаренко т.б.) еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Өз зерттеулерінде ғалым-зерттеушілер адамгершілік тәрбие берудің мақсаттарын, қағидаларын жүзеге асырудың жолдарын жан-жақты анықтап негіздеуге талпынған А.Я.Коменский балалар мен жастар мінезінде өзін-өзі билеу, кішіпейілділік, сыпайлық, ізгілік, жауапкершілік сапаларды тәрбиелеуді талап етті. Ол мектеп тәртібі жөнінде терең мәнді пікірлер айтқан. А.Я.Коменский балалар мен жастар мінезінде өзін-өзі билеу, кішіпейілділік, сыпайлық, ізгілік сапаларды тәрбиелеуді талап етті. Ол мектеп тәртібі жөнінде жан-жақты жаңа пікірлер айтты. Оның еңбегінің маңыздылығы сонда, ол – орта ғасырлық мектептің жазалау тәртібіне қарсы болды, сонымен бірге, мұғалім оқушыларының тиісті мектеп тәртібін талап ете білуі керек деген тұжырым айтты. Ал, И.Г.Герbartтың дәлелдеуінше адамгершілік тәрбиесінің басты мақсаты-мінез-құлықты, ізгілікті, жауапкершілікті қалыптастыру. Бұл тәрбие Герbartтың пікірінше негізінен оқу арқылы жүргізіледі. И.Г.Герbartтың дәлелдеуінше адамгершілік тәрбиесінің мақсаты – мінез-құлықты қалыптастыру. Бұл тәрбие, баланың әр саналы қызығушылықтар мен адамгершілік елестетулеріне негізделіп оқу арқылы жүргізіледі. И.Г.Песталоцци еңбек адамгершілікке үйретеді, балалардың бірімен-бірін өзара және олардың ересектермен дұрыс қарым-қатынаста болуын қалыптастырады деп санады. Кеңес педагогы А.С.Макаренко болса, адамгершілік тәрбиесін ұжым арқылы қалыптастыруға аса көңіл бөлген ғалым, педагог. Абай, Шәкәрім өз еңбектерінде тұлға бойында, рақымшылық, қанағат, төзімділік, жауапкершілік секілді қасиеттердің қалыптасуына көп көңіл бөлген. Бұл тұлғаның адамгершілігінің белгісі ретінде қарастырған. Сол секілді қазақ ағартушылары Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов балаға адамгершілік тәрбие беруді оқу-тәрбие ісінде пайдалануға айрықша көңіл бөлу қажеттілігін барынша дәлелдеуге талпынды.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту, педагогикалық кадрларды даярлау және ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру сынды негізгі бағыттардың жолға қойылуы – қоғамның негізгі даму басымдықтарын айқындайтын білім беру саясатының үлкен жетістігі. Яғни, еліміздің туын асқақтатар білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – біздің алдымыздағы ең басты міндет. Ал ұрпақ тәрбиесінде рухани-

адамгершілік тәрбиесінің маңызы қай қоғамда, қай кезеңде болмасын күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Бірінші ұстаз Аристотельдің «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» — деген сөзі жасалған қадамдарымыздың дұрыстығын дәлелдей түседі.

Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырылады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.

Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу-бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Жас ұрпақтың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:

-тәрбие үдерісі жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса
-жас ұрпақ рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;

-жас ұрпақтың бойында әлеуметтік мәні бар рухани-адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.

Демек, рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе жас ұрпақты тәрбиелеу. Сондықтан, әрбір жас ұрпақ өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс деп ойлаймын.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата-бабаларымыз баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер», «Жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейрімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік қасиеттерін бойына сіңіре білсек, осы қасиеттің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік-адамның рухани арқауы.

Бүгінгі жоғары білім беру жүйесі зияткерлік және адамгершілік әлеуетті сақтау мен дамыту талаптарын толық көлемде қанағаттандырмайды. Ол әлі күнге дейін жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі дамытуына аз бағытталған. Өркениетті қоғамдағы нарықтық экономика әр адамнан таңдаудың кең мүмкіндіктері бар субъект ретінде әрекет етуді талап етеді. Осыдан келе, білім беру жүйесі, бір жағынан, қоғамның өзгермелі талаптарын қанағаттандыруы керек, екінші жағынан, оның қажеттіліктерін, қабілеттерін, мүдделерін, құндылық бағдарларын ескере отырып, тұлғаның дамуын қамтамасыз етуі керек. ЖОО жағдайында студенттік - жас тұлғаның мәдени-адамгершілік құрылымдарының белсенді даму кезеңі болып табылатынын ескерген жөн [1].

Университеттің тәрбиелеу жүйесі - бұл болашақ маман студенттің мәдени-адамгершілік дамуын ынталандыратын формалар, құралдар, әдістер мен принциптер кешені. Осыған байланысты, білім берудің негізгі мақсаты студенттердің жалпы және кәсіби мәдениетін қалыптастыру, олардың өркениет тарихын түсінуі, рухани қажеттіліктерін арттыру, қарым-қатынастың этикалық нормаларымен танысу, сонымен қатар мәдениет, өзін-өзі дамыту және адамгершілік сана жүйесіндегі орнын түсіну болып табылады [2].

Оқу процесінде ЖОО жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі тәрбиелеуіне, оның әлеуметтік рөлдер жүйесін игеруге қабілеті мен дайындығына белсенді түрде жәрдемдесуі керек. ЖОО-дағы білім беру процесі адамның мәдени-адамгершілік, рухани құндылықтарын қалыптастыру үшін жағдай жасауға бағытталуы тиіс. Осы жағдайлардың барлығы студенттер арасында мәдени-адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыру

бағдарламаларын әзірлеуді қажет етеді. Студенттердің мәдени-адамгершілік тәрбиесі оқу орнының тәрбие бағдарламасының басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта студенттердің жеке басының қалыптасуы пандемия, экономикалық дағдарыс және саяси реформалар жағдайында жүріп жатыр, осыған байланысты жаңа буынның әлеуметтік және мәдени өмірі, білім беру мекемелерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, жастардың қоғамдық бірлестіктерінің, діни ұйымдардың жұмыс тәртібі айтарлықтай өзгерді.

Мақсаты: студенттердің жоғары рухани және адамгершілік құндылықтарын дамыту, зайырлы және педагогикалық мәдениеттің теориясы мен тәжірибесінің интеграцияланған байланысы жағдайында болашақ маманның рухани-адамгершілік қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру процесін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- жанжалдарды сындарлы шешу дағдыларын үйрету; білім алушылардың жоғары рухани идеалы бейнесін оның құндылықтары мен оған ерудің қажеттілігін саналы түрде сезіну деңгейінде қалыптастыру; рухани құндылықтардың материалдық құндылықтардан басымдығын қалыптастыру;

- өскелең ұрпақтың рухани және адамгершілік мәдениетін арттыру;
- әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу;
- қоғам, мемлекет, отбасы алдындағы жауапкершілікке тәрбиелеу;
- болашақ кәсіби қызметтің негізгі қасиеті ретінде мейірімділікке тәрбиелеу;
- адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- қоғамдағы және отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін, сананың ашықтығын тәрбиелеу;

- білім алушылардың өзін-өзі танытуы үшін жағдай жасау;
- салауатты өмір салты мәдениетін арттыру;
- патриоттық сезімге, ар-намыс туралы ұғымға, Отанға деген сүйіспеншілікке, Отан қорғаушыларды құрметтеуге тәрбиелеу;

- студенттердің физикалық, психикалық және адамгершілік денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау;

- жыныстық тәрбие деңгейін, неке мен отбасы құндылықтарын арттыру;
- ЖОО студенттерінің рухани-адамгершілік саулығын сақтау және нығайту үшін психологиялық орта құру;

Тұлғаның рухани-адамгершілік саласын қалыптастыру және дамыту процесін зерттеу саласындағы қазіргі педагогикалық мәдениет теориясын талдау үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінде оқушының руханияты мен адамгершілігін тәрбиелеу мен дамытудың тиісті мақсаттары, міндеттері мен технологиялары жоқ екенін көрсетеді. ЖОО-да студентті даярлаудың нақты тәжірибесінде, оның рухани қалыптасуы мен дамуы оқытушылардың назарынан тыс қалады.

Білім негізінен ақыл-ойды қалыптастыруға бағытталады, ал адамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру міндеті назардан тыс қалып жатады. Тұлғаны зерттеудегі материалистік көзқарастың басым болуы және оның барлық құрылымдық компоненттерін белгілі диагностикалық әдістерді қолдана отырып өлшеу әрекеті болашақ студенттердің адам антропологиясы саласындағы дүниетанымдық идеяларын жоққа шығарады, осылайша, олар студенттердің өзін-өзі тануға және рухани әлемін дамытуға деген ұмтылысын өзекті етпейтіні былай тұрсын, оны тіпті тежейтін болады.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін мынадай тәсілдерді пайдалану ұсынылады: Мәдениеттанымдық тәсіл – білім беру жүйесінің қағидаты ретінде білім мазмұны компонентінің мәнін, оның адам өмірінің, қоғам табиғатының өмірлік маңызды мәселелерін шешуге әртүрлі дүниетанымдық көзқарастарға қатысты тұйықталмауын анықтайды. Бұл тәсілдің қағидаты білім алушылардың отандық мәдениеттегі адам өмірінің салыстырмалы түрде жоғары мағынасын құрайтын

құндылықтарын қалыптастыруды өзекті етеді. Яғни, «тұлғаның ішкі тәртібі» жүйесін құрайтын рухани құндылықтар.

Жоғары рухани құндылықтарға мыналар жатады:

- адами тұлғаның өзіндік құндылығы;
- жоғары рухани идеалдың болуы (жаратушы идеалы);
- отанға және елге қызмет етуге өмірлік бағыт;
- басқа адамдармен барлық жағынан мейірімділік пен ізгілік қағидаларын ұстану;
- өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу.

Адамгершілік құндылықтары:

- борыштылық сезімі; өз позициясын, іс-әрекетін айқындаудағы дербестік және олар үшін жауапкершілік;

- болашақ мамандыққа сапалы дайындалуға жауапты көзқарас;
- адамдармен қарым-қатынаста шынайылық;
- ар-ождан сезімі; өзіне деген талапшылдық.

Педагогикалық категория ретінде тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы - бұл адамның әлемдегі адам өмірінің жоғары рухани және адамгершілік құндылықтарын игеруін қамтитын даму мен өзін-өзі дамытудың жүйелі және интеграциялық процесі; олардың рухани идеалын анықтау және руханиадамгершілік өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты өз бетінше жүзеге асырудың мақсатты процесі

Жүйенің ішіндегі сабақтастық принципі болашақ мамандарды мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес және қосымша білім беру жүйесі жағдайында оқу және кәсіби қызметтің алуан түрлері мен формаларында бірінші курстан бастап аяқтауға дейінгі бірлік пен тұтастықта болудың жоғары рухани және адамгершілік құндылықтарымен таныстыруды қамтиды. Бұдан басқа, осы қағидат олар қандай азалық педагогикалық жүйені (ЖОО, мектеп, эксперименттік алаңдар және басқалар) білдіретініне қарамастан, жүзеге асырылатын қызметтің барлық субъектілерінің өзара іс-қимылындағы үйлесімді ауысулардың шарттарын айқындайды.

Жоғарыда айтылғандай, болашақ студенттің рухани-адамгершілік тәрбиесі мен жеке басының даму процесін ұйымдастыруда, ол үшін жоғары рухани және адамгершілік құндылықтар белгілі бір сатыда шоғырланған рухани идеал бейнесінің болуы әуелгіден маңызды және қажет. Құндылық бағдарлары моральдық қағидалардың мазмұнды мәнін білдіреді және жеке тұлғаның іс-әрекетінің мақсатты бағытын анықтайды.

Рухани міндет - адамның құндылығында мәңгі құнды және өзгермейтін нәрсені дамыту. Практикалық міндет - студенттің кәсіби қызметінде құндылықты мәні бар нәрсені игеру. Тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуына стратегиялық бағытталған жоғары мектептің көп нұсқалы білім беру кеңістігі білім беру процесінің жұмыс істеуінің классикалық заңдылықтарына, тұлғаның дамуы мен қалыптасу заңдылықтарына негізделеді, осылайша студенттердің оқу-танымдық, ғылымизерттеу, практикалық кәсіби іс-әрекетінің түрлері мен формаларының кең спектрінен, сондай-ақ олардың оқу-тәрбиелік іс-әрекеттерінен тұрады. Білім беру мен тәрбиелеудің әрбір формасы студенттердің өздерінің рухани қажеттіліктері мен өз халқының рухани мұрасы саласында ғылыми ізденіс, отандық мәдениеттің дамуына қызмет ету мақсатында жаңаны құру қабілеттеріне сәйкес субъективті шығармашылық қызметтің белгілі бір түрін таңдау еркіндігін көздейтін танымдық ісәрекеттің алуан түрлерін қамтуы мүмкін және қамтуы керек.

Болашақ студент тұлғасының рухани-адамгершілік қалыптасуына бағытталған білім беру процесінің тиімділігіне осы процестің «технологияның заңдылығына» және студенттердің рухани-адамгершілік саласын дамыту мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасау, ынталандыру және құру бойынша мұғалімдердің мақсатты ісәрекетіне жағдай жасалғанда қол жеткізуге болады. Сонымен бірге, егер тұлғаның мәдени және кәсіби дамуы мен өзін-өзі дамытуы құндылықтар сатысына қатысты нақтыланса, онда рухани жағы материалдықтан басым болып, айналадағы өмірді жақсарту және жігерлендіру үшін өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеудегі қозғалыс бағытын таңдау еркіндігі жоғары болады.

Соңғы уақытта жастар арасында бірнеше тенденция байқалады: жаһандану процестерінің әсері, мемлекеттің институционалдық дағдарысы, жеке тұлғаның басым болуы, адам құқықтарын дамыту, нарықтық қатынастарға көшу, либерализмнің дамуы мен беделі, жаппай ақпараттандыру, интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы.

Нәтижесінде «парыз», «ар-намыс», «руханият» сияқты ұғымдар қазіргі ұрпақ үшін бұлдыр бола бастады, бұл студенттердің рухани-адамгершілік және моральдық-психологиялық жағдайына теріс үлес қосады.

Бұл мәселенің себептері:

- ең алдымен, жалпы білім беретін мектептерде, содан кейін ЖОО-да білім алушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, азаматтық және этикалық тәрбиесі жөніндегі жұмыстардың айтарлықтай әлсіреуі;

- қоғамның әлеуметтік жіктелуі, жұмыссыздық, қалыптасқан адамгершілік-этикалық нормалар мен отбасылық өмір салты дәстүрлерінің бұзылуы салдарынан қазақстандық отбасылардың өміріне үдемелі түрде іріткі салу, бұл отбасының тәрбиелік функциясының әлсіреуіне, оның ішінде ата-аналардың басым бөлігінің жас азаматтарды рухани-адамгершілік тәрбиелеуден өздігінен шеттеп кетуіне әкеп соқты;

- мәдени орталықтар, театрлар, музейлер, спорт ғимараттарының қолжетімділігі төмен. Бұл, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жіктелуі және жалпы бос уақытты коммерцияландырумен байланысты және көбінесе халықтың жоғары жалақы алатын бөлігінің мүдделеріне қызмет көрсетуге бағытталған;

- патриотизм, рухани-адамгершілік және азаматтық тәрбие идеялары идеологиялық қатынастардың жаңа жүйесінде лайықты орнын тапқан жоқ. Бұл мәселелерді, ең алдымен, студенттердің рухани-адамгершілік, патриоттық, азаматтық және этикалық тәрбиесімен байланысты ішінара шешу жоғары оқу орнын басқарудың әкімшілік аппаратының көмегімен мүмкін болады.

- баспасөз, теледидар, радиобайланыс, Интернет арқылы таратылатын ақпарат пен материалдардың оңай қолжетімді болуына байланысты, жастарға бос сенделіс, зорлық-зомбылық, қылмыс, жезөкшелік, нашақорлық сияқты жат қылықтарды насихаттайтын төмен сапалы ақпарат ағыны түседі;

Білім беру мен рухани-адамгершілік тәрбиеге жауапты адамдарда дағдарысты қалпына келтірудің тиімді стратегияларын бағалау, білім беру технологиялары мен қаржыландыруы, педагогика және ата-аналардың білім беру процесіне қатысуы сияқты салаларда ұзақ мерзімді жетілдірудің негізі ретінде пайдалану міндеті тұр.

Бұл жағдайдан шығудың жолы рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеуге көмектесетін жаңа ақпараттық технологиялар мен ақпараттандыруды қолдану арқылы көрінеді. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ЖОО-дағы сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар алған білімдерін кеңейтіп және бекітіп қана қоймайды, сондай-ақ білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін айтарлықтай дәрежеде арттырады. Жастардың қиялы мен өзін дәлелдеуге деген ықыласы жоғары болғандықтан, оларға өз ойларын, соның ішінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып, мүмкіндігінше жиі айтуға үйрету керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рихновец А.А. Культурно-нравственное воспитание студентов ВУЗа / Психология, социология и педагогика. 2014. №

2 [Электрондық ресурс]. URL: <http://psychology.snauka.ru/2014/02/2805> (қаралған күні: 11.02.2021)

3. Еленский В. Религиозное обучение и воспитание в законодательствах и образовательных системах западноевропейских стран // Человек и мир. № 11-12 2001. 32-36 б. 10. Можайский В. Психология ценностного опыта. М., 1998.

4. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. Т. 1. – М, 1953

5. Данилюк А.Я. Концепция духовно- нравственного развития и воспитания граждан /А.Я.Данилюк, А.М. Кондаков, В.А. Тишков,- 2009. – 24 б.

УДК 373.2

РОЛЬ ПАТРИОТИЧЕСКОГО И ДУХОВНОГО ВОСПИТАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ГРАЖДАНСКОЙ И НРАВСТВЕННОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ МОЛОДЕЖИ: МЕТОДЫ И ВЫЗОВЫ

Кушбаева А.А.

Научный руководитель: Кокшеева З.Т.

*Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Казахстан, Актау*

Аннотация. Молодежь играет ключевую роль в формировании будущего общества, и её гражданская и нравственная идентичность имеет важное значение для устойчивого развития общества. Патриотическое и духовное воспитание являются важными компонентами формирования этой идентичности. В данной статье мы анализируем роль, методы и вызовы, связанные с патриотическим и духовным воспитанием молодежи, с учетом современных социокультурных и технологических изменений.

Ключевые слова: молодежь, патриотизм, патриотическое и духовное воспитание.

Введение. Современная молодежь сталкивается с множеством вызовов, включая глобализацию, технологические изменения и культурное разнообразие. В этом контексте, патриотическое и духовное воспитание становятся неотъемлемой частью образования молодежи, направленной на формирование гражданской и нравственной идентичности.

Роль патриотического воспитания

Сохранение культурного наследия

Патриотическое воспитание играет важную роль в сохранении культурного наследия нации. Оно помогает молодежи лучше понимать и ценить свою историю, традиции и культурные ценности. Знание и уважение к собственной культуре и истории способствуют формированию гражданской идентичности.

Гражданская ответственность и активизм

Патриотическое воспитание способствует развитию гражданской ответственности у молодых людей. Оно вдохновляет их участвовать в общественной жизни и принимать активное участие в принятии решений, касающихся будущего своей страны. Гражданская активность молодежи является фундаментом для развития демократического общества.

Формирование моральных ценностей

Патриотическое воспитание способствует развитию моральных ценностей у молодежи. Оно учит честности, справедливости и уважению к другим. Молодые люди, воспитанные в духе патриотизма, склонны к бережливости и этически правильным решениям, что важно для здорового общества.

Роль духовного воспитания

Развитие внутренней гармонии

Духовное воспитание играет важную роль в развитии внутренней гармонии у молодежи. Оно помогает им находить в себе внутренний мир и психологическую стабильность. Это особенно важно в современном мире, где стресс и нервное напряжение часто встречаются в повседневной жизни.

Поиск смысла жизни

Духовное воспитание помогает молодежи находить смысл в своей жизни. Оно способствует лучшему пониманию целей и задач, а также помогает определить

собственные ценности и убеждения. Этот процесс помогает молодым людям принимать более информированные и осознанные решения.

Развитие этических навыков

Духовное воспитание способствует развитию этических навыков у молодежи. Оно помогает им понимать, что такое мораль и этика, и как принимать моральные решения в сложных ситуациях. Эти навыки необходимы для создания справедливого и устойчивого общества.

Методы воспитания

Образовательные программы

Образовательные программы на всех уровнях образования могут включать элементы патриотического и духовного воспитания. Учебные материалы, учебные планы и учителя могут содействовать формированию гражданской и нравственной идентичности учащихся.

Семейное воспитание

Семья играет ключевую роль в передаче ценностей молодежи. Родители могут учить детей патриотизму и духовным ценностям через общение, образцы поведения и обсуждение важных тем.

Общественные мероприятия и молодежные организации

Молодежные организации и мероприятия могут служить площадками для формирования гражданской и нравственной идентичности молодежи. Здесь они могут обсуждать вопросы, связанные с патриотизмом и духовностью, и взаимодействовать с единомышленниками.

Использование средств массовой информации

СМИ имеют большое влияние на формирование идентичности молодежи. Публикация материалов, способствующих лучшему пониманию и принятию национальных и духовных ценностей, может быть полезным методом.

Вызовы и перспективы

Цифровая эра и социальные сети

Современная молодежь подвергается воздействию информационных источников через интернет и социальные сети. Это предоставляет огромные возможности для распространения знаний и ценностей, но также требует развития критического мышления и способности фильтровать информацию.

Многообразие культур и вероисповеданий

В многонациональных обществах необходим баланс между уважением к разнообразию культур и религий и укреплением общих гражданских и нравственных ценностей.

Заключение

Патриотическое и духовное воспитание играют важную роль в формировании гражданской и нравственной идентичности молодежи. Эти аспекты воспитания помогают молодым людям лучше понимать себя, свою культуру и мир вокруг. Они создают основу для активной и ответственной гражданской позиции и способствуют формированию моральных ценностей. Развитие молодежи в ответственных и нравственных гражданах способствует устойчивому и гармоничному обществу.

ХАЛЫҚ БАТЫРЫ ЕСЕКМЕРГЕН ЕСЕНҒҰЛҰЛЫ

Кызылгулова У.М.

*Мұнайлы ауданы «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі
Тарих пәні мұғалімі, Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада халық батыры Есекмерген Есенғұлұлы туралы жан – жақты баяндалады. Оның өмір сүрген кезеңі, батырлық болмысы, сіңірген еңбегі жазылған. Батырдың бойындағы қасиеттер дәріптеліп, өскелең ұрпаққа таныстырудың маңыздылығы айтылады. Тарихи деректер, жыр – толғаулардан үзінділер көрсетіліп, батырдың болмысын ашу, жеке қасиеттеріне тоқталу барысы да ұмыт қалмаған. Оған қоса, өскелең ұрпаққа Есекмерген атын таныстырудың маңыздылығы көрсетілген.

Түйінді сөздер: Есекмерген, батыр, ерлік, аңыз, тарих, қазақ, Маңғыстау.

Еліміз Егемендікке қол жеткізгенге дейін қаншама қиын – қыстау кезеңді бастан өткеріп, ат тұяғы дамыл көрмей, қас батырлар қорамсақтан қол алмай ұлан – ғайыр даламыздың әр жерін сақтап қалуға ат салысты. Батырлар жайында бірсыпыра әңгіме аңыз болып ауыздан – ауызға тарап, күні бүгінге дейін жетті. Тарихтың тылсым сыры тереңіне сүңгіген сайын өзінің мол сырын жайып, Тәуелсіздікке қол жеткізген тұстан бастап, өткенге одан әрі үңіліп, тамаша ақпараттарға қол жеткізіп келе жатқан жайымыз бар.

Батыр бабаларымыздың ерен ерлігі, бойларына біткен өрлігі мен тектілігі әлі де зерттеуді қажет ететіні жасырын емес. Әсіресе, әр тұлғаға жекелей тоқталып, оны өскелең ұрпақ бойына сіңіру аса үлкен қажеттілік.

Өзінің өзгелерге ұқсамайтын ерекше болмысы, өжет рухы мен мол табандылығымен тарихта аты қалған батырлардың бірі – Есекмерген Есенғұлұлы.

Адайлардың Маңғыстауға келу тарихын қарастырғанда, айналып өте алмайтын тұлғалардың ішіндегі бірегейі – Есек батыр. Есімі құлаққа тосын естілетін осы батырдың шырылдап түскендегі қойылған аты басқаша болған шығар. Мәселен, Есекберген, Есқали, Есімқұл т.б. «ес» - тен басталатын толып жатқан есімдер, ал «Есек» деген лақап оның пешенесіне өсе келе бұйырды ма? – әйтеуір тарихи тағдыр ұрпақтарына ғажайып болмысты батырдың атын осы күйінде жеткізді.[1, 191 б.]

«Есек» сөзінің дұрыс, бастапқы түпнұсқасы ретінде үш түрлі болжам айтуға болады: біріншісі – моңғол, оның ішіндегі қалмақ тілдеріндегі «эсеге» - «жас үлкен, ата, әке» деген мағыналы сөздің қазақша бұрмаланған варианты болуы мүмкін. Қазақтардың қалмақтармен ұзақ уақыт бойына қарым – қатынаста болғанын ескерсек, осындай сөздің қазақ тілінде де енуін әбден мүмкін дей аламыз.

Екіншісі – есімнің ертеректе қазақ арасында қолданылған башқұртты «естек» түрінде атауымен байланысты болуы мүмкіндігі. Естектер 18 ғасырда қазақтармен, оның ішінде алшындармен іргелес тұрғанын білеміз, екі халық арасында табысу да, жауласу да болып тұрған. Ал осындай қатынастардың екі араны қалмақ бөлген 17 ғасырда да, оның алдындағы 16 ғасырда да болғанын жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан қазақтың ат қою дәстүріндегі «Орыс», «Өзбек», «Түрікпенбай» сияқты үлгідегі «Естек», «Естекбай» деген есімдердің болмағанына кім кепіл бола алады? Міне, Есек батырдың есімінің қойылуы немесе оған кейінірек осындай лақап ат берілуі оның сыртқы пішініне, шығу тегінің, мәселен, шеше жағынан башқұртқа қатыстылығына, басқа да себептерге байланысты шығар.

Үшіншісі – Есек батырдың азан шақырып қойылған есімінің «Естерек» болуы мүмкіндігі. Бала кезінде, не ересек шағында «Естеректің» «Есек» лақап атын иемденуі де ғажайып емес.

Адайлардың Маңғыстаудағы барлауы осы Есек батырмен байланыстырылады. Бірақ оның есімінен тарихи оқиғалардан гөрі, аңыздық – мифтік қисын көбірек табуға болатын сияқты. Әуелі тарихи жағына көңіл бөлейік.

Соңғы жылдары Есек батыр туралы бірнеше дербес мақала жарық көрді, көптеген мақалаларда оның есімі аталып тұрды.

Шежіре есептеушілер Есек батырды 1692 жылы дүниеге келіп, 1766 жылы өмірден өткен дейді. Бұл сандарға дегенмен нақтылық жоқ екендігін де ұмытпағамыз жөн. Тарихи деректердің толық сақталмауына байланысты батырдың нақты туған және қайтқан кезі туралы дөп басып жарияланған жазбалар жоқтың қасы.

Ал, Есек батырдың 18 ғасырда өмір сүргенін айғақтайтын бірнеше деректер ғана бізге мәлім.

Бірінші дерекке зер салсақ, Қайдақ – Қара кешу сорының Маната жақтан Бозашыға қарай бағытталған бетіндегі «Бөгембай» деген жерге байланысты топонимикалық аңыз. Бұл аңыз бойынша, Бөгембай – Есек батырдың баласы делінеді, ол өзімен тетелес Атағозының баласы Әбілмен бірге, түрікпеннің теңіз жылқысынан құлын ұрламақ болып жүріп қаза болады. Аңыз оларды бала жаста еді деп көрсетеді. Олардың қаза болуы, адайлардың екі бала үшін Тигенге дейінгі түрікпен ауылдарын шабуы дегеніне қарағанда, оқиға адайлардың Маңғыстаудың ойына түсер қарсаңында болса керек. Яғни, «бала Бөгембайдың» туған жылдары шамамен 1740 – 50 жылдар болып шығады. Сонда осы бала Есек батырдың 60 – қа жетіп қалған, не асып кеткен шағында дүниеге келген бе деген сауал еріксіз туындайды. Әрине, аңызға сүйенер болсақ, алпыстағы адамның да сәби сүйіп, бақытты да баянды ғұмыр кешіп жатқандығын жасыра алмаймыз, дегенмен шындыққа тура қарайтын болсақ, осы тұста батырдың нақты туған жылына күмән туындағанымен, оның 18 ғасырда өмір сүргендігін оқиғалар арқылы болжай аламыз.

Екінші тарихи дерекке мән беретін болсақ, Есек батырдың қызы туралы мәліметке кез боламыз. Осындай дерек мақалада оқырмандар назарына ұсынылып былай деп көрсетіледі: «жаңай Қожаназар бай өзінің Таған деген ұлына Есенқұлұлы Есектің қызын айттырып, алып берген еді». [2]. Әрине, бұл деректерге көз жүгіртіп өтер болсақ, жылдардың жаңғырығы бойынша Есек батырдың жасы жетпісті алқымдап қалғандығын аңғарамыз. Сол себепті батырдың туған жылы бізге мәлім деректен тым әрі де болуы мүмкін.

Есек батыр есімі Маңғыстау ақындарының шығармаларында «батырлар тізімінің» басында аталады. Мәселен Сәттіғұл Жанғабылұлы өзінің өлең – толғауларында:

«Сол күнде болған батырлар
Атағозы, Есек пен
Сүйінғара, Келдібек,
Тәңірберген, Бердібек,
Мыңбай, Төкеш, Құлыбек,
Балуанияз, Қармыс, ер Төлеп,
Шотан, Шабай, ер Қонай,
Солардың жалғас ер соңы...»[3]

Бұл шумақ – «Досан батыр» дастанының кіріспе бөліміндегі қазақ жауынгерлік – жыраулық дәстүріне тән өтіп кеткен батырлар шоғырын таныстыру әдісі. Есек батыр есімінің алғашқы қатарлардан көрінуінің өзі нар тұлғалы азаматтың өмір сүрген ортасында салмақты үлесі бар екендігін айқын дәлелдейді. Есек батырдың ерең ерлігі жырда жан – жақты дәріптеліп, есімі бірнеше қайтара қайталаанады. Оның кесек тұлғалы келбеті, өзгелерге ұқсамайтын ерлігі, батырлық болмысы басқалардан биік екендігін байқатып, күшінің мығым екендігін аңғартады.

Оның Тәуке хан тұсында зор беделге ие екендігін, мемлекеттік маңызды мәселелердің басы – қасынан табылып, білімді саясаткер, білікті жорық басшысы болғандығын тарихи деректер арқылы айқын аңғарамыз. Мәселен: 1694 жылы Томскіден

Тәуке ханға елші болып келген Федор Скибин маусымның екінші жұлдызында Есекмергеннің 300 аттылы жасақпен Түркістаннан шығып, жортуылға аттанғанынан хабар береді.[4, 272 б.].

Оның жол көрсетушісі Тобыл губерниясының Вагай ауылының Чекек деген адамы екені айтылады. Шамасы ол орыс шекарасына жорыққа аттанған. «Әлгі жоғарыда атаған Есекмерген мен барда Түркістанға қайтып оралған жоқ, қайда кеткендерін мен білмеймін», – деп жазады елші Скибин осы шағын дерек Қосай ұрпағының қазақ хандығына қайтып оралғанынан, Есекмергеннің Тәуке ханның астыртын жеке тапсырмаларын орындайтын қолбасыларының бірі болғанынан хабар береді. [5, 273 б.]

Есекмерген аты аталғанда оның қайтпас қайсарлығы мен батырға тән өр мінезін қалмақтың Домбауыл атты кіл мықты, дәу батырмен айқасынан да аңғарамыз. «Бір күні Есек батыр демалып отырып, қалғып кеткен екен, оянса аты жоқ. Іздеп келе жатса, аты бір бұлақтан су ішіп, жусап тұр екен. Атына мініп келе жатса, Жемнің қалмақ бетінен бір қара көрінеді. Қозғалады, бірақ ұзап кетпейді. Келіп қараса, ат арқандаулы, жайылып жүр екен. Жерде ер – тұрман мен қару – жарақ жатыр. Бір дәу қара ұйықтап жатыр. Батыр оны түртіп оятып, есімін сұраса, «атым Домбауыл» деп айтады. Екеуі ұзақ айқасып, ақыры Есек оны өлтіріпті». Бір – бірін бұрыннан естіп, біліп, тіс қайрап жүрген, сырттай таныс қос батыр, өз елінің намысын жықпау мақсатында жекпе – жекке шығуы, дәудің өлімі үлкен ұрысқа ұласып, Есекмерген бұл шайқаста да дес бермей, жауды тым – тырақай қашырып, ел тыныштығын сақтап қалғандығын тарихтын тылсым сыры бізге шертеді.

Есекмерген туралы ел ішінде көптеген ертегі – аңыздар да өрбіген. Оның батырлық болмысы біртұтас халықтың бірегей үлгісіне айналып, өскелең ұрпақтың бойына ерлік кейіпін танытуға тамаша қолданылады. Есекмергеннің ерекше болмысы ешкімді де бей – жай қалдырмайды. Өз заманында озық туған, аты аңызға айналған, халық батырына айналған – Есекмерген әлі де дәріптеліп, келер ұрпаққа аманатталуы қажет.

Біз тарихтың қойнауына еніп, оның мол жауһарын жас жеткіншектердің бойына терең сіңіріп, бабалардың ерлігі мен өрлігін жан – жақты дәріптеуіміз қажет. Осылайша, Есек батырға ұқсағысы келетін ұлт ұландарының саны артып, Отансүйгіш тұлғалар қатары көбейері анық.

Біз батыр бабаларымыздың еліміз үшін сіңірген әр еңбегіне құрметпен қарап, мақтан тұтуға тиіспіз. Ерлер аты ешқашан өшпейді, батырлардың болмысы мәңгі жадымызда сақтала бермек!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау-нама [Мәтін] : зерттеу / С. Ә. Қондыбай ; [басп. дайынд. Б. Қондыбай ; ғыл. ред. Ғ. Әнес]... – Алматы : Арыс, 2006.
2. Сүлейменов К.Қонай батыр және оның ұрпақтары// «Жаңа өмір» газеті. 1991 ж.21 желтоқсан
3. Жанғабылұлы С. Аманат. А.: Ер – Дәулет, 1996. 354 б.
4. XVI-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихы. Алматы, 2005 ж., 1418 б-том
5. Көнеліктер [Техт] : қазақ тарихының көмескі беттері / Сарай, Әнес ... – Алматы : Санат, 2008. - 448 б.

ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Аманқосова А.Қ., Жарылқасын А.Ш.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Интеллектуалды-танымдық ойындар баланың дамуында үлкен рөл атқарады. Мұғалімнің міндеті - интеллектуалды ойынды оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін интеллектуалды, мотивациялық, эмоционалды және басқа салаларды дамытатын тәрбие мен оқытудың тиімді құралына айналдыру.

Түйінді сөздер: дидактикалық ойын, танымдық ойын, белсенділік, қызығушылық, интеллект.

Баланың дамуы мен тәрбиесінде үлкен рөл ойынға жатады. Ойын-бұл балалар іс-әрекетінің маңызды түрі, оның рөлі баланың дамуы мен тәрбиесінде үлкен.

В. А. Сухомлинский «ойын - бұл баланың рухани әлеміне қоршаған әлем туралы идеялар мен түсініктердің өмір беретін ағыны енетін үлкен жарық терезе. Ойын - бұл ізденімпаздық пен қызығушылықтың жарқылын тудыратын ұшқын». Ойын үлкен тәрбиелік мәнге ие, өйткені бұл ойын тұлғааралық әсер етудің оңтайлы жағдайларын ұсынады. А. М. Леонтьев «бала тек ойында оған қол жетпейтін шындықтың кең шеңберін игереді. Көңіл көтеру және ойнау арқылы бала өзін табады және өзін жеке тұлға ретінде таниды. Балалар үшін ойын-олардың әлеуметтік шығармашылығының саласы, оның қоғамдық және шығармашылық көрінісі.

Мұғалімнің балалар психологиясы мен кәсіби шеберлігі туралы білімі болуы өте маңызды-сонда ғана ойын тәрбиелік мәнге ие болады.

Оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту мәселесі ежелден бері мұғалімдердің назарында болды. Педагогикалық шындық, егер оқушы танымдық белсенділік танытса, оқу процесі тиімдірек болатындығын күнделікті дәлелдейді.

Г. И. Щукина «танымдық белсенділікті» тұлғаның танымға деген ұмтылысын қамтитын жеке тұлғаның сапасы ретінде анықтайды, таным процесіне интеллектуалды реакцияны білдіреді.

Э.А. Красновский когнитивті белсенділікті «оқушының жеке басының барлық аспектілерінің көрінісі: бұл жаңаға деген қызығушылық, жетістікке ұмтылу, таным қуанышы, бұл біртіндеп күрделенуі оқу процесінің негізінде жатқан мәселелерді шешуге деген көзқарас» деп анықтайды.

Мектепте оқуда қызығушылық-білім алудағы балалар үшін ең маңызды ынталандыру. Қызығушылық болған кезде білім оңай үйренеді.

«Қызығушылық дегеніміз-бұл объектіні тануға немесе белгілі бір қызметті игеруге деген оң көзқараспен байланысты белгілі бір объектіге немесе шындық құбылысына белсенді танымдық назар аудару».

Білімге, тақырыпқа қызығушылықты қалай оятуға болады? Мұнда зияткерлік ойындар заңды орын алады.

Интеллект (лат. intellectus "қабылдау"; "түсіну"; "ұғым"; "ақыл") — танымдық қабілеттерді біріктіретін таным мен мәселелерді шешу қабілеті: сезім, қабылдау, есте сақтау, ұсыну, ойлау, қиял. Мұндай ойындар, ең алдымен, интеллектке, балалар психикасының ресурстарын белсендіруге, ақыл-ойдың барлық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

«Интеллектуалды ойын-шектеулі уақыт пен бәсекелестік жағдайында өнімді ойлауды қолдануды талап ететін тапсырмаларды жеке немесе (көбінесе) ұжымдық орындау.

Зияткерлік ойындар ойын және оқу іс - әрекетінің ерекшеліктерін біріктіреді-олар ұғымдарды тұжырымдауды, негізгі ойлау операцияларын (жіктеу, талдау, синтез және т.б.) орындауды талап ететін теориялық ойлауды дамытады».

Интеллектуалды ойын белсенділіктің негізгі көрсеткіштерін барынша толық қамтиды: қарқындылық, бастамашылдық, жігерлілік (іс-әрекеттің сипаттамасы); қызығушылық, адалдық (іс-әрекетке оң көзқарас); іс-әрекеттің хабардарлығы, Тәуелсіздік (мақсатқа жетудегі табандылық).

Баланың ақыл-ойы мен танымдық белсенділігін дамытатын бірнеше ойын топтары бар. Бірінші топ: тақырыптық ойындар. Мұндай ойындар мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына тән. Бұл ойындардағы танымдық процесс қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Қабылдау-элементтің субъективті бейнесін қалыптастыратын танымдық процесс. Бұл белгілі бір тақырыпқа немесе жағдайға тән қасиеттерді бөліп көрсету, олардың негізінде тұрақты бейнелерді (сенсорлық стандарттар) құру және осы суреттердің - стандарттардың қоршаған элементтерімен байланысы. Қабылдау ойлау мен практикалық іс-әрекеттің негізі, адамның қоршаған әлемде, қоғамда бағдарлануының негізі болып табылады. Заттар арқылы балалар айналасындағы әлемді біледі.

Екінші топ: шығармашылық ойындар, рөлдік ойындар. Бұл ойындарда сюжет бар. Мұндай ойындардың мысалы – саяхат ойындары. Бұл ойындар қиялды белсендіреді, ой-өрісін кеңейтеді, оны әртүрлі салалардағы біліммен толықтырады. Саяхат ойындары әртүрлі әрекеттерді біріктіруге мүмкіндік береді: танымдық, ойын, іздеу, еңбек, көркемдік, қарым - қатынас қызметі және т. б.

Ойындардың үшінші тобы - дайын ережелері бар ойындар. Олар әдетте дидактикалық деп аталады. Дидактикалық ойындар - бұл ойын, белсенді оқытудың бірқатар принциптерін жүзеге асыратын және ережелердің болуымен, ойын қызметінің тұрақты құрылымымен және бағалау жүйесімен ерекшеленетін оқу ойындары түрінде ұйымдастырылатын оқу сабақтарының түрі. Бұл ойындар көбінесе оқу іс-әрекетінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын құрал ретінде қолданылады. Дидактикалық ойындар болуы мүмкін: әдеби, лингвистикалық, математикалық, тарих, зоология, география, физика және басқа пәндер бойынша ойындар. Танымдық элементтерді қамтитын ойындар бар бірнеше оқу пәндері.

Ойындардың төртінші тобы – конструкторлық (дамытушы пәндер). Құрылыс материалдары бар ойындар балалардың қиялын, олардың сындарлы қабілеттерін, ойлауын дамытады, шоғырланған табанды іс-әрекетке үйретеді.

Интеллектуалды ойындардың бесінші тобы-психикалық салаға әсер ететін ойындар. Бұл ойындар оқушыларда ойлау операцияларын дамытады (Талдау, синтез, жалпылау, жіктеу, абстракция). Оларға тест ойындары, сұрақ ойындары, тест тапсырмалары, таңдаулы ойындар және т. б.

Зияткерлік ойындарды пайдалану оқу мотивациясын қалыптастырады, байқауға, топта жұмыс істеуге, басқаларды тыңдауға және естуге тәрбиелеуге мүмкіндік береді, балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етеді. Балалар еркін, тәуелсіз және жауапты, шығармашылық, белсенді болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Красновский Э.А. Активизация учебного познания. / Сов. Педагогика, - 1989, №5 с.10-14.
В.Е. Рожнов. Игровая терапия / В.Е. Рожнов. - Ташкент. 1979. С. 177.
Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности в учебном процессе. - М., 1979. С.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Аманқосова А.Қ., Абилева А.М.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ақыл-ойы кем балаларды дидактикалық ойын түрлері арқылы оқу үдерісіне деген қызығушылығын таныту. Балаларды сабаққа ынталандыру, ойынды белгілі бір уақытта жүзеге асырып, сабақ кезінде нұқсан келтірмейтіндей өткізу, ұжымда жұмыс істеу арқылы балалардың қарым-қатынасын арттыру және көңіл-күйлерін көтеру, есте сақтау қабілеттерін дамыту және зейінің тұрақтандыруға үйретеді.

Түйінді сөздер: дидактика, ұжым, қарым-қатынас, тапсырма, ойын.

Мектепке дейінгі жастағы ақыл-ой кем балалардың өмірлеріне қажетті, әрі күнделікті тіршілікте өте керек дағдылар мен икемділіктерді қалыптастыру үшін осы балалардың әрқайсысының өз ерекшеліктері мен қиындықтарын ескере отырып, өмірге бейімділіктерін игертуіміз өте қажет. Ол өз өмірлеріне де, ата-ана үшін де келтірер пайдасы зор. Мектепке дейінгі ақыл-ой кем балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын игерту, ең болмаса бір бөлігін үйретсең де ол бәріміз үшін үлкен бақыт, зор қуаныш. Әлеуметтік-тұрмыстық икемділіктерін қалыптастыру күнделікті белгіленген жылдық лексикалық тақырыптар бойынша өткізілетін сабақтарда, түзету кезеңдерінде, үйірме жұмысында да, ойын терапиясы кезінде де жүргізе үйретіп және практика жүзінде қайталап орындату арқылы жүзеге асады. Мектепке дейінгі жастағы ақыл-ойы кем балаларды әлеуметтік-тұрмыстық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыруға сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру барысында жүзеге асыруға болады. Рөлдерді орындау арнайы дағдыларды қалыптастыруда маңызды компонент болып саналады, өйткені онымен ере жүретін іс-әрекет пен сезімталдықты кіргізеді. Сонымен бірге, есте сақтау қабілеттерін нақтылап, зейіндері мен қызығушылықтарын арттыра оқыту дұрыс.

Ақыл-ойы кем балалардың дамуына жетіспейтіндерді жоспарында көбінесе қолданылатын әдіс-тәсілдерді таңдай отырып, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бағдарламасының материалы мұғалімге сабақты қызықты өткізуге мүмкіндік береді. Сабақ уақытында бақылаушылар болмауы керек. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдардан сабақ өткізу кезінде әңгімелесу, әңгімелеу және жаттығулар жасау тәсілдері көбінесе теориялық мәліметтерді, түсініктерді және оларды жаттығулар орындаған кезде бекіту үшін қолданылады. Дидактикалық ойындарды оқыту мазмұнына сәйкес түрлері:

Ойын-саяхаттар. Олар ертегілерге ұқсас. Олар факілер немесе оқиғаларды бейнелейді, бірақ олар ерекше түрде ашып көрсетіледі, қарапайым жұмбақ арқылы; қиындық-оңай жолмен; қажеттіліктер-қызық жолмен беріледі.

Ойын-тапсырмалар. Бұл ойындардың негізін заттар мен әрекет, сөздік тапсырмалар құрайды. Ойын міндеттері мен әрекеттері бір нәрсені болжауға негізделеді.

Ойын-болжамдар. Бұл ойындар «Не болар еді?...», «Мен не істер едім...» деген сұрақтарға негізделеді. Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен әрекет ситуацияны қоюда ерекшеленеді. Мұндай ойындар білімді нақты жағдайда ұштастыра байланыс есептерін тағайындауды талап етеді.

Ойын-жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі-логикалық астарының болуында. Олар баланың ой әрекетін белсендендіреді. Жұмбақтар салыстыру, теңеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді. Ойын әңгімелер. Ол мұғалімнің балалармен, балалардың мұғаліммен қарым-қатынасына негізделеді. Бұл қарым-қатынас ойын мазмұнында ерекше сипатқа ие болады.

Ойынның құндылығы олар эмоционалды түрде белсендіруге, бір сөздікке, өзара әрекет жасауға, бірлесіп ойлануға мүмкіндік туғызады.

Дидактикалық ойындарға қойылатын талаптар:

-әрбір дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытуға пайдалы моралдық қасиетті бекітерлік жаттығулар болуға тиіс;

-дидактикалық ойын тиісті міндетті орындау барысында түрлі қиындықты жеңе отырып, ақыл-ой жұмсауды керек ететін қызықты да тартымды болуы тиіс.

Дидактикалық ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Жіптен секіру, доппен ойын сияқты ойын элементтерімен араластырып отырса, онда ол өзінің оң нәтижесін береді. Ойнай жүріп бала көп күш-жігер жұмсайды, алайда, ойын арқылы тапсырмаларды орындау ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттарына жету үшін пайдалану орынды. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім меңгеріледі. Сонымен қатар, ойындағы ереже ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді, өзара қарым-қатынастарының одан әрі дамуына септігін тигізеді. Жасқаншақ балалардың ойынға белсенді қатысуына көмектеседі.

Қорытындылай келсек, ойыннан баланың өмір танымы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері қалыптасады. Сондай-ақ, арнайы ойын сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Қашан да ойын - бала үшін нағыз өмір. Бала зейінін қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойын ойнатарда осыны естен шығармағаныңыз абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

Усова А.П. Роль игры в организации жизни и деятельности детей. «Дошкольное воспитание», 1965, №10.

Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка. – Вопросы психологии,

Артемова Л.В. Дидактикалық ойындар. – М., 1992.

ӘОЖ 372.1

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ БОЙЫНША ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Атем М.Н.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Мақалада рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру бойынша Оңтүстік Корея, Сингапур, Жапония, Азия өңірлерінің тәрбие сапасы мен тәжірибелері сипатталған. Салыстырмалы талдау негізінде әлем елдерінің озық тәжірибелерін негізге ала отырып, екінші жағынан ұлттық құндылықтарымыздың шеңберінде жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие мен патриоттық тәрбие беру мақсаты көзделген.

Түйінді сөздер: рухани-адамгершілік тәрбие, патриоттық тәрбие, ұлттық тәрбие, әлемдік тәжірибе, салыстырмалы талдау.

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, адамгершілік қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа ұлттық патриотизмді қалыптастырып, адамгершілік - рухани тәрбие беру. Бала тәрбиесінің алғашқы қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиенің маңызы зор. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, бойында ұнамды әдеттер, сүйіспеншілік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т. б. қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым - қатынасқа тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым - қатынаста тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б.

Білім беру әрдайым тәрбиемен қатар жүреді. Себебі, тәрбиесіз білімнің, білімсіз тәрбиенің айқын нәтиже бермесі айқын. Білім әрдайым адамдық қасиеттермен өрнектелгенде, тәрбие объективті, ғылыми біліммен көмкерілгенде ғана адам жеке тұлға болып, қоғамда өз орын таба алады. Сол себепті де білім беру жүйесінің сапасы білім беру ұйымындағы тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуымен де тығыз байланысты. Маңызды құрауыш ретінде рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы еліміздің білім беру жүйесінің дамуына септігін тигізери анық. Ендеше әлем бойынша дамыған елдердегі тәрбие мәселесіне көз жүгіртсек.

Оңтүстік Кореяда балаларды тәрбиелеу әр отбасының маңызды міндеті болып саналады. Ұлттық ерекшеліктерінің бірі болып табылатын ерекше балажандылық, балаға деген сүйіспеншілік бұл елдің халқының бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуіне әкеледі. Балаларын жақсы көріп, мектеп жасына дейін еркелетіп, айтқанын екі етпей, еркін тәрбиелеп жүріп, мектеп жасына келгенде тәрбие стилін орынды өзгерте алу халықтың басты тәрбиедегі жетістігі десек те болады. Мектепке барғаннан баласына жауапкершілікті, ұстазға деген үлкен құрмет пен сыйластықты, тәртіпке бағыну мен ұқыптылықты ұғындыра бастайды. Отбасындағы тәртіптің қатал болғаны соншалық, бұл елде бастауышта бір сыныпта оқитын 50-60 баланы оқыту, тынышталдырып тәрбиеге шақыру ұстаздарға еш қиындық тудырмайды. Мұғалім беделі ата-анасының тәрбиесі арқылы нығайтылғандықтан бұл ешқандай мәселе емес. Отбасылық тәрбие ұлттық тәрбиемен етене байланысып жатқан корейліктер үшін ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру парыз болып табылады. Ата-ананы сыйлау, үлкенді сыйлау тәрбиенің бастауы. Балаларын дәстүр негізінде тәрбиелейді. Осылайша бұл елдің тәрбие жүйесі туралы төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Отбасы тәрбиесі;
2. Белгілі бір дәстүрде тәрбиелеу;
3. Өздігімен өмір сүруге тәрбиелеу;
4. Тәртіптілік және конформизм;
5. Мотивацияның жоғары деңгейі;
6. Мектеп және мұғалімге деген сыйластық.

Финляндияда білім беру сапасын жақсарту мақсатында тәрбие мен тәртіптің маңызды екенін әрбір ата-ана терең түсінеді. Сол себепті бұл елде ата-аналардың белсенділігі ерекше байқалады. Әр аптаның сәрсенбісінде ашық есік күніне келетін ата-аналар балаларының мінез-құлқы, мектептегі өзін ұстауы, мектептегі ахуал мен мектеп саясаты туралы, оқытушылары туралы толық ақпарат біліп отырады. Олар өз баласының білім сапасын бағалау жөнінде үш жақты әңгімеге араласа алады. Фин елінің мұғалімдерді таңдауда қатаң ережелерге сүйенетіндігі, тек кәсіби шыңдалған мамандар, магистр дәрежесі бар ғылыми білікті педагогтар екенін және де ата-аналар тарапынан белсенділікті

ескере келе не үшін білім беру индексі бойынша Финляндияның тұрақты түрде бірінші орын алатындығының сырын ұғыну қиын емес секілді. Сонымен қатар, бұл ел еуропалық елдер арасында оқушылармен жұмыс жасайтын психологтер мен әлеуметтік қызметкерлер саны жөнінен бірінші орында. Бұл дегеніміз балалардың рухани жан дүниесіне, үнемі мотивациялық деңгейінің артуы мен өзін-өзі тануына, психологиялық тұрғыда қолдау көрсетуге жағдай жасалғандығын білдіреді.

Сингапурда бастауыш білім нәтижесінде төмендегідей көрсеткіштер алынады:

1. Ойлай білу және өз ойын айта білу;
2. Айналасындағы заттарға қызығушылық таныту;
3. Жақсыны жаманнан айыра білу;
4. Достық қарым-қатынас орната білу;
5. Сингапурды жақсы көру.

Байқағаныңыздай, балаларға жастық шағынан рухани азық болар адамгершілік тәрбиені, жақсы мен жаманды, адамдармен достық қатынасты орната білуді жетілдіре отырып, маңызды тәрбиенің бөлігі ретінде патриоттық тәрбиені де сырт қалдырмайды. Өз елін, жерін сүйуге баули отырып, патриот азамат болуға тәрбиелейді.

Жалпы білім беру мен оқыту барысында мектеп тәрбиесінде тәрбиенің барлық түрлері қамтылған. Сонымен қатар, адамзат денсаулығы болмаса еш жетістікке жетпесін де түсінеді. Балаларды дене тәрбиесіне үйрете отырып, оны жетілдіруге шақырады.

1. Тұқым қуалау арқылы берілген денсаулығы және оны жақсарту;
2. Адамгершілік және зияткерлік тәрбиесі;
3. Дене тәрбиесі;
4. Әлеуметтік және эстетикалық тәрбие;
5. Еңбек тәрбиесі;
6. Отбасылық құндылықтар.

Міне, осындай тәрбие процесіндегі ерекшеліктер білім сапасы бойынша алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып табылатын Сингапурға тән.

Жапония еліне тоқталар болсақ, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде тәрбиенің негізі конфуцийлік ілімнен бастау алады. Бұл ілім бойынша тәрбиенің бастапқы көрсеткіші ата-ананы сыйлау болып табылады, тәрбиенің негізі отбасында қаланады. Баланың алғашқы ұстазы – анасы болып табылады. Отбасы тәрбиесі негізінде ұлттық санасы қалыптасады. Ата-анасы мектеп өмірінің белсенді өкілі. Олар түрлі тапсырмалар орындауға қатысады, баланың білім алуы мен әлеуметтік тұлға болып қалыптасуында маңызды қызмет атқарады. Елдегі бастауыш мектептің мақсаты:

1. Өзін адаммын деп терең түсінетін;
2. Мәдениетті жалғастыратын, жасайтын, дамытатын;
3. Өзін Жапония азаматымын деп түсінетін;
4. Дені сау және белсенді бала тәрбиелеу.

Көріп отырғаныңыздай, бұл елде руханилық пен патриоттық тәрбиенің ұштасып отырғанын айқын аңғаруға болады. Ел идеологиясы академиялық көрсеткішке емес, адам, тұлға, азамат қалыптастыруға бағытталған. Үлкенді сыйлайтын, адам екенін түсінетін, өмір сүруге икемді, елін сүйетін, жауапкершілікті түсінетін, тәртіпке бағынатын, ұлттық құндылықтарды сақтайтын, міне мұның бәрі Жапондықтардың басты назарында. Мектепте оқытылатын пәндер жалаң, суық ғылым мен техниканы зерттеп, ұғындыруға емес, баланың шығармашылығын дамытуға, жан дүниесінің қалауына, эмоционалды дамуына, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға, жеке әдеттерін қалыптастыруға, гигиена мен дене тәрбиесіне бағытталған. Теориялық білім үшін жылдап оқытудың орнына, аз уақытта қолданушы ретіндегі нақтылы дағдыларды қалыптастыруды жөн көреді. Пәндердің арасында адамгершілік тәрбиесі, үй шаруашылығы деген пәндер бар. Бұл пәндер бастауыш сыныпта емес, негізгі білім барысында оқытылады, яғни 5-12 сынып аралығында. Эмоционалды бет-бейнесін қалыптастыратын пәндер 70%-ды құрайды. Қоршаған ортаны қорғап, өмірдің әр сәтінен ләззат алуға, әдемілікті көруге баулитын бұл елде эстетикалық

тәрбиенің де орны зор. Осылайша өзімен үйлесімділікте өмір сүруге тәрбиелейтін бұл елдің тек тәрбие емес білім сапасының көрсеткіші артып, көш бастап отыр.

Білім сапасы жағынан алдыңғы орынды иеленіп отырған Азия өңірінің елдерінде:

1. Ұлттық басымдылықтарды сақтауға;
2. Дәстүрлі мәдениетін сақтауға;
3. Дәстүрлі құндылықтары мен бағдарын сақтауға;
4. Шығармашыл;
5. Бірегей ойлайтын;
6. Үйлесімді және рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған тәрбие үдерісі

қалыптасқан деп қорытындылауға болады.

Әр елдің өзіндік ұлттық ерекшелігі болады, соған сәйкес рухани құндылығы мен мәдениетке болуы да заңды. Өз ұлтымызға келер болсақ, халқымыз ұлттық құндылық пен мәдениетке бай ұлт. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы ұлттық деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде білім ордасының алатын орны ерекше. Яғни, тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Мектеп бағдарламасына ұлттық тәрбиені енгізу арқылы бала бойына ұлтжандылықты, рухани-адамгершілік тәрбиені сіңіретініміз анық. Рухы биік, іргесі берік ел болу үшін ұрпаққа берілер білім мен тәрбиеге салғырт қарамауымыз керек. Осы тұста Абай атамның: Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан, - деген сөзін еске аламыз. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатынын айта отырып, «Педагогика» атты еңбегінде: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп жазған.

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру аса маңызды. Қазіргі дамыған дәуірде озық қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық тәрбиеге байланысты. Тәрбиенің қуатына тең келетін рухани күш, қуат көзі жоқ екенін жақсы түсінеміз. Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани құндылықтарды бойына сіңіріп биік дәрежеге көтеріледі. Оның ең маңыздысы адамды ойлануға бағыттайды, жеке тұлға болып қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Құсайынов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы.-Алматы, 2013.-196б.

2.Атем М.Н. Орта білім беру сапасын арттырудағы үштік: оқу-әдістемелік құрал – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 92 б.

3.Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы / Ғылыми жетекшісі: А.Құсайынов; Жалпы редакциясын басқарған: М.Н.Атем; Құраст.: Қасымбаева Б.Ш., Тұрғанова А.Ж., Ембай Д.П., Ұябаева Н., Абдукаримов Б.А., Жеткерова М.Б., Джасанова А.Д. -Алматы: ПФА, 2020.-240б.-қазақ тілінде

4.Marzhan N. Atem, Askarbek K. Kussainov, Fauziya T. Sametova, Nursulu S. Algozhaeva «Scientific Basis of Improving the Quality of Secondary Education: on the Example of Kazakhstan» // European Journal of Contemporary Education E-ISSN 2305-6746 2022. 11(1): 161-170 DOI: 10.13187/ejced.2022.1.161 <https://ejce.cherkasgu.press> 161-170 p.

5.Атем М.Н. Рамазанова С.А. Қазақстан мен әлемнің тәрбие дәстүрлеріне салыстырмалы талдау. ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия, [S.1.], v. 69, n. 4, p. 130-136, dec. 2021. ISSN 2520-2650.

ӘОЖ 371

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Елтаева А., Бердимырадова Ж.

Ғылыми жетекшісі: Таджибаева Ж.А.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Бұл мақалада жас ұрпақты Отанына, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке патриоттық рухта тәрбиелеу арқылы оқушылардың құқықтық санасын, көзқарасын қалыптастыру, құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңызын ашу мәселелері баяндалады.

Түйінді сөздер: патриотизм, тәрбие, құқықтық тәрбие, құрмет, ұлттық намыс, жас ұрпақ, білім.

*«Патриотизм – Отанға, елге деген махаббат!»
Бауыржан Момышұлы*

Бүгінгі таңда Қазақстан мектебінің жаңа ұлттық моделі қалыптасуына байланысты ұлттық идеяның дамуына ерекше мән берілуде. Ұлттық идеялар ғасырлар бойы келе жатқан мәңгілік патриоттық тәрбиемен сабақтасып, ұлттың өзіндік діңімен үнемі дамып, жаңа сипат алып, қоғам дамуының заңдарына айналып отырады. Ұлттық мектептің ұлы мұраты-аталар сөзімен өсіп-өніп, бабалар бұлағынан нәр алған, ұлылар тәрбиесіне тағзым етер өркениет әлеміне қазақ құбылысы болып кіретін дана халқымыздың ұрпағын қалыптастыру. Бүгінгі сәби ертеңгі күні егемен елдің болашағы, өз ұлты арасында ұлт мүддесі үшін қызмет ететін азамат. Сондықтан болашақта «Мен қазақпын» - деп мақтана алатын Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі халықтың береке – бірлігінде, ынтымақ ықыласында, елдігімен – ерлігінде екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас. Қазақстандық патриотизм қоғамды топтастырудың жетекші факторы болып қала береді. Мемлекетіміздің беріктігі мен күш-қуаты, өміршеңдігі де, оның ұлан байтағының біртұтастығы да Отанды сүйеге, патриотизмге байланысты. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққы тәрбиелеудегі өлең-жырлар, мақал-мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі-бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі. Халқымыздың отансүйгіштік, патриоттық туралы ұлттық мұрасының даму тарихына үңілетін болсақ, XV-XVII ғасырлардағы Асан қайғы бастаған, Ақтанберді, Доспамбет, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет т.б. ақын – жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой-пікірлерінен көреміз. Жалпы ұрпақ тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктерде, халықтық педагогика құндылықтарын ескере отырып тәрбиелеудің тұтас жүйесін жасауда өткен ғасырдағы көрнекті ағартушы – педагогтардың, соның ішінде Ш.Уалихановтың, А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, М.Жұмабаевтың және т.б. да маңызды ой-пікірлері, отансүйгіштік, патриоттық туралы қағидалары қазіргі кезде өз жалғасын табуда.

Негізгі білім бастауышта болғандықтан, жастайынан халықтың тарихи-этникалық мұрасын, ұлтының әдет-ғұрып өнегесін, салтын сақтауға, саналы көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық мақтанышын туғызуға оқушыларды жасынан тәрбиелеу бамтауыш мектеп саласымен айналысатын педагогтардың міндеті болмақ.

Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі – рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне тән ерекше тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажет.

Рухани тәрбие, моральдік ұстаным, Отанын, халқын, елін сыйлауға тәрбиелеу оқыту жүйесінің басты мақсаты болып келген .

Халқымыздың аса бай тарихы ерлік, азаматтық дәстүрлерді жалғастыруды керек етеді. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ата-баба салты, сыйластық, жомарттық, азаматтық және батырлық қасиеттер бүгінгі жас ұрпаққа ауадай қажет. Отанын сүйген, өз елінің болашағын ойлаған білікті де білімді жас мамандар қазіргідей шетелге қашпай өз елінің түтінін түтетіп жүрер еді. Отаншылдық, патриоттық тәрбиенің көмескіленуінен әлгіндей әрекеттер кеңінен етек алуды.ұрпақтарымыздың ірге тасы бастауыш сыныптан қалануы тиіс.

Бастауыш мектеп жасы оқушының адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі тануымен, әлеуметтенуі, яғни әлеуметтік тәжірибені меңгеруімен ерекшеленеді. Өзінің жеке басының құндылығын жоғары бағалай алатын, жеке басының мүддесін қоғамдық мүдделермен ұштастыра білетін, ұлттық сана сезімі оянған тұлға тәрбиесіндегі патриоттыққа тәрбиелеу жұмысының мәні зор. Бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеуде олардың өз жетістік жақтары мен кемшіліктерін көре білуі, өзінің жеке басының құндылығын, даралық сипатын саналы түрде сезінуге бағыттап отырудың мәні зор. Өйткені патриоттыққа тәрбиелеу механизмі адамның өзін-өзі айқындау құндылығының үлгісі арқылы жүзеге асады. Өзін-өзі айқындаудың алғашқы кезеңінде оқушыны патриоттыққа тәрбиелеудің мәнін аша келе, патриоттық сезімін оята отырып, тәрбиелеу болады. Оқушының өзін-өзі реттеуі жүзеге аса отырып, жеке тұлғаның ар-ұят, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сынау, өз мінез-құлқын қоғамдағы үлгімен, досымен салыстыра алу қабілеттері көрініс табады. Бұл туралы «...өзінді біл дегенде бұл тек қара басыңды ғана біліп қой дегендік емес, бұл-өз тарихыңды біл, дәстүріңді біл, ата-бабаларыңның игі жақсылығын үйрен, үй-ішінді біл, оның тарихын біл, ауыл-айналанды біл дегендік. Осылардан басталған білім барлық білімдердің іргетасы болады. Жеті атаңды біл дегенде, үй-ішілік біліміңді тереңдет, мүмкін аталарыңның ішінде кезінде болған игі жақсыларынан үлгі аларсың, батыр болса, ел қорғап, шешен болса, әділ билік айтқан болар, содан үйренерсің, еңбекте ер атанған болса немесе ақын-айтқыш болса, тәлімдік өнеге аларсың, тіпті қарапайым, кең пейіл, адамға ылғи достық ойлаған жандар болса, олардың да ізгі қасиеттері саған өнеге болар. Үй-ішінді біл дегенде, әке мен анаңды әлі дұрыс түсініп болмағаныңды шын ұғасың ба? Сені дүниеге келтіріп, түн ішіндегі жөргегінді бірнеше рет құрғатқан анаң алдындағы борышыңды өтей алдың ба? Қазақ өзін-өзі біліп, тануы үшін, сан ғасырлап жасалып келген, қалыптасып қалған, қайталана беретін дәстүрлерін білуі қажет», - деген даналық сөздердің мәні мол. Сол арқылы оқушының патриоттық тәрбие танымы кеңейе түседі. Ұлт өкілінің бірден бір белгісі – оның ұлттық өзіндік санасының қалыптасуы. Ұлттық өзіндік сана адамның тұлға ретіндегі субъектілік анықталуы. Бұл өз кезегінде патриоттық тәрбиесінің болуы арқылы жетіле түспекші. Патриоттық тәрбие тұлғаның субъекті ретіндегі әлеуметтік белсенділігін қалыптастырады. Яғни, ұлттық тұлға өз бойында ұлттық тұлғалық қызметтерді меңгере отырып, этностық әлеуметтену процесінен өтеді. Сонымен қатар бала өзін ұлт өкілі ретінде жетілдіре отырып, ұлттық сипат пен мәдениетке ие болады.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру теориясын қарастыру, оны практикалық және нақты талдау мазмұны мен мағынасын сақтауды және жеңілдетуді қажет етеді.

Патриоттық тәрбие - бұл адамның ұлттық ерекшелігін анықтайтын және патриоттық тәрбиеге деген көзқарасты бейнелейтін тұлғаның сенімі, көзқарасы, талпынысы түріндегі

ерекше құрылымы. Патриоттық тәрбие бастауыш сынып оқушыларының мұраттары мен сенімдерін анықтайды, олардың тұлға ретінде қалыптасуында жетекші рөл атқарады және жаңа қажеттіліктердің пайда болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие бастауыш сынып оқушыларын өз бетімен іс-әрекетке бағыттайды. Патриоттық тәрбие сезімі оқушының осы патриоттық тәрбие туралы өз бетімен ойлануынан, өзіндік қорытынды жасап, соған ұмтылуынан көрінеді. Патриоттық тәрбиенің мәнін ашатын және оларға деген оң көзқарасты қалыптастыратын ата-аналар мен мұғалімдердің құндылықтарын оң бағалау патриоттыққа тәрбиелеуге айтарлықтай әсер етеді. Құндылықты бағалау - бұл адамның тәрбиелік және эмоционалдық құрылымдармен байланыстағы құндылығын қалыптастырады. Өз кезегінде бұл оқушылардың патриоттық тәрбиеге деген оң көзқарасымен анықталады.

«Патриот», «патриоттық тәрбие» ұғымдарының теориялық негіздеріне сүйене отырып, біз бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеудің моделін құруды жөн көрдік (3 сурет). Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу модельдің негізі мақсат, міндеттерден, қағидалар мен нормативтік негіздер жүйесінен, патриоттыққа тәрбиелеу тетіктерінен, тұтас технология ретінде қарастырылды мазмұн, әдіс, құралдар жүйесінен, нәтижеден тұратын кешен.

Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу моделінің мақсаты - патриоттық тәрбие жүйесі туралы бастапқы білім негіздері қалыптасқан, патриоттық тәрбиені танып, бағалайтын және оны таңдайтын, өзіндік сана-сезімі қалыптасқан, рухы жоғары, патриоттық тәрбиесі анықталған тұлға қалыптастыру. Осы мақсаттан туындайтын міндеттері – бастауыш сыныптағы патриоттыққа тәрбиелеудің мазмұндық жүйесін нақтылау, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің бағдарламасы мен әдістемесін жасау, патриоттыққа тәрбиелеу жолдарын көрсету, нәтижесін бағалау.

Бастауыш мектеп жасы оқушының адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі тануымен, әлеуметтенуі, яғни әлеуметтік тәжірибені меңгеруімен ерекшеленеді. Өзінің жеке басының құндылығын жоғары бағалай алатын, жеке басының мүддесін қоғамдық мүдделермен ұштастыра білетін, ұлттық сана сезімі оянған тұлға тәрбиесіндегі патриоттыққа тәрбиелеу жұмысының мәні зор. Бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеуде олардың өз жетістік жақтары мен кемшіліктерін көре білуі, өзінің жеке басының құндылығын, даралық сипатын саналы түрде сезінуге бағыттап отырудың мәні зор. Өйткені патриоттыққа тәрбиелеу механизмі адамның өзін-өзі айқындау құндылығының үлгісі арқылы жүзеге асады.

Жас ұрпақ тәрбиесі Қазақстанның егемендік алып, тәуелсіздік жағдайына ие болғанда өз мемлекеттілігін қалыптастыруға байланысты бала тәрбиесін қайта қарау маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Сол сияқты отан сүйгіштікке тәрбиелейтін мақал-мәтелдердың алатын орны өз алдына бір төбе. Оның жас балалар үшін пайдасы мен атқаратын рөлі зор. Мысалы, «Ит туған жеріне», «Өз елім өрен төсегім» т.б. мән – мағынасына зер салатын болсақ, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, жас ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық сезімін жетілдіру үшін қажетті қағидалар, бұлардың тәрбиелік мәнісін түсіндіре отырып, бала тәрбиесінде кең пайдалануымыз керек.

Отаншылдық, ел-жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға арқау болатын халықтық рухани құндылықтың бірі ар-намыс. Бұл – борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда ар-намыс қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік – психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтың елін, жерін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Сондықтан баланың жасынан ар-намысын қалыптастыру үшін халықтық ертегілердегі ер – азамат бейнесін сомдап, үлгі етіп, мақтанышын, ерлігін мадақтап тәрбиелеудің маңызы зор. Дәстүрлі қазақ эпосы – ұрпақтар

бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде бүгінгі күні де халықтың жадында сақталып, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра жетіп отыр. Елін, жерін қорғаған батырларды мадақтап жырға қосу арқылы халық жас ұрпақты ерлікке, өрлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйретуге тырысқан.

Ұлттық ойындардың да балаға тигізетін пайдасын халық ертеден- ақ білген. Бәйге аттың озып келуі баланы батылдық пен өжеттілікке, шапшандыққа, ептілікке тәрбиелейді. Жастайынан ат құлағында ойнайтын қазақ баласы үшін бәйге ертеңгі әскери мектептің бір сынығы іспестес. Қазақтың баланы жасы жетіге келгенде атқа міңгізіп, үзенгі ұстатуы, ел болуға, өз ісіне жауапты болуға меңзегені де жақсы дәстүр. Бұл жерде баланың жетіге келгенде мектепке баруы да, оң – солын танудағы алғашқы қадамы да кездейсоқтық емес.

Жалпы кез келген адам соғыс іс-әрекетінде немесе басқа жағдайда ерлік істерге бару үшін алдымен рухани тұрғыдан дайын болуы керек.

Араға бірнеше жылдар салып, ел арасында үнемі мақтанышпен айтылып жүрген қазақ халқының рухына жақын, санамызда жатталып қалған Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстанымның» әнінің ресми түрде еліміздің әнұраны болуы халқымыздың мәртөбесін көтеріп, Отаншылдық, патриоттық сезімімізді тербеп, серпілтіп тастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика Оқулық – Алматы, 2015

Баширова Ж., Өтебаева А. Мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының ықпалы // Өзіндік таным, 2007 ж., №2, 12-14б

ӘОЖ 371.4

ГУМАНИСТІК ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МАҚСАТТАРЫ

Төлеп Д.

Ғылыми жетекшісі: Жарылғасова П.Е.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Гуманистік педагогика туралы түсінік. Гуманистік педагогиканың айырмашылықтар және гуманистік тәрбие, білім беру мазмұндары ашылады. Гуманистік педагогиканың принциптеріне тоқталады.

Түйінді сөздер: гуманистік педагогика, тәрбие, білім беру жүйесі, аксиология, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі анықтау.

Гуманистік педагогика — ХХ ғасырдың 50-ші жылдарының аяғында 60-шы жылдардың басында АҚШ-та пайда болған гуманистік психология идеясының қазіргі кездегі тәрбие теориясы мен тәжірибиесіндегі педагогиканы қайта жаңғыртуға бағытталған саласы. Оның өкілдері болып К. Роджерс, Р. Барт, Ч. Ратбоун мен т.б [1]. жатады. Аталған педагогикалық бағыттың негізгі тенденциясы — білімге тұлғалық-бағдарлық қасиет беруге талпыныс, оқуда және тәрбиеде авторитаризмді жою, оқушылардың білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру процесін репродуктивті және шығармашылық әрекеттерін эмоционалды етіп жасауды көздейді.

Гуманистік педагогика, гуманистік психологиядан айырмашылығы, қазіргі уақытта әлі де қалыптасу сатысында және әлі тәуелсіз мектепке айналмаған. Сонымен қатар, кез-келген жалпы педагогикалық теория мен практиканың негізінде гуманизм принциптері негізделгенін атап өткен жөн.

Гуманистік тәрбие - тұлғаның бойында адамгершіліктік, ізгіліктік қасиеттер мен бұкіладамзаттық құндылықтарды қалыптастыру үрдісі.

Гуманистік білім беру жүйесі келесі идеяларға негізделген:

-тәрбиеге жеке көзқарас (дамып келе жатқан адамның жеке басын ең жоғары әлеуметтік құндылық ретінде тану);

-әрбір баланың, жасөспірімнің, жастың бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігін құрметтеу, олардың әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын мойындау;

-жеке тұлғаға бағытталған, білім берудің нәтижелілігі мен көрсеткіші; оқушыға өзіндік даму субъектісі ретінде қатынасы;

-білім беруде адам туралы білімдер жиынтығына, қалыптасып келе жатқан тұлғаның өзіндік дамуының табиғи процесіне, осы процестің заңдылықтарын білуге сүйену.

Гуманистік педагогика адам үшін өмірлік маңызы бар білімнің (дүниетанымының), тұлғаның негізгі орталығы, оның өзіндік және тәжірибесі арасындағы алшақтықты жою және үйлесімділік орнату міндетін қоятын жеке тұлғаның әрекеттері.

Тәрбие мазмұны жағынан гуманизм аясында этикалық, дәлірек айтқанда аксиологиялық (құндылық) тәрбиеге үлкен мән беріледі. Пол Курцтың пікірінше, [2] этикалық тәрбиенің мақсаты екі жақты: біріншіден, балаларда өзімізге де, басқаларға да жалпы моральдық ережелерді өз бетінше түсінуге және сақтауға мүмкіндік беретін тұлғалық принципті дамыту; екіншіден, этикалық білім қабілеттерін және сыни этикалық зерттеулер жүргізу қабілетін тәрбиелеу. Соңғысы педагогикалық және дүниетанымдық парадигма ретінде гуманизм үшін ерекше маңызды болып табылады және оны тәрбиенің барлық басқа үлгілерінен ерекшелейді.

Қолданыстағы білім беру жүйесі барған сайын білімді идеялар нарығында тауарға, адамдарды манипуляция жасау құралына айналдыруда. Ал, гуманистік педагогика адамның өзінен, оның қабілеттері мен қажеттіліктерінен алшақтауын жеңуге арналған. Оның аясында этикалық принциптерді әрбір адам тікелей нақты жағдайдың, өзінің қайталанбас өмірлік тәжірибесінің контекстінде тексереді. Сондықтан мұғалім этикалық және басқа да құндылық мәселелерін талқылағанда білім алушылардың өз мүмкіндіктерін жіберіп алмауына, жеке тәжірибесіне жүгінуіне, олардың ішкі жан дүниесіне сенуіне, жаңа тәжірибелерге ашық болуына бағыттайды.

Заманауи гуманизм барған сайын күрделене түскен психологиялық, әлеуметтік және құқықтық мәселелер жағдайында тұлға мен қоғамның жоғары өміршеңдігін қамтамасыз ете алатын сындарлы этикалық балама ұсынады. Гуманизм әрбір жеке адамның өмірінің мәні мен жолын топтық, идеологиялық немесе діни тұрғыда ғана емес, ең алдымен адами құндылықтар негізінде анықтаудың моральдық еркіндігін білдіреді.

Гуманистік педагогика жеке тұлғаны осы құндылықтарды түсінуге шақырады. Гуманизм ешбір саяси немесе діни ілімге қосылмай, демократиялық ойлаудың дамуына ықпал етеді. Гуманистік педагогика білімді әртүрлі нанымдағы адамдар жасайтындығына негізделген. Осыған байланысты қазіргі білім беру, ең алдымен, плюралистік ашық білім беру деген идея алға тартылады. Мұнда бірде-бір доктрина басым деп танылмайды, балаға мәдениеттің барлық жетістіктерін шолу мүмкіндігі беріледі, ол көптеген әлеуметтік теориялар мен әлемнің тарихи суреттері бар альтернативті философиялық, этикалық және эстетикалық жүйелер әлемімен таныстырылады. Бірақ кез келген жағдайда білім әр адамға өзін, өз бейнесін ашуға көмектесуі керек. Ол «жалғыз дұрыс таңдауды» жасауға мәжбүр етпеуі керек, тіпті егер ол бар болса да. Бұл таңдауды адамның өзі еркін түрде жасауы керек. Сонда ғана ол қызмет нәтижелерін шынайы және қажетті деп бағалай алады. Жеке адамның өзі ұсынылған идеялар жүйесінен өзінің шынайы қажеттіліктері мен бейімділігіне неғұрлым толық сәйкес келетінін таңдауы керек. Тек оған өмірдің мүмкіндіктерге өте бай және мән-мағынаға толы екенін еске түсіру керек.

Сондықтан мұғалімдердің міндеті – материалды барынша объективті түрде баяндап, жеке тұлғаға тиісті қорытынды жасауға құқық беру. «Бұл өмірдің мәні - әр адамның өз өмірлік әлемін құруға мүмкіндігі бар», - деп жазады П.Курц. «Мен үміттенетін ең жақсы

нәрсе - менің балаларым да мен сияқты өмірдің керемет және әдемі, мағына мен шабытқа толы екенін көреді». Сондықтан мұғалім белгілі бір этикалық принциптерді түсінуге көмектесуі керек, бірақ оның оларды оқушылардың санасына мәжбүрлі және догматикалық түрде енгізуге құқығы жоқ. Жоғарыда айтылғандай, ұстаздар діни, саяси және басқа да құндылықтарға қатысты бейтараптық танытуға міндетті. Мүмкіндігінше сыпайы, мейірімді болу - кез келген мұғалімнің, әсіресе гуманистік педагогиканы ұстанушының ең маңызды міндеті, өйткені әрбір адам өзін-өзі құрметтеуге құқылы, басқалармен бірдей қадір-қасиет пен құндылыққа ие.

Гуманизм педагогикасының құндылық негізі өте айқын: ол негізінен жалпыадамзаттық, азаматтық және экологиялық нормалардан тұрады. Сонымен бірге, гуманистік педагогиканың негізі тәрбие процесінің әдістемелік және қолданбалы компонентіне ауысуы, яғни өзін-өзі тану, өзін-өзі ұйымдастыру және т. б. дағдыларды игеру және дамыту бойынша мұғалім мен тәрбиешінің бірлескен жұмыстар атқаруы.

Білім берудегі гуманистік процесінің шешуші буыны мұғалім үшін объективтілік, бейтараптық және ғылымдық, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі анықтау және түсіндіруді ұсыну қағидаларын жүзеге асырумен байланысты.

Объективтілікке, бейтараптыққа және ғылымилыққа қол жеткізу педагогикалық процесті идеологиялардан, ұсыныстардан, білім алушыларға белгілі бір жүйедегі діни, атеистік, нигилистік немесе басқа да көзқарастарды ерікті немесе қалаусыз танудан бас тарту арқылы жүзеге асырылады.

Өзін-өзі реттеу және өзін-өзі анықтау – оқу-тәрбие процесін оқушының ішкі дүниесіне көшіру. Бұл эмпатикалық және көмекші оқыту деп аталады және студенттердің психологиялық, интеллектуалдық және құндылық мотивациясының, өзін-өзі түзетудің, өзін-өзі талдаудың, өзін-өзі бағалаудың және т.б. белгілі алгоритмдерін меңгеруін болжайды, яғни. өзін-өзі құруға, жеке шығармашылыққа бағыттайды. Әрине, мұнда ең бастысы - бұл жай ғана емес, яғни. кез келген оқу пәнінің мазмұны және қалай, яғни. өмірдің жалпы тиімділігі деп атауға болатын нәрсе үшін адаммен жұмыс істеу технологиясын, дағдыларын, әдістерін беру болып табылады.

Гуманистік педагогиканың принциптері:

- 1) тәрбиеленушінің құқығы мен еркіндігін сыйлау;
- 2) оның сезіміне арқа сүйеу;
- 3) жеке басына шамаға лайық және ақылға сыйымды ойластырылған талаптар қою;
- 4) қойылған талаптарды орындаудан бас тарту жағдайында да, оның позициясын сыйлау;
- 5) өз бетінше болуы құқығын сыйлау;
- 6) тәрбиесінің нақты мақсатын оның санасына жеткізу;
- 7) оған қажетті тәрбиелік сапаны күштемей қалыптастыру;
- 8) ар-намысына, абыройына нұсқан келтіретін, қорлайтын дене және басқадай жаза түрлерінен бас тарту;
- 9) белгілі бір себеппен оның сеніміне қарама-қайшы келетін сапаларды қалыптастыруға қарсы болу құқығын тану;
- 10) педагогикалық ықпал ету процесінде оның келеңсіз жақтарын алдын-ала ескерту;
- 11) оның қызығушылығын, талғамын, қалауын, қажеттілігін есепке алу.

Гуманистік педагогика адамның табиғатына тән және өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі тануға қабілетті адамгершілік идеясынан туындайды. Ол әр адамның өзінің мақсатын, адамгершілік шығармашылық мүмкіндіктерін ашудан көрінеді. Гуманистік педагогика адамның өзін-өзі жетілдіру қабілеті, оның лайықты өмірге, шындыққа, жақсылыққа, әділеттілік пен сұлулыққа деген ұмтылысы адам өмірінің ең үлкен қажеттілігі деген сенімнен туындайды.,

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ангеловских К. Учителя и инновации: Книга для учителя: Пер. с Македон. -М., . П Куртц. Запретный плод этика гуманизма М. 2002
- . Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М., 1989.
- . Подласый И.П. Диагностика и экспертиза педагогических проектов. - М., 2005..
- . Подымова Л.С. Подготовка учителя к инновационной деятельности. - М., 1995.
- . Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогических инноваций: Опыт разработки инновационного процесса в образовании. - М., 1991.
- Рожков М.И., Байбородова Л.В. Организация воспитательного процесса в школе. - М., 2000.

ӘОЖ 93 (94)

ҚУҒЫНДАЛҒАН МҰҒАЛІМ – ҚАРАБАЛИН ҒАБДОЛҚӘРІМ

Қатият Қ.Ж.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Тарих» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан, Орал

Аңдатпа. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысынан шыққан саяси қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жапа шеккен, бар саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ағартушы-мұғалім Қарабалин Ғабдолқәрімнің өмір жолы мен тағдыры туралы баяндалған. Қарабалин Ғабдолқәрімге тағылған айыптаулар, бұйрықтар, жеке іс-қағаздары, ұрпақтарының жазып қалдырған естеліктері БҚО Мемлекеттік архивінен және БҚО Тарихи-өлкетану музейі қорларында сақталған мұрағаттық деректер негізінде жазылған.

Түйінді сөздер: саяси қуғын-сүргін, ағартушы, мұғалім, «буржуазияшыл-ұлтшыл», «жат элементтер».

Тарихтың қилы кезеңдерінде қазақ халқының басынан әр алуан қайғылы оқиғалар өтті. Солардың бірі әсіресе кеңестік билік тұсында жүргізілген озбыр саясат, дәлірек айтсақ, Сталиндік қуғын-сүргін талай елім деп, халықтың қамын ойлаған ұлт қайраткерлерін жойып жіберді. Тоталитарлық жүйе халықтың қоғамдық, экономикалық және саяси өмірін өз қолында ұстады. Қазақстандағы білім беру жүйесі, ғылым және мәдениет мекемелері мемлекет пен партия тарапынан қатаң бақылауға алынды. Кеңестік билік қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «басқаша ойлайтындар», «жат элементтер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жауып, оларға қарсы түрлі шаралар ұйымдастырды. Халықтың мұң-мұқтажын ойлаған ұлт қайраткерлерінен сескенген кеңестік билік оқыған озық ойлы ұлт қайраткерлерін қудалады, оларға қарсы түрлі шаралар ұйымдастырды, ату жазасына кесті, шалғай өңірлерге жер аударды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарынан басталған жаппай саяси қуғын-сүргін Қазақстанда Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айдар тағылды. Ұлт қайраткерлеріне және Алашорда идеясын жақтаушы ниеттестеріне де КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Сонымен қатар, молдалар мен дін қызметкерлеріне, оқу-ағарту саласына үлес қосқан қазақ оқығандарына «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айып тағылды.

Сталиндік қатаң саясат кезеңінде жаппай қуғынға ұшырап, жазықсыз жапа шеккен оқу-ағарту саласының мамандары, оның ішінде қарапайым мектеп мұғалімдері де болды. Солардың бірі әрі бірегейі БҚО өңірінен шыққан ағартушы-ұстаз, өмірлік жолын мұғалімдікке, ағартушылыққа арнаған Қарабалин Ғабдолқәрімді атап өтуге болады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Батыс Қазақстандағы қуғын-сүргін саясат туралы құжаттарды қарастыру барысында Қызылқоға мектебінде қызмет атқарған ағартушы-мұғалім Ғабдолкәрім Қарабалиннің іс-қағаздарымен танысқанда көп нәрсеге куә болдық.

Жеке іс-құжаты бойынша Қарабалин Ғабдолкәрім – 1891 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы №16 ауылда дүниеге келгені жазылған. Әкесі Есенов Қарабала сол кезеңде мұсылманша сауатты болған адам, ол Қарабауға жақын жерде мешіт ұстап, халықты діни білімге тартуда сүбелі үлес қосқан. Қарабала балаларына да білім алуына жағдай жасаған көрнекті ұстаз болған екен [1, б. 57].

Есенов Қарабала өзінің ортаншы ұлы Ғабдолкәрімді Орынбор, кейін Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқытып, толық білім алуына барлық жағдайды жасаған [1, б. 58].

Сол кезеңдерде әйгілі білім ордасы саналған «Ғалия» медресесі 1872 жылы Башқұртстанның Уфа қаласында ашылған мұсылмандардың жоғары діни оқу орны болып табылады. Медресенің «Ғалия» аталу себебі - оның жоғарғы дәрежелі оқу орны екенін аңғартады. «Ғалия» медресесінде дін сабақтарымен қатар араб, парсы, түрік тілдері, исламдық хұқық (шариғат), шығыстану тарихы, арифметика, ал XX ғасырдың 10 жылдарынан бастап төте оқу үлгісі бойынша химия, физика, математика, география, жаратылыстану ғалымдары, сондай-ақ, орыс тілі мен әдебиеті де оқытылған. Бұл медресе «Жәдид» әдісімен діни сабақтармен қатар математика, физика, химия, тарих және бірнеше тілдерден жан-жақты білім беретін. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «Ғалия» медресесінде көптеген қазақ жастары білім алды. Олардың ішінде М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаев, Ж.Тілепбергенов, Қ.Оразбаев, И.Тасболатов, Ш.Назаров, Ғ.Қамзин, М.Оразбаев, Б.Серкебаев т.б. барлығы 50-ден астам белгілі қазақ азаматтары болған. Мұнда қазақ қыздары да дәріс алған. Жайық өңірінен барған шәкірттер арасынан кейіннен аты елге танымал А.Мәметов, Н.Манаев, Б.Жәнекешов, М.Рахманберлиев сияқты қайраткерлер шықты [2].

Ғ.Қарабалин медреседе «Қазақ тілі» газетінің тұңғыш редакторы болған Мәннан Тұрғанбаев, Мәншүктің әкесі Ахмет Мәметов секілді айтулы тұлғалармен қатар оқиды [4, б. 18]. БҚО Тарихи-өлкетану музейінде сақталған қорларда сол кезде медресе «Ғалияда» оқыған қазақ жастарының ішінде Ахмет Байтұрсыновпен бірге осы Ғабдолкәрім Қарабалиннің бірге түскен суреті сақталған [3].



Сурет 1 - 1916 жылы Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ жастарының арасында Ахмет Байтұрсынов бар. Қарабалин Ғабдолкәрім соңғы қатарда оңнан солға қарай жетінші [5]

Тартысқа толы дүбірлі заманда әртүрлі ұлт өкілдерімен араласып, пікір алмасуы оның рухани, саяси өсуіне ықпал етіп, халқына шексіз қызмет ету құштарлығын арттырады.

«Ғалия» медресесінде өзге де қазақ балаларымен бірге, жан-жақты білім алумен қатар, көптеген қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып отырған. Қарабалин Ғабдолкәрімнің «Ғалия» медресесіндегі кезеңі рухани кемелденуіне себеп болып, тұлға ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарды.



Сурет 2 - Ғабдолкәрім Қарабалин

«Ғалия» медресесінің толық курсын аяқтағаннан кейін, жас маман туған жеріне келіп, 1918 жылы Қызылқоға жеріндегі атақты Кермеқас мектебінде мұғалімдік жолын бастайды. Бұл жылдары Кеңес үкіметінде, оның ішінде Қазақстанда да халықтың жаппай сауатсыздығын жою міндеті алға қойылған кезең болатын. Алғашқы іс-шаралар Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылғы 26 желтоқсандағы «РСФСР-дың ересек халқының арасындағы сауатсыздықты жою туралы» деректен бастау алған еді [1, б. 58].

Сауатсыздыққа қарсы күрес барысында Қазақстанда ВКП(б) Орталық комитетінің 1929 жылғы 17 мамырдағы «Сауатсыздық жою жұмысы туралы» қаулысынан кейін жергілікті жерлерде өзгерістер бола бастады. Қатардағы мұғалім Ғабдолкәрім сол жылдары Тасшағыл, Қарабау және Қаракөл мектептерінде қазақ тілі және әдебиет, тарих пәнінен дәріс оқып, ересектерді сауаттандыруда айтарлықтай үлес қосқан. Кеңестердің халық арасындағы сауатсыздықты жою шаралары барысында Ғабдолкәрім Қарабалин 1924 жылы кәсіпшілер одағына мүше болып, мәдени жұмыстар жүргізуде көзге түскен.

Алайда саяси-ағарту саласында сауатсыздыққа қарсы шаралар ұйымдастырылғанымен бұл салада олқылықтар да орын алды. Сол кездегі билік басындағылар молдалардың, байлар мен болыстардың, қажылар ұрпақтарына күдікпен қарап, оларға қарсы күрес жүргізе бастаған. Сол кездері байлардың, діни иелерінің ұрпақтарының қоғамға тигізетін кері әсері көп деген ұғынушылық болған. Осыған байланысты 1926 жылы ВКП (б) өлкелік комитетінің жанынан дінге қарсы комиссиялар құрыла бастады. Дінге қарсы насихат жүргізіліп, мешіттерді, діни орындарды, құран кітаптарын өртеп, молда, имам, хазіреттерді және олардың ұрпақтарын қатаң жазалай бастады [1, б. 59]. Сондықтан олардың игі істері көрінбеді, ал белсенділер, НКВД, үкімет мүшелері олардың соңына түсіп, жұмыстарынан кемшіліктер іздеуін тоқтатпады.

Мұрағатта сақталған деректерде аудан орталығы Калмыковтан оқу бөлімінің инспекторы Жанетов Қажығалидың (негізі 16 ауыл тұрғыны, партия мүшесі, білімі төменгі дәрежеде) Қаракөл орталау мектебінің мұғалімі Қарабалин Ғабдолкәрімнің сабағына қатысқаны туралы жазылған. Онда «Архитектуралық құрылыстың дамуы» деген тақырыпты баяндауында «...мешіт пен шіркеу құрылыстарынан мысалдар келтіріп, жас ұрпаққа коммунистік тәрбиені насихаттаудан гөрі діни бағытқа назар аударды» деп Ғ.Қарабалинды сынайды. Міне осы оқиға Ғабдолкәрімнің ең алдымен педагогикалық жұмыстан шығарылып, кейін жауапқа тартылуына негіз болады [6]. Аталған оқиға

негізінде, яғни жабылған жала нәтижесінде БҚО Мемлекеттік архивінде сақталған №786 қор, №2 тізбе, №56 істе облыстық білім беру бөлімінің меңгерушісі Абдоллаевтың 1937 жылы 26 қарашада жазған бұйрығы да сақталған. Бұл бұйрықта Тайпақ ауданының Қаракөл орталау мектебінің мұғалімі Қарабалин Ғабдолкәрім өзінің әлі күнге дейін мешіті бар және әлі де діншіл, молда Есенов Қарабаланың баласы болғаны үшін және туған ағасы Есенов Қабдырахман сол кезде діни агитацияға ұшыраған деп көрсетіліп, сонымен қатар, мұғалім Ғабдолкәрім жазба диктантын жазу кезінде оқушыларға «мұнара» түсінігіне анықтама бергені үшін кінәлі деп танылып, жұмыстан шығару туралы бұйрық берілген [7].

Әрине, аталған фактілер бойынша, кеңестік айыптауларға оның шыққан тегі де әсер етпей қойған жоқ. Әкесі Есенов Қарабала сол кездері мешіт ұстаған белгілі имам, діни қызметкер болса, ағасы Есенов Қабдырахмен молда болғаны үшін 1929 жылы 5 жылға жер аударылып, жазасын өтеп келгеннен кейін, 1937 жылы сол бұрынғы айыптарымен қайтадан тұтқындалады.

1937 жылғы 22 желтоқсанда Тайпақ аудандық НКВД қызметкері Рағалиев пен бөлімше инспекторы Аймұратов №48 ордер бойынша Ғабдолкәрім Қарабалиннің үйіне тінту жұмыстарын жүргізіп, ешқандай қылмыстық заттардың табылмағандығын айтып, меншігінде 2 сиыр, 1 ат, 8 қой, 2 ешкісінің болғандығын есепке алған [6].

Тексерушілер Ғабдолкәрімді алып бара жатқан кезде ол дереу өзінің сабақ беріп жүрген мектебіне барып қызы Үміт пен інісі Сүлейменді сабақтан шығарып алып, «Мен ауданға кетіп барамын...Жақсы оқындар!», - деп, Сүлейменнің құлақшынын алып, оған өзінің тәуірлеу құлақшынын беріп, бір ауыз тілдеспестен асығыс кете барған [5].

Ғабдолкәрімнің үстінен РСФСР кодексінің 58 бабының 10/2 тармағымен іс жасақталған. Оған Орынбор, Уфа қалаларында діни оқу орындарында оқығаны үшін, мешіт ұстаған әкесі, ағасы болғаны үшін, діни, ұлтшылдық, буржуазиялық үгіт-насихат таратып, Қазақстанды КСРО-дан бөліп алып, Қытайдың көмегімен ескі байлық құрылысты орнатуға астыртын жұмыстанған деген жалған айып тағылған.

Тексерушілердің көрсетуі бойынша Қарабалин өзіне тағылған айыпты мойындамағанымен куәгерлер Далбанов Абеу және Мұхамедрахимов Ғұмардың берген түсініктемелерін негізге алып, оларды өздерімен бетпе-бет жауаптаудан кейін, №208 бапқа сәйкес кінәлі деп танылады. Батыс Қазақстан облысы НКВД Үштігінің қаулысымен 1937 жылы 28 желтоқсанда РСФСР кодексінің 58-10 бабының 2 тармағымен «Ғабдолкәрім Қарабалин 10 жыл еңбекпен түзеу лагеріне жіберілсін және уақыты 22 желтоқсаннан бастап есептелсін» деп көрсетілген, бұған үштіктің хатшысы Қабанов қол қояды. Бірақ ешқандай себепсіз 1938 жылғы 16 ақпанда Батыс Қазақстан облысы үштігінің мәжілісінде Ғ.Қарабалиннің ісі қайта қаралып, оған ең ауыр үкім - атуға жазасына кесіліп, оған тиесілі жеке мал-мүлкін тәркілеу туралы үкім шығарылады. Оған НКВД Үштігінің хатшысы Троцкийдің қолы қойылған хаттама жасалады. Үкім 1938 жылы 19 ақпанда орындалады [6].

КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 19 қаңтардағы «О дополнительных мерах по восстановлению справедливости в отношении жертв репрессий, имевших место в период 30-40-х годов» Қаулысы бойынша Ғ.Қарабалин толық ақталған.

Еліміздің барлық өңірін шарпыған ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы Сталиндік қуғын-сүргін саясаты осылайша Қарабалиндер әулетін де шарпып, терең із қалдырды. Ең өкініштісі бұл бір ғана отбасының басына түскен зобалаң емес еді. Қарабалин Ғабдолкәрімнің зайыбы Хадиша әжеміздің айтуы бойынша тек өзі білетін Тайпақ ауданы бойынша сол жылдары 25 оқытушы тұтқындалған. Ғабдолкәрім Қарабалиннің ұлының келтірген естеліктерінде осы 25 мұғалімнің ішінде тек аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Ноғасев Құсайын мен орыс тілінің оқытушысы Анайысов Сисеннің есімдері ғана есінде қалғандығын айтады. Бұларда жазықсыз жаламен тұтқындалғаннан кейін елге қайта оралмаған адамдар [8].

Қарабалиндер әулетінің басына түскен ауыртпалық оңай болған жоқ. БҚО Тарихи-өлкетану музейі қорынан табылған Ғабдолкәрім Қарабалинның ұлы Сабыр Ғабдолкәрімовтің естелік жазбасында ол кездері «Халық жауы» аталғандардың жанұясына

деген дұрыс көзқарас болмағандығын жазып, барлығы «Халық жауының» отбасымен араласуға да қорыққан заман болғандығын айтып өткен. Ғ. Қарабалинның артында қалған зайыбы Хадиша әжемiз 4 бiрдей баласымен жесiр қалды. Үлкен қызы Үмiт он үш жаста болса, кiшкентайы жасқа да толмаған едi. Сол жылы әкесiнiң артында аңырап қалған отбасы Тайпақ ауданына қоныс аударады. Ғабдолкәрiм отбасының аты мен арбасы, сиыры мен Хадиша әжемiздiң iс машинасына дейiн ортаға салынып, колхозға алынады. Барлығынан айырылған Хадиша Мұхамбетиярқызына 4 баланы өсiру оңай болмады. Балаларын өсiру үшiн, балаларын ел қатарына қосу үшiн күнi-түнi еңбек етiп, соғыстың сұрапыл жылдарында «Өлеңтi», «Мәулiмберлi» колхоздарында сауыншы болып жұмыс iстейдi. Жолдасы Ғабдолкәрiм туралы бiрауыз жылы хабар естiместен 1981 жылы фәни дүниеден өттi [1, б. 60].

Қорытындылай келе, ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы Кеңес үкiметi жүзеге асырған сталиндiк қуғын-сүргiннiң қанды қылышынан құтыла алмай кеткен қаншама зиялы, оқыған-тоқыған ұлт жанашырларының, олардың отбасыларының тағдыры көзiмiзге жас ұялатады. Қарабалин Ғабдолкәрiмнiң күйiн кешiп, жазықсыз құрбан болып, жаппа шеккен қаншама ұлт зиялыларының тағдыры, өмiр жолы беймәлiм күйiнде тарихтың қойнауында жабулы күйiнде қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Табылдиев Х.Б. Нығмет Ғ.Н. Ақтандақтар ақиқаты. Тарихи-өмiрнамалық очерк. Атырау, 1998. – 71 б.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002.
3. БҚО Тарихи-өлкетану музейiнiң 24230в қоры.
4. Қалдыоразұлы Қ. Зайлағи Есенов. – Алматы, 2011. – 220 б.
5. БҚО Тарихи-өлкетану музейiнiң №23137в қоры.
6. БҚО Тарихи-өлкетану музейiнiң №23267в қоры.
7. БҚО Мемлекеттiк архивi. Қ. 786, Т.2, I.(56) 59.
8. БҚО Тарихи-өлкетану музейiнiң №24230в қоры.

Ә

О
Ж

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қарашбаева К.Ж.

Ғылыми жетекшісі: Айджанова З.Ж.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Мақалада жастардың бойында рухани-адамгершілік тәрбие мен құндылықтарды қалыптастырудың маңызы өзектелген. Сонымен қатар, рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастырудың мысал әдісі, жаттығу әдісі, дағдыландыру әдісі, әңгімелесу әдісі, сендіру әдісі, көндіру әдісі, бәсекелестік әдісі, ынталандыру әдісі, мәжбүрлеу әдісі, бейімделу әдісі, практикалық сабақтар сынды заманауи формалары мен әдістері сипатталған.

Түйінді сөздер: тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыру, тәрбие формалары, құндылық.

Заманына қарай адамы, талабына қарай қадамы десек те, қашан да ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау жалпы ұлттық мәселе болып қала бермек. Осы тұста жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру, оны ұйымдастыру және заманауи формалары

мен әдістерін жүйелеу маңызды. Білім беру жүйесінде тәрбие беру ұлттық және рухани негізде үйлестіре жүргізуді қажет етеді. Осыған орай адам тәрбиелеу – адамзаттың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, азаматтық борышы.

Сан ғасырлар бұрын айтылған «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген Платонның сөзі бар. Өйткені ұрпақ тағдыры дегеніміз – қай заманда да ұлт тағдыры. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешілуде. Бүгінгі тәжірибемізде жастарға адамгершілік-рухани құндылықтардың даму жолдарын айқындап беру өзекті мәселе болып отыр.

Білім беру ұйымдарының алдындағы негізгі мақсат - жастардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытып, қалыптастыру жолдарын ғылыми және практикалық тұрғыда зерттеу әрі оның әдістемесін жасау. Білім беру жүйесінде тәрбиенің оқытудан басымдылығы және шын мәнісінде, тәрбиені оқытудың құрамдасы ретінде енгізу, адам бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыру, оны тәжірибеде қолдану қағидалары қарастырылады.

Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Бұл жастардың санасында рухани жаңғырудың басымдықтарын қалыптастырудың өзектілігін айқындайды.

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар қазіргі қоғамдағы білім беру мәселелерінің өзегі болғанда ғана өз шешімін табады. Сондықтан болашақ педагог-психолог алдымен өзінің жоғары рухани табиғатын жете түсінуі және жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде қолданудың үлгісі болуы тиіс. Сонда ғана ол әрбір оқушыға рухани-адамгершілік білімді жеткізе алмақ.

Еліміздегі білім беру үдерісінде жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жоғары деңгейде көрініс тапқан.

Рухани-адамгершілікті қалыптастыруға бағытталған бағдарламалардың балабақша тәрбиесінен бастап ЖОО-да жүргізілетіндігі – үздіксіз үдерістің жарқын айғағы.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту, педагогикалық кадрларды даярлау және ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру сынды негізгі бағыттардың жолға қойылуы – қоғамның негізгі даму басымдықтарын айқындайтын білім беру саясатының үлкен жетістігі. Яғни, еліміздің туын асқақтатар білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – біздің алдымыздағы ең басты міндет. Ал, ұрпақ тәрбиесінде рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңызы қай қоғамда, қай кезеңде болмасын күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Бірінші ұстаз Аристотельдің «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» — деген сөзі жасалған қадамдарымыздың дұрыстығын дәлелдей түседі.

Қазіргі жаһандану заманында әркімнің ісінің өнімді, табысының толымды болуы, әлемдік бәсекеге төтеп беруі қай кісінің болса да өзінің қабілеті мен тапқырлығына, білім-біліктілігіне байланысты екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомаға айналды. Осы ғаламдық үдеріске сай адам ресурс адам факторы, "адам капиталы" деген сияқты жаңа әлеуметтік-педагогикалық ұғымдардың пайда болуы да заңды құбылыс. "Адам капиталы" өркениетке өрлеудің, жаһандану, бәсекеге қабілетті болудың шешуші факторына айналғаны мәлім. Қазіргі қарыштап қарқынды даму кезеңде адамның жай қабілеттілігі мен ебедейлігі әлемдік бәсекелестік жарыста озып шығу үшін жеткіліксіз болып отырғаны белгілі. Демек, қоғамдық, әлеуметтік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын яғни, адамгершілік құндылықтарының жоғары болуын қамтамасыз етіп, азамат тәрбиелеудің жаңа бағыттарын ойластырудың қажеттігі туындады.

Осы ретте, жастардың бойында адамгершілікке бағытталған жүйе қалыптастыруды, тәрбие жұмысын ұтымды жоспарлай білуді және жаңа технологиялық негіздерді оңтайлы ұйымдастыруды жүзеге асыру, тәрбие процесін жаңа ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттелуін де талап етеді.

Жастардың рухани құндылықтарын қалыптастыру мәселесі барлық кезеңдерде де өзектілігін жоймай, педагогика ғылымының зерттеу нысаны болудан тайған емес. Оның өнеге үлгілерін өскелең ұрпақ тәрбиесінде пайдалану қажеттілігі мен теориялық педагогикалық негіздері Аристотель, Сократ, Платоннан басталып, бұны алыс-жақын шетел педагогтары Б.С.Гершунский, И.П.Подласый, Н.Е.Щуркова т.б. жалғастырып, психологтар Ф.Франкл, Л.И.Божович, С.Л.Рубинштейн, Ж.Ы.Намазбаев, Қ.Б.Жарықбаев т.б. ғылыми теориялық тұрғыдан тереңдетті.

Қазақ даласының ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Б.Баласағұн, М.Қашқари, ғұлама ағарушылар Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, ХХ-ғасырдың бірінші жартасындағы педагог ағартушылар тобы М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров ұлттық адамгершілік құндылықтарының негізін салған философтар мен мәдениеттанушылар Ө.Нысанбаев, Л.Кішібеков, Ғ.Есім, Т.Ғабитов т.б. ары қарай жаластырды.

Рухани-адамгершілік тәрбиені ұйымдастыру үшін келесі әдістер қолданылады:

1. Мысал әдісі - үлгіні мінез-құлықтың дайын бағдарламасы, өзін-өзі тану әдісі ретінде ұсыну тәсілі. Мысал арқылы білім беру әдісі осыған негізделген. Оқытушы өзінің мінез-құлқын, іс-әрекетін бақылауы керек, олардың адамға әсер ететінін ұмытпауы керек.

2. Жаттығу әдісі - тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру үшін бір әрекетті бірнеше рет қайталау.

3. Дағдыландыру әдісі - бұл студенттің белгілі бір әрекеттерді әлеуметтік мінез-құлықтың әдеттегі формаларына айналдыру үшін жүйелі және тұрақты орындау жүйесі. Жеке тұлғаны тиімді тәрбиелеу үшін нақты өмірлік маңызы бар проблемалық жағдайларды жасауға бағытталған тиісті әрекеттер жүйесі қажет.

4. Әңгімелесу әдісі - тәрбиешінің ақпаратты жеткізуге және алуға, белгілі бір ойлар мен сезімдерді оятуға және сол арқылы олардың мінез-құлқына ықпал етуге бағытталған оқушылармен диалогтық өзара әрекеті.

5. Сендіру әдісі - бұл адамға ықпал ету тәсілдерінің бірі, қоршаған шындыққа саналы қатынасты дамыту мақсатында оқушының санасына, сезімдері мен ерік жігеріне ықпал ету әдісі.

6. Көндіру әдісі - студенттің психикасына ақпараттық әсер ету әдістерінің жиынтығы, оның ойлауының қисындылығы мен сыншылығы төмендеуімен, тәрбиешінің талаптары мен көзқарастарын оңай қабылдаумен байланысты.

7. Бәсекелестік әдісі - бұл мұғалім студенттер арасында салауатты бәсекелестік рухын дамытатын әдістер мен әрекеттердің жиынтығы, әрқашан ең жақсы және барлық жерде алда болу қажеттілігі.

8. Ынталандыру әдісі - жағымды бағалауды білдіру тәсілі, адамгершілік мінез құлықты қалыптастыруды шоғырландыру және ынталандыру. Бұл әдіс ынталандырушы болып табылады. Ынталандыру мақұлдау, мақтау, ризашылық білдіру, марапаттау түрінде көрінеді.

9. Мәжбүрлеу әдісі - тәрбиеші тарапынан студентті жаман әдеттер мен жат мінез-құлықтан бас тартуға мәжбүр ететін әдістер мен әдістер жүйесі.

10. Бейімделу әдісі - жеке ерекшеліктеріне, уақытына, жасына.

11. ЖОО-да рухани-адамгершілік білім беру бағдарламалары аясында практикалық сабақтарды өткізу үшін «Дос-кеңесші» моральдық таңдау жағдайына ену әдісі ұсынылады.

Рухани-адамгершілік тәрбиелеу процесіне тарту үшін студенттермен жұмыс істеудің практикалық ұсыныстары ұсынылады:

Бірінші курстан бастап студенттердің назарын әлеуметтік белсенді, білімді, адамгершілікті және дені сау тұлғаны дамытуға бағытталған тәрбиенің негізгі принциптеріне аудару керек:

- патриотизм мен азаматтылық; сыйластыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, ортақтастық пен жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу;

- объективизм және гуманизм тәрбие субъектілерімен өзара әрекеттесудің негізі ретінде;

- кәсібилік, жауапкершілік және тәртіп;
- динамикалық әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа қабілетті маманның жеке басын қалыптастыруды қамтамасыз ететін бәсекеге қабілеттілік;

- университеттің мәдени-білім беру кеңістігін кеңейтуді қамтамасыз ететін және қоғамдық мүдделерді ұштастыруға, бірлескен жобаларды іске асыруда қаражат пен ресурстарды шоғырландыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік әріптестік.

Күтілетін нәтижелер:

- тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерінің деңгейін арттыру;
- жалпы құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін арттыру;
- кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін арттыру;
- нақты әлеуметтік ұстанымы, жоғары азаматтық жауапкершілігі бар әлеуметтік жетілген тұлғаны қалыптастыру;

- жанжалсыз қарым-қатынас дағдыларын тиімді қолдана алатын әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру;

- саналы түрде салауатты өмір салтын таңдайтын тұлғаны қалыптастыру;

- ЖОО студенттерінің әлеуметтік бейімделу және әлеуметтік белсенділік деңгейін арттыру;

- студенттердің денсаулық жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету;

- республикалық, халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің үлесін арттыру;

- ЖОО-дағы білім алушылардың жалпы санынан оқу-зерттеу жұмысында жұмыс істейтін білім алушылардың үлесін ұлғайту;

- студенттердің жалпы контингентінен үйірме жұмыстарымен айналысатын және кәсіби шеберлік конкурстарына қатысатын білім алушылардың үлесін арттыру;

- сауықтыру іс-шараларына қатысатын ЖОО студенттерінің санын студенттердің жалпы контингентінің 100%-на дейін ұлғайту;

- спорт секцияларында шұғылданатын студенттер санын студенттердің жалпы контингентінің 70%-на дейін ұлғайту.

Алаштың ардақты перзенті Мағжан Жұмабаев «Кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе, адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі дейміз» деп айтқандай, рухани-адамгершілік құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, әлеуметтік ортадағы мейірімділік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу, жастардың өмірге оң көзқарастарын қалыптастыру бүгінгі нақтылықтың негізгі мәселесіне айналды. Болашақ мамандарды даярлауда тиімді әдіс-тәсілдер арқылы рухани -адамгершілік тәрбие беруді шыңдау жарқын болашаққа сәуле болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Оспанова А.Н. «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту» Әдістемелік материалдар. ISBN 978-601-7857-54-7, 2021-33б.

2.Ғабитов Т.Х. Әдеп негіздері. – Алматы: Мұраттас, 1997.

3.Қазақ халқының философиясы мұрасы // Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007. – XII т.

4.Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі. – Алматы: Ақыл кітабы, 2001.

5.Қазақ даласының ойшылдары / Ред. басп. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: ФСИ, 2001. – 2 кітап. – 283 б

БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Ағдал Ж.

Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Мақалада жас ұрпақты жастайынан Отанына, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке патриоттық рухта тәрбиелеу. Ата-ана тәрбиесі арқылы санасын, көзқарасын қалыптастыру, патриоттық тәрбиенің маңызын ашу мәселелері баяндалады.

Түйінді сөздер: Патриотизм; тәрбие, ата-ана, құрмет, адамгершілік, жас ұрпақ, білім, сенім.

Жастар тәрбиесі және болашағы қай ғасырда, қандай қоғамда болмасын адамзат үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Тәрбиелі, білімді, ата-дәстүрін ұмытпаған ұрпақ мемлекеттің мызғымас діңгегі. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан тарау. Солардың ішінде шешуші рөл атқаратын тәлімі мен тәрбиенің бір түрі – жастарды өз құқығын білетін көзі ашық азамат ретінде білім бере отырып, патриотизм рухында тәрбиелеу маңызды іс саналады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан-2030” Стратегиялық бағдарламасында: “Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек”, – деп ерекше мән беріп тоқталған болатын. Бұлай екпін түсіріп айтуының өзі қазіргі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тәуелсіздікке жетіп отырған тәуелсіз мемлекеттігіміздің тұрақтылығын сақтап, оны болашаққа аманат етуді көздейді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Педагогика тарихына үңілсек, Отанға деген сүйіспеншілік, оны жүзеге асырудың жолдары туралы айтылған тұжырымды ойлар жетіп артылады.

Ертедегі грек және рим ойшылдарының (Платон, Цицерон, Аристотель, т.б) еңбектерінде тәрбие идеялары көрініс береді. Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі оқушы тұлғасын қалыптастыруда ұтымды қолдану – уақыт талабы. Зерттеуші ғалымдардың, педагогтардың тұжырымдары бойынша, жас ұрпақты отансүйгіштікке баулуда баға жетпес педагогикалық құрал – батырлардың қаһармандық бейнесі және оның қазақ ауыз әдебиетінде, тарихында, көркем шығармаларда сомдалуы болып табылады десек, одан қазақ батырларының бойындағы елдік қасиеттердің жиынтығы да, азаматқа тән адамгершілік болмысы “сегіз қырлы, бір сырлылық” та, шешенге тән алымдылық та, данаға тән білгірлік те, биге тән көсемдік те, әулиеге тән көрегендік те табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ер Төстіктің қаһармандығын, Бекет атаның бойындағы әулиелігін, Исатай батырдың ел бастаған билігін, Сырым батырдың шешендігін, Б.Момышұлының батырлығын айтуға болады. Тамыры терең патриоттық тәрбиенің көзі ұлттық тарихымызда осылай жалғасып кете береді. Ал, бүгінде қазақ елі-көп ұлтты мемлекет. Әрбір азаматы ұлты мен дініне қарамай татулық пен бірліктің туын жоғары көтере білсе – патриотизмнің негізі сол болмақ[1].

Осы орайда Елбасы өзінің “Тарих толқынында” кітабында: “Ұлттық бірліксіз патриотизм деген жансыз бірдеңе ғана болып қалады”, – деп ұлттық бірлікке ерекше мән береді. Бірлік пен татулықтың маңызына халқымыз да бейжай қарамаған. “Бірлік болмай, тірлік болмас”, “Төртеу түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер”, “Ынтымақсыз – ел оңбас” деп, жас ұрпақтың санасына сіңіріп отырған.

Б.Момышұлы “Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді” – деп анықтама берген.

Рухани-адамгершілік тәрбие ерте балалық шақтан бастау ала отырып, адамның өмірінің әр кезеңдерінде жүйелі дами келе, осы тәрбие үрдісін дұрыс, жүйелі ұйымдастыру нәтижесінде рухани бай дамыған тұлғаны тәрбиелеуге өріс ашады. Мағжан Жұмабаевтың педагогикасында «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда адам баласы өте әлсіз, зағып, осал болып туады. адам туғанда іңгәлаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз, өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз болып туып, аса сараң өсететіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды», - деп тәрбиені дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық хәм құлық тәрбиесі деп төртке бөледі. Әрбір ата-ана өз перзентінің ақылы толық Адам болуын тілейді. Өздері жетпеген арман-тілектерге балалары жетсін дейді. Балаларының әрбір жетістігіне олар қуанады, кемшілігіне қайғырады. Ата-ананың осындай үміт, арманы да дәстүр бойынша ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келеді. Бала ата-ана алдындағы қарызын ешқашан толық өтей алмайды. Керісінше, бұл қарызды өз балаларына беріп құтылады.

Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жараталысына қарай беру керек. Жас бала – жас шыбық. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеу өте қиын. «Баланы бастан» деген сөздің мәнісі осы. Сондықтан бала жүрегіне адамгершілік қасиетті қалыптастыру ата-ана мен мектептің міндеті.

Адамгершілік – жақсылыққа жетелейтін жол. Адамгершілік – бұл балаларды ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа алып келетін қасиет. Адамгершілік қасиетті отбасы мен балабақшада бірлесе қалыптастыру арқылы жүрегі таза, пәк шыншыл адам тәрбиеленіп шығары сөзсіз. Балаға тәрбие беретін әрбір ұстаз салт дәстүр мен әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің жаны таза болуы шарт. Балаға ұстаздың бойындағы жақсы қасиеттер барысындағы, оқытудағы ұйымдастырушылық қасиеттер арқылы беріледі. Әрбір тәрбиеші бала жүрегінің жылуын, өзіне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ата-анамен үнемі тығыз байланыста болған жағдайда ғана бала бойына адамгершілік атты асыл қасиетті қалыптастыратыны сөзсіз. Отбасы мүшелерінің бір-біріне әсері, оның ішінде әсіресе үлкендердің балаға ықпалы белгілі жоспармен, өз бетінше жүреді. Алайда осы ортаның өзінде мақсатқа бағытталған отбасы тәрбиесі деп аталатын бөлшегі бар.

Отбасы тәрбиесінің маңызы ата-ананың өз балаларының кәмелеттік жасқа толып, ер жеткенде қандай болып шығатынын тілейтін ізгі мұраттарынан туындап, соған бағытталады. Әрбір отбасында тәрбие мақсаттары әр түрлі болады. Тіпті бір отбасының өзінде олар отбасы жағдайы мен ата-ананың қолы жеткен табыстарына байланысты өзгеріп отырады мазмұны тұрғысынан алғанда отбасы тәрбиесі ата-ананың, басқа да отбасы мүшелердің білімінің, мәдениетінің деңгейі, олардың мамандығы қызмет бабы, тұрмыс жағдайы да әсер етеді. Дегенмен отбасындағы тәрбиенің өзегі болып табылатын, әрқашан басты назарда болуға тиісті жалпы адамзаттық құндылықтар бар. Адамға тән мейірімділік кезден ең жақын адамын сүюден бастайды. Сондықтанда мейірімділіктің ошағы – отбасында. Өзара сүйіспеншілігі жарасқан отбасы мүшелері арасындағы үйлесімдіктің

қалыптасуы оның мызғымас іргетасына айналады. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген халық мақалының мәні тереңде жатыр. Жеке талдай түссек, мақал отбасындағы ынтымақтастық пен өзара сыйластық жөнінде болғанмен, оның негізі өзара үйлесімділікте. Сондықтан баланың дамуына бақылау жасай отырып, оның табиғи икемділігін анықтауда отбасының рөлі зор. Баланың табиғи икемділігі отбасында анықталатын болса, оның болашағы ерте айқындалар еді. Өкінішке орай, баланың бойындағы құндылықтардың даму бағытын айқындау ұстаздың міндеті деп біліп, оның үлесіне ауысып кетіп жатады. Бала тек ұрпақ жалғасы емес, ол қымбат әлеуметтік құндылық. «Баланың бас ұстазы ата-ана» - дейді халық даналығы. Сондықтан ата-ана баланы өз мүддесінде байланысты үйлесімдікте дамытуға, рухани байытуға міндетті.

Өмір ең басты құндылық болып табылатыны анық. Адамдардың өмір сүру құндылықтар дүниесін анықтайды. Басқаша айтқанда, өмір болмаса құндылықтар да болмайды. Ата-ананың борышы баланың тек табиғи қажеттіліктерін орындаудан ғана емес, дұрыс өмір сүруге бағыт, бағдар беруден тұрады. Демек баланың дара және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие, білім беру.

Отбасылық тәрбиенің бір шарты – балаға сенімділік пен өзін-өзі бағалауға мүмкіншілігін беру. Сенім арқылы баланың бойында сыйластықты қалыптастыруға болады. Егер үлкендер баланың күшіне, адалдығына, мейірімділігіне сенім артса, онда оларда өз күшіне сенушілік жоғарылайды және онда оларда өз күшіне сенушілік жоғарылайды және одан да жақсы жақтарын көрсеткісі келеді. Сенімділікті пайдалану барысында баланың даралық қасиеттерін, жас ерекшеліктерін тануға мүмкіндік туады. Сенімділік жеке адамды тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге бейімдейді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Сіздер мен біздер, тек болашақ буынды ғана емес жалпы адамзаттық қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін жаны да, тәні де таза білімді патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз» деген, ендеше бала тәрбиесіне отбасы, мектеп, оның араласатын ортасы әсерін тигізбек. Жалпы бала тәрбиесі назардан тыс қалмайтын ең маңызды да өзекті мәселе. Баланың бойындағы жағымсыз жат әрекеттер байқалғаннан-ақ ата-ана, мектеп тыйым салып, дұрыс жолға бағыттау олардың бойына адамгершілік, кішілік, әдептілік, ізгілік қасиеттерін дарыту керек. Мектеп қабырғасында оқушы 6 сағат сабақ оқып, 2 сағат үйірмеге қатысатын болса, қалған 16 сағаты үйінде, болмаса ата-ананың тәрбиесінде деген сөз. Сол он алты сағатта өз баласына ақыл айтып, мағыналы әңгіме, сабағына қарап, оң тәрбие беретін ата-аналарымыз азайып бара жатыр.

Ой санасы дамыған, адамгершілік және дене тұрғысынан салауатты, мәдениетті тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды көздеген тәрбиенің мәселелері мектепті де, ата-ананы да әрқашан толғандырып келеді. Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынаста. Өйткені адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата-ана.

«Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деп Елбасы айтқандай, бала әкеден – ақыл, анадан – мейір алып өседі. Қай ата-ана болмасын баласының тәрбиелі, білімді, мәдениетті болуын қалайды. Ал адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі баланың ата-анасына ардақ тұтып, өзінің перзеттік парызын бір сәтке де есінен шығармауында. Ата-ана мен бала арасындағы ашық, сенімді қатынастың арқасында отбасындағы адамгершілікті жағымды деңгейде жүзеге асыруға болады. Отбасының негізгі қызметтерінің ең бастысы деп бала тәрбиесіндегі сәттілікті айтуға болады. Ол үшін ең қажеттісі:

Бала тек тәрбиенің жемісі ғана емес, сонымен қатар ол өз отбасының және өзінің өмірлік орнын, отбасына және өзіне байланысты мінез-құлықты анықтайды. Нақтылап айтқанда бала өзіне тәрбиеші. Балалар өзінің аз тәжірибесінде өзіндік ойлауы арқылы айналасындағыны қабылдайды, әрі бағалайды. Олардың мінез-құлқын, эмоциясын түсіну үшін өмірге олардың көзімен қарау қажет. Балаларға тек біз айтқан нәрселер ғана әсер

етпейді, сонымен қатар ата-ана баланың мінез-құлық ерекшеліктерін ескеруі қажет. Қорыта айтар болсақ, адам бойында құндылықтар жүйесін қалыптастыруға отбасында, қоғамдық ортада аса зор мән берілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Азаматтарды патриоттыққа тәрбиелеу. Әдістемелік құрал. – Астана: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2010
2. Калмырзаев А.С. Казахстанский патриотизм. Размышления политолога о свободе, демократии и национальных ценностях в условиях независимости. Алматы: НИЦ «Ғылым». 2003, 460 с.
3. Кабульдинов З.Е. Патриотическое воспитание молодежи. Опыт молодежных организаций (методическое пособие). – Астана, 2011.
4. Ә.Кішібеков. «Мәдениеттану», Алматы, 1997ж.

Ә

О

Ж

ЕРЛІК ӨНЕГЕСІ – ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ

Қуаналы Н.

Ғылыми жетекші: Көкшеева З.Т.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Мақала жас ұрпақты Отанына, халқына, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде, оқушылардың бойында патриоттық санасын, көзқарасын қалыптастыру, батырлар мысалында ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелері баяндалады.

Түйінді сөздер: патриотизм, жас ұрпақ, тәрбие, отансүйгіштік, болашақ, Отан, тұлға, батыр, ұлттық намыс.

Қазақ халқы өз ұрпағын ізгілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеп келеді. Осы тәрбиені одан әрі жалғастыру үшін әрбір отансүйгіш азаматтардың өткен күнгі тарихты, батырларымыздың ерлік рухын білуі керек. Қазақ жастарының бойына ұлттық рухты сіңіру жақсы тәрбие беру деген сөз. Бұл жағдайда әлемнің екінші ұстазы, ұлы ойшыл Әл – Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» -деген. Яғни барлық уақытта тәрбие бірінші орында тұратыныны жайлы айтқан екен. Сондықтан да осы Әл- Фараби бабамыздың жолын ұстана отырып, біздер, яғни жас ұрпақ тәрбиелеушілер тәрбиені қалай қолға алсақ, патриоттық сезімде де дәл осындай дәрежеде, биік ұстауымыз қажет. Білім мен тәрбие қалай егіз жүрсе, мемлекет пен халық арасында да осындай ажырамас туыстық қатынастар болуы шарт.

Міне, осы салаларды оқу- тәрбие барысында барлық жастар бойына сіңіру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Ол үшін жастарды патриоттыққа тәрбиелеу ісін мемлекеттік тұрғыда қолға алу керек. Бұл тәрбиені тек мемлекеттік тұрғыда емес, осы салаға үлес қосатын әрбір адам да еңбектенуі керек, яғни патриотизмді ояту үшін өз тарихының қойнауына көз жүгіртуі шарт.

Тәуелсіз елдің жас ұрпағының бойында әрдайым отанды сүю сезімі болуы тиіс. Отансүйгіштік сезім – отансүйгіштік рухтың құнарлы мәйегі. Ол адам өзі өңген топырағы мен өскен ортасына деген құштарлығының, құрметінің деңгейін білдіреді.

Елге, жерге деген сүйіспеншілік асыл қасиеттер көктен түспейді, жоқтан жаралмайды. Ол әр адамға туған топырақтан, ана сүтімен дариды.

Әр балаға өз еліне деген патриоттық рух қалыптастыру үшін, оның бай тарихына, байлығына деген жауапкершілігін сезіндіретін әрекет жүйесін жасауымыз қажет. Патриотизм өзінен-өзі қалыптаспайды, бала кезінен «Қазақстан – менің Отаным, мен Отанымның алдында борыштымын» деген ойларды сіңіру қажет.

«Отан үшін , отқа түс күймейсің»- деп Бауыржан атамыз айтқандай Отанды сүю, Отанды қорғау, елге қызмет ету әрбір адамзаттың зор міндеті.Тәуелсіздік туы желбіреп, еліміздің өркениетке барар жолда тұрғанда өз Отанын шексіз сүйетін, білімді адамгершілігі мол, парасатты , мәдениетті жан – жақты жетілген ұрпақ болып өсу әрқайсымызға тиесілі үлес.

«Атамекен, туған жер» ата – бабаларымыз үшін қасиетті де киелі ұғым болған.Осы бір қасиетті ұғымды олар өз ұрпақтарына- « Халқының патриоты» болу үшін мұра етіп қалдырған. «Жалаңаш барып жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің» деген мәтел патриоттық тәрбиенің нақ куәсі. Бүгінде оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беруден халықтық дәстүрге негізделген батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрлерін насихаттау барынша нығайып келеді.

Жастарды патриотизмге тәрбиелегенде қазақ халқы үшін қиын күндер туғанда, ер етігімен су кешіп,ат ауыздығымен су ішкен күндердің құрбандары болған батырлардың ерліктері жайлы сөз қозғамау мүмкін емес.

Біз ХХІ ғасыр тұлғаларымыз « Дүниежүзілік соғыс » деген атаумен ХХ ғасырда екі алапат соғыс болғанын тарихтан білеміз. Енді сол тарихи деректерге тоқталып, ой елегінен өткізейікші.

Ел есіндегі естеліктерді сөйлеткен сайын ерлік пен елжандылықтың рухы асқақтай түседі.

Соғыс уақытын көзімен көрген көнекөз қариялардың айтқанын тыңдасаң да, осы тақырыпқа жазылған әдеби- көркем шығармаларды оқысаң да, ердің ері ғана шыдаған, сол бір қан майданға өз үлесін қоспаған қазақ баласы болмапты. Яғни, қазақ халқының шынайы бейнесіндегі ерлік өнегесі осы оқиғалардан тайға таңба басқандай білінеді.

Осындай ер тұлғаларымыздың бірі - Бауыржан Момышұлы. Батырдың патриоттық сезімі, Отанға деген сүйіспеншілігі, өзінің мемлекетке тәуелді екенін өз істерінен дәлелдей білді.Тіпті, өзінің қазақ екенін соғыс шебінде жүріп ұмытқан емес. Оған өзінің басынан өткен бір ғана мысалын айтуға болады. Ұлы орыс ұлтының орта тобынан шыққан кейбір өкілдері басқа шағын халықтарды «екінші сортты» адам деп ойлап, қараушылығына мүлдем жол бермеу керек, мұндай қате мәдениетсіздік көзқарас өте зиянды. Өкінішке орай, олар мұндай көзқарастарымен ұлттық туды асқақ озық жоғары идеяны шовинизмнің жиіркенішті ұсақ – түйегіне айырбастай отырып бірінші кезекте, ең алдымен өз ұлтының ұлы абыройына кір келтіреді. «Полк командирі Бауыржан Момышов» деп шақырған кезінде ол өз есімінің дұрыс айтпай, орыс тіліне бұрмаланып тұрғанын естіп тұрса да жауап қатпай тұрып алған. Үш рет қайталап айтып, ақырында есімінің дұрыс айтылуын күткен Бауыржан атамыз өз есімін жөндеп айтқан (Бауыржан Момышұлы деген) кезде ғана жауап қатқанын дәлелдеуге болады.

Еңсесі биік елдігіміздің ертеңі – қазіргі ұрпақ, жас жеткіншектеріміз Бауыржан атамыздың бітіміндегі асқар жұртының шың басындай тәккаппар рухынан қанаттанып, батырлық, отансүйгіштік қасиеттерді бойларына сіңіріп өссе, нұр үстіне нұр болар еді!

Ендеше , Бауыржан атаға қанша тағзым етсең де артық болмас деп ойлаймын.

Осы қан төгіс соғыста біздің жерлесіміз Совет Одағының батыры Әнуар Әбутәліпов те болды.Ол Тисса өзенін жүзіп өтіп,қайығымен он-он бес рет қатынап, алдыңғы шептегі ротаның сексен бес солдатын қарсы жағалауға өткізді.

Осы ерлігі үшін Әнуар Әбутәліпов КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Кеңес Одағының батыры атағын иеленді. Неміс басқыншыларынан Венгрия, Чехословакия, Румыния, Австрия жерін азат етті.

Әнуар Әбутәліпов соғыстан соңғы бейбіт өмірде де еңбек иесі екендігін талай рет дәлелдеді.Сан–саналы шаруашылыққа етене араласып, Ленин орденін кеудесіне қадады .

«Түгіскен кеншарында» 1984 жылға дейін күрішші болып еңбек етті, зейнеткерлікке шығып, 2002 жылы өмірден озды. Батыр атамыз тоғыз баланы тарықтырмай өсірді. Ардагердің тәрбиесінің арқасында қазіргі таңда бәрі үйлі-боранды, бір-бір қызметтің құлағын ұстап, тәуелсіз еліне қызмет етуде.

Қан майданда тек қазақ баласы ғана емес, қазақ қыздары да өздерінің мықты екендігін көрсете білген. Солардың бірі Шығыстың қос жұлдыздары - Әлия мен Мәншүк. Осы кездердегі қызғалдақтардың ұраны «Өзім өлсем де Отаным аман болса екен»- деп қасық қаны қалғанша жаулармен шайқасқан. Болашақта жас гулдер яғни жастар ерте солмасын деп соғыста аса үлкен патриоттық сезіммен шайқаса білген.

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

«Ер есімі –ел есінде» демекші, аңызға айналған батыр ата-апаларымыздың асқар таудай бейнесі, тарих беттеріндегі өшпес есімі мәңгі алтын әріптермен жазылып тұрады.

Шыдамының шегіне жеткенде, намыс оты, еті түгілі сүйегінен өткенде, кеудесінде жанар тауы жарылып, көзінің алды қанталап, өзіне қарай аңталап тұрған жаудың алысқанының ауызына ұрып, жұлысқанының жалынын жұлып бірақ тоқтаған қазақпыз.

Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл-қыздар толып жатыр. Олар атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата-бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар.

«Өзім өлсем де, Отаным аман болса екен »деп өз жанын да аямаған батырларымыздың ерліктерін ұмытпай, адам бойына патриоттық сезімді қалыптастыру үшін тәрбиені отбасы мен балабақшадан бастау керектігі айқын. Сәбиді отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата-тегін білуді таныту – ата-ананының парызы. Ендеше, батырларымыздың ерліктерін ары қарай жас ұрпақ есте сақтап, ананың жасы, арудың ары, батырдың қаны төгілген бұл даланы көзінің қарашығындай қорғап жүру жас ұрпақтың патриоттық құралы болып табылады. Бұл соғыстың жарасы әлі күнге дейін барлық ұлттың жүрегінде. Мұны ешқашан ұмытпаймыз.

Міне, қазіргі таңда тәуелсіздіктің таңы атып, сол жас боздақтар аңсаған қой үстінде, бозторғай жұмыртқалаған заманда тіршілік етіп жатырмыз. Жас болса да елі үшін қан төккен батырларымыздың үмітін ақтау қазіргі жастардың қолында. Ол үшін жас ұрпақ батырларымыздың рухты жүрегін түсініп, олар да еліне, жеріне деген патриоттық сезімді оятуы тиіс, яғни мемлекет пен халық арасындағы қарым- қатынасты сақтай білуі керек. Бұл батырларымыздың ерлік ісі арқылы әрбір жас ұрпақ өзін-өзі ұлттық рухқа тәрбиелеуі тиісті

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім беруді модернизациялаудың тұжырымдамалық негіздері.
2. Бастауыш мектеп журналы №2 2006 жыл.
3. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар № 6 2010 жыл.

ОТАНШЫЛДЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛ

Жаңабаева Б.

Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Берілген мақалада жастарды отаншылдыққа, ұлттық құндылыққа тәрбиелеуге баулу жолдары көрсетілген. Жас жеткіншектерге ұлттық сананы, құндылықты, отаншылдық рухты қалыптастыруда ұлттық ойындардың сарынын пәндік әдістемеліктер дайындауда қолдану арқылы, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, креативті әдіс-тәсілдер ұлттық әуендер мен кинофильмдер арқылы жүзеге асыруға болатыны айтылды. Бұл ретте оқушылардың берілген тапсырмаларды түсініп, қолданып, оны әлеуметтік ортаға бейімдей алу мүмкіндігі қарастырылды.

Түйінді сөздер: рух, тәрбие беру, ұлттық сана, Отаншылдық рух, жастар.

*Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.
Әл-Фараби*

Ел тағдырын бәрінен биік қойған, ұлттың тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни, олар ұлттық тұлға болған. Осы ұлттық тұлға тұғырына көтеріліп, аты аңызға айналған, тарихта есімдері қалған сан мыңдаған батырлар бар. Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібектен бастау алған батырлық үрдісі өз жалғасын тауып ұрпақтан ұрпаққа тарады. Қазақ жерінің бір сүйемі де осы батырларының арқасында жаудың қолында кетпеді. Ел аузында жүрген, жыраулардың жыр-дастаны арқылы бүгінгі күнге дейін жеткен “Алпамыс”, “Қобыланды”, “Қамбар батыр”, “Ер Қосай”, “Ер Көкше”, “Ер Сайын”, “Ер Тарғын”, “Күлтегін”, “Қырымның қырық батырынан” бастап өткен ғасырда өмір сүрген жыр алыбы Жамбылдың “Сұраншы батыр”, “Өтеген батыр”, Қ.Бекхожиннің “Науан батыр” дастандары батырлар жайында айтылған.

«Маңғыстау тарихында «сол кісінің дәуірі» еді делініп екі кісінің есімі аталса, соның бірі Есекмерген батыр. Тәуке ханның тұсында үш жүздің бас сардары болған Есекмерген Есенғұлұлы бастаған қазақ батырлары 1751 жылы осы өңірді қалмақтардан азат етіп, ел қоныстандырған. Маңғыстауға қоныс іздеп, бет алған Есекмерген батыр алпыс үй адайды бастап, жайлы қоныс, малына шұрайлы өріс іздеп, Үстүрт үстіндегі бір мол құдыққа келіп қоныстанған екен. Қоныс жайлы болғанмен, мал басы өсе келе су тапшылығын байқаған Есек батыр сол құдық қасынан төрт құдық қаздырады. Сол құтты қоныс атауы Бесшымырау деп аталып кеткен екен. Бұл құтты қоныс Бейнеуден 105 шақырым, Ақжігіт елді мекенінен 40 шақырым қашықтықта орналасқан.

Қазақ батырларының білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті, кең байтақ қазақ жері – бізге, бүгінгі ұрпаққа мұра болып қалған басты игілік деп білуге міндеттіміз. Осы, қазақ батырларының қаны тамған киелі жеріміздің қойнауындағы бар байлығымыз – тағы да осы батырларымыздың бізге аманат тапсырған қазынасы. Осыны біз бүгін көздің қарашығындай қадіріне жетіп, сақтай білуіміз парыз. Батырларымыздың ерлігін, Отанды сүйе білуді, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуді жастардың бойына сіңіріп отыруымыз керек.

Қазақ халқы баласын: «Ұят болады, обал болады, жаман болады» деп үш ауыз сөзбен тәрбиелеген дана халық. Ұят болады дегені – ұятты іс істеме, жаным арымның

садақасы дегені, жаман болады дегені – жаман істен аулақ бол, кесірі тиеді деп сақтандырғаны, обал болады дегені – әр нәрсенің сұрауы бар, парқын біл дегені еді. Осы ретте ұлы Абайдың: қашық бол деген бес жаманы мен асық бол деген бес асылы ойға оралып, тіл ұшына еріксіз келеді екен. Баланы бесікте жатқан да ақ ананың сүтімен ана тілін дарытып, ұлттық болмыспен исіндірген халықтың дәстүрінде терең философия, өлшеуге келмейтін қымбат қазына жатыр. Бесік тәрбиесінен кейінгі мектеп табалдырығын аттаған, буыны қатпаған бастауыш сыныптың баласының бойына мезетінде дұрыс білім мен тәрбие дәнін еге білсек, болашақта ұлттық болмыспен кіндігі байланған, отаншыл рухта тәрбиеленген ұрпақты елестете аламыз. Ұлттық код, ұлттық болмыс, құндылық деген не? Оны көздің қарашығындай сақтау, құнын білу, қорғау ісі қалай жүзеге асырылады? Міне бұл дәл осы сәттің, яғни жаһандану ғасырына тән әрі өзекті сұрақ болса керек. Жасыратыны жоқ жаһанданудың жаңалықтары күн санап біздің қоғамға дендеп еніп, тұрмысымыздың бір бөлігіне айналды. Бір сәтте төрткүл дүниені шарлап, жер әлемдегі жаңалықтарға қанық болып жатырмыз. Біз дейміз, біздің балаларымыз ше? Олар да жарыса қабылдап, алақандай дүниеге телмірген күйі уақытын өткізіп жатыр. Экранның арғы жағындағы виртуалды әлеммен қоршалып, өз рақатын тапқан. Достары, бауыры, ата-анасымен емен-жарқын сөйлесіп, бір күндік тұрмысының қалай өткенін жарыса баяндайтын көріністер сиреп барады. Әсіресе, балалардың сөзге шорқақ, айтатын ойын жеткізе алмай, тұйықталып бара жатқан әрекеттері мені қатты ойландырады.

Мұғалім– баланың ата-анасынан кейінгі сенері, үлгі тұтар идеалы. Демек, мұғалім ағашты қалай исе, бұтағы да солай иілемек. Балаға жасынан еккен білімнің маңызы зор. Бастауыш сыныпта қаланатын барлық білім, жоғары сыныпқа барғанда толығып, күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады. Олай болса, оқу үдерісін қалай ұйымдастырамыз? Мысалы, неге кез келген сабақты ұлттық нақышта безендіріп отырмасқа?.

Көпке танымал отандық әдістемеден «Асық терапиясының» орны ерекше. Асық – қазақтың ұлттық ойыны. Жоғарыда айтқанымдай, жай ғана ойын емес, баланы белгілі бір дағдыға бағыттайтын, мақсатқа арналған ойын. Асықты иіру арқылы баланың ойы дамиды, денесі ширығады, үздіксіз қозғалыс арқылы аяқ-қол бұлшықеттері қатайды. Ал оларды түрлі түске бояу арқылы, түстерді дұрыс ажырата білуге дағдыланады. Одан кейінгі әдістеме мультипликацияланған халық ертегілері бойынша оқыту. Бұл ретте, балалардың бірнеше дағдысы бір сәтте қалыптасады. Мысалы, бейнеролик көре отырып, тыңдау, есте сақтау қабілеті дамиды. Сондай-ақ, ұлттық нақыштағы сөздерді ұғуға, оларды орынды қолдана білуге машықтанады. Оқи отырып ойнай, ойнай отырып ойлай білуге дағдыланады. Қазір көп жастарымыз батыс пен шығыс өркениетінің қызыл-жасыл бояулы жетістіктеріне тамсана қарап, өз болмысымыздай ажырап бара жатқандай көрінеді. Ал сізге бұл көрініс қалай әсер етуде? Мейлі, Алаш арыстары, біздің мәдениетіміздің биігінде тұратын қайраткерлеріміз, ақын-жазушыларымыз сол еуропа, орыс мәдениетін үлгіледі делік. Бірақ олар бір сәтте қазақы болмыстан ажыраған емес. Ұлттық деңгейге сәйкес икемдеп ұсынды емес пе? Яғни батыстық, шығыстық мәдениет пен өнерге, тіпті, әдебиетіне қазақы бояудан өң беріп, төл туынды шығарған жоқ па? Біздің бүгінгі міндетіміз – сол бабалар салған сара жолды жалғастыра отырып, антқа берік, елге адал ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі таңда Алаш арыстары туралы түсірілген фильмдер, қазақ тарихына байланысты түсірілімдер көптеп таратылуда. Әрине, бастауыш сыныптың баласы байыбына терең бойлай алмаса да негізгі идеяны түсінеді. Барлығында да мазмұн біреу ғана, ол-ұлттық, бірлік, татулық. Осы терминдерді ұғым, мағынасын терең түсініп өскен баланың болашақта ұлтшыл болмауы мүмкін емес. Ұлт зиялылары ерте заманда туып, ел болашағын күйттеп, ақылмен іс жасап кетті. Олар бай болудың, қадірлі хәм сыйлы болудың, еркін де азат болудың бір ғана жолын көрсетеді. Ол – білім. Әр адам ғылымға ғашық, біліммен сусындап өссе дүниеге қажеттінің бәрі уысына өзі айналып түседі деген мағынаны айтады. Сондықтан бүгінгінің баласына оқыта отырып тәрбие беруді, тәрбиелей отырып оқытуды кезең-кезеңмен, жоспарлы іске асыру керек деп ойлаймын. Қазіргі білім беру жүйесіндегі

функционалдық сауаттылықтың негізгі мазмұны да осыған саяды. Шетелдік әдістеменің үлгісін өз болмысымызға сай бейімдеп қолданып жатырмыз. Бала кешегі тарихын оқи отырып, бүгінгі өмірімен салыстыра білуі тиіс. Немесе кешегі күннің кейіпкерінің орнына өзін қойып, сол мезетті, сол оқиғаны басынан, бойынан өткізе білгенде ғана алған білім бойына жеңіл сіңіп, зердесіне тез орнығады.

Бүкіл түркі елінің тарихи тұлғасына айналған Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп-дамиды, жеміс береді.» деп ұлттық рухтың адамзат тарихы, ұлт болашағы үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетіп тұр. Ұлттық рух дегеніміз не? Бұл – қазақ халқының қанына сіңген, атаның күшімен, ананың сүтімен бойымызға дарыған дархандық, кеңдік, мейірбандық, қонақжайлылық пен қазақи тәрбиеміз. Ұлттық рухты қалыптастыру үшін ұлттық құндылықты, тіліміз бен ділімізді жас ұрпақтың жадына тоқып, оны құрметтеуге, көздің қарашығындай сақтауға баулуымыз қажет және де оны ерте жастан, яғни бастауыш сыныптан бастап санаға сіңіруіміз қажет.

Бастауыш сынып оқушыларын отаншылдыққа тәрбиелеу үшін арнайы жүйе немесе идеология қалыптасып, барлық пәнді қамти отырып оқыту басты қағидаға айналуы тиіс. Мектеп бағдарламасында оқытылатын пәндерде ұлттық сананы, құндылықты, отаншылдық сезімдерді қалыптастыруды ұлттық ойындардың сарынын пәндік әдістемеліктер дайындауда қолдану арқылы, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, ұлттық әуендер мен кинофильмдер, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асыруға болады деп ойлаймын.

Себебі бастауыш сынып оқушылары, ол – ойын баласы. Қандайда бір ақпаратты ойын арқылы, әсерлі әуен мен бейнеүзінділер арқылы меңгерту оңайырақ болады.

Естеріңізде болса, дала жұлдызы атанған Ы.Алтынсариннің:

"Өнер-білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жердерден.

Жылдам хабар алғызды" деп жырлаған еді. [2,67 бет]. Расында да, қараңғы қазақ көгіне шамшырақ алып, сәуле шашуды ойлаған дала қоңырауының болашаққа арнаған арманы еді бұл. Сол арман бірнеше ғасырды артқа тастап, шындыққа айналды. Иә, аңызымыз ақиқатқа айналған сәтте ғұмыр кешіп жатырмыз. Білім алып, ғылым қуамын деген кісіге жол ашық, мүмкіндіктер мол. Тек ниет пен талап болса болғаны.

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан тусын» деген есті сөзі өмірдің қай белесі, қоғамның қай қатпары болмасын мән-маңызын жойған емес.

Ұлт болып бірігу, ұлттық болмыс жолында күресу – бүгіннен басталарын ескерсек, бір бала оқытуда бір сәтке де аялдау артық болар еді.

Естілердің есті сөзін ұғып, дара тұлғалардың дара жолын жалғау бүгінгі буынның перзенттік парызы.

Ұлт болашағын тәрбиелеудің бірінші де бірегей тетігін мен Абай философиясынан іздеген болар едім. Себебі Абай – адастырмас Темірқазық. Жолсызға жөн, адасқанға бағыт ұсынатын терең мазмұнды қазына дер едім.

Қазақ халқы ес біліп, еңсе көтергелі бері тіл, дін, дәстүр мәселесін қоғамнан жырақ ұстаған емес. Ұлттық код, ұлттық бойтұмар саналатын осы бір құндылықтар ғасырдан ғасырға аманатталып келеді. Әлем қазақты Абай арқылы таныса, Абайға асыл сөз дарытып, қауырсын қаламын ұштаған, отаншылдыққа баулыған қазақтың тілі еді. Кішкентайынан Зере әженің зерделі әңгімесін жаттап, Ұлжандай көреген ананың тәрбиесін көрген, Құнанбайдай көшбасшының ұлағатынан тәлім алған Абайдың басқаша болуы мүмкін бе? Менің айтпағым, ата-ана, бала, мұғалім ретінде, үштіктің басын дұрыс ұштастыра білсек, біздің балаларымыздың әрбірі өнерлі, әрқайсысы білімді болып шығар еді. Олай болса, сөз соңын ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының: «Бір әдісті болу – олақтықтың белгісі, көп әдісті болу – шеберліктің белгісі» деген тамаша тағылымымен қорытындылаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметова М.К «Бабалардан қалған нақыл сөздер». 2008 ж. [1,6 бет].
2. Дәулетқалиева Р.Л. «Дала қоңырауы» 2017 ж. [2,67 бет].

ӘОЖ 373.3

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Қоблан Г.

Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Мақалада білім беру жүйесінің жаңа мазмұнын негізге ала отырып рухани тәрбиені дәріптеу, педагогикалық ой- пікірлер, еліміздің даму тарихы мен балалар әдебиеті мазмұнын жасауға ат салысқан ақын- жазушылармыздың еңбектері сараланып, мектептің оқу тәрбие процесін ізгілендірудегі оқушыларды патриоттық және рухани тәрбиелеудің басты жолдарын іздестіру жолдары жайлы баяндалады.

Түйінді сөздер: балалар әдебиеті, патриоттық тәрбие, шығармашылық әрекет, Отаншылдық рух, мектеп, рухани тәрбие.

Табиғат – балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін, ақыл-ойын, тілін, танымдық қызығушылығын қалыптастырудың құралы. Оқушының ойын дамыту интеллектуалды және эмоционалды жағынан жетілдірудің негізгі жолы – бұл табиғат жайында жүйелі білім беру. Балаға табиғат құбылыстарын бақылату, көргенін ой елегінен өткізіп қабылдауын, ойын, тілін дамытуды басшылыққа алып отыру - әрбір ата-ананың, ұстаздың мақсаты. Туған өлкесінің өсімдіктерін, жерін, суын, жан-жануарын таныту арқылы оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеу керек. Туған өлкенің табиғатын, оның ерекшелігін, сұлулығын, байлығын, оған деген сүйіспеншілігін, адамдардың бірі сөзбен өрнектесе, бірі өлең-жырлар арқылы білдірді. Қазақ халқы туған жерін аса қатты қадірлеп, оның сан қырлы құпияларын ерекше сипаттаған. Қазақ даласы елім деп еңіреген, жерім деп жыр төккен, ұлттық рухани-мәдени мұраны, адамды жан-жақты зерттеген, ғылым мен білімді ту еткен ғұламаларды халық болашағы үшін дүниеге әкелген.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды –Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Мұның басты шарттарының идеяларын Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан- 2030» Жолдауында «біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп нақты көрсеткен болатын [1.77бет].

Отанымыз аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымшылдықпен күрес, мемлекеттерге қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастардың отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар оқушылар мектеп қабырғасында жүріп - ақ әлемдік құрылым

қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отан деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс.

Бүгінгі таңда балалар әдебиеті едәуір жетістіктерге жетіп, дамуда. Балалар жазушылары қай тақырыпты қозғаса да, негізгі оқиғасы балалардың ұғымына, яғни жас шамасына сәйкес нанымды өрілген, бала психологиясына сай, өмірдің өзіндегідей шынайы суреттелген, тілі жатық туындылар ғана балалар жүрегіне жол тауып, ұрпақтан ұрпаққа жете бермек. Жастарды ұлттық салт-санаға, тәлім-тәрбие берудегі халықтық педагогиканың бастамасын, қазақ балалар әдебиетінің белгілі жүйеге келтірілуі Ыбырай Алтынсарин атымен тығыз байланысты екені ғылымда белгілі. Қазақ халқының қоғамдық тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде бай қазына қалдырған даламыздың дара ұстазы Ыбырай Алтынсарин өзінің бүкіл өмірін халық ағарту ісі мен балалардың дүниетанымын қалыптастырып, жетілдіруге арнаған. Ыбырайдың ағартушылық-педагогтік ой-пікірлері, негізінен туған халқының болашағы мен қабілетіне деген сенімнен нәр алған. Ыбырай: "Қазақ халқы - қарапайым, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық", "Қазақ халқы - қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз", "Қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық", - дейді.

Ыбырай Алтынсаринның ағартушылық және әдеби-педагогтік қызметін анықтауда оның "Қазақ хрестоматиясы" (1879) атты еңбегі ерекше орын алады. "Қазақ хрестоматиясы" - өз дәуіріндегі қазақ халқының тарихи-мәдени ескерткіші. Ыбырай бұл кітапты орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқулық етіп ұсынған. Кітапты құрастыруда сол кезде өзі білген, пайдаланған оқулықтардың ең тәуір үлгілерін басшылыққа ала отырып, оқу материалдарын бастауыш мектеп балаларының жас ерекшелігіне лайықтап, олардың дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастыратын, дамытатын, тәрбиелік мәні бар шығармалардан іріктеген.

Ұлы педагог әдебиетті бала санасына әсер ететін, оның дүниетанымын қалыптастыратын құрал деп санады. Сондықтан да оның бүкіл әдеби мұрасы Ыбырайдың ағартушылық идеясына бағынғанын айқын көреміз. Оның "Қазақ хрестоматиясына" енген әңгіме-новеллалары, өлеңдері баланың ұғымына лайықты, тілі жеңіл, мазмұны тартымды, кіші мектеп жасындағы балалардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге бағытталған. Онда балаларды өнер-білімге, оқуға, еңбекті сүйуге, елін, жерін сүйетін отаншылдық сезімге, жігерлі, кішіпейіл, талапты болуға үндейді. Бүкіл ғұмырын ағарту ісіне арнаған Ыбырайдың "Қазақ хрестоматиясына" енген өлеңдерінде халық ағарту идеясын көтереді. Оның "Кел, балалар оқылық", "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңдері оқу, білім алуға мақсат неде екенін, білімнің дүниетанымдық маңызын көрсетеді. "Кел, балалар, оқылық" өлеңінде балаларды оқуға, білім алуға шақырады, өлеңнің әр шумағында оқудың пайдасын әр жақты түсіндіре келе: Сиса көйлек үстінде Токуменен табылған Сауысқанның тамағы Шокуменен табылған Өнер-білім бәрі де Окуменен табылған, - деп балаларды оқуға, білімге шақыра отырып, ғылым-білімнің бала дүниетанымының қалыптасуына қажет екенін аңғартады.

Балаларға ел сүйгіштік, ата-ананы сүю, Отанды сүю, мәселесінде қандай шығармалар оқығанын, қандай шығармаларды оқуды ойлап жүргендігі жайындағы пікірлері жөнінде әңгімелер өткізудің пайдасы зор. Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы.Алтынсарин еңбектерінен басталған, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқановтың балаларға арналған туындылары қазақ балаларының туған жерге деген сүйіспеншіліктерін кеңейтіп дамытуда өз үлестерін қосты. Бұл дәстүр сабақтаса келіп, Сапарғали Бегалин, Өтебай Тұрманжанов, Қалмақан Әбдіқадыров, Сейітжан Омаров шығармаларынан жалғасын тапты.

Отансүйгіштік сезімі туа бітті пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын

дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Б.Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше.

Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Бердібек Соқпақбаев. Ол әдебиет әлеміне “Бұлақ” атты өлеңдер жинағымен енген. Кейіннен “Балалық шаққа саяхат”, “Жекпе-жек”, “Менің атым-Қожа”, “Қайдасың, Гауһар”, “Аяжан”, “Ергежейлі” повестерін жазды. Б.Соқпақбаев – адал да қырағы, оқиға өрнектерін жазбай танып, тап басатын шыншыл жазушы. Оның шығармаларындағы кейіпкерлер өмірі кәдімгі тіршілік әлеміндегі қарапайым, шынайы, соншалықты ілтипат сезімін тудырып отыратын жандар. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастырып, дамыту жөнінде сөз қозғалғанда қазақ балалар әдебиетінің қарапайым сарбаздарының бірі – Бәдел Тұрсынбаевтың еңбектерімен таныстыру абыройлы іс болмақ. Бәдел Тұрсынбаев Шығыс Қазақстан облысының Күрішім ауданының Бетпақты ауылында туылған. Ұзақ жылдар ұстаздық қызмет еткен ол балаларды тәрбиелеу, олардың туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру жолында өзінің шығармашылық еңбегімен де мол үлес қосқан адам. Оның осы екі саладағы еңбегі қабат өріліп, бірінбірі толықтырып, бір-бірімен ұштаса дамыды. Оның “Айнымас достар”, “Етікші бала” повестері, “Қияндағы балапан”, “Қойшыбектің көжектері”, “Алтай аңшылары”, “Қанат пен қаңбақ” тәрізді әңгімелерінің тәрбиелік маңызы зор «Жеңіс кілті Отан сүюшілікте. Ол солдатқа жөргекте жатқаннан бастап үйретілуі, қанына кіріп, сіңісуі тиіс. Дәстүр-тәрбиенің басты қайнары. Ал дәстүр ұлттық тәрбиеден өзекті орын алады. Отан сүюшілік, ұлтын сүюшілікті ұлттық дәстүрмен жалғастырып, солдатқа саналы түрде сіңіру керек» - деген ол артына өшпес өнеге, ерлікке, патриоттық, сезімге толы бірнеше кітаптарын: «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), «Куба әсерлері» (1969) «Жоңарқа» екі томдық шығармалар жинағы (1969), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991), «Ұшқан ұя» кітабын қалдырды. Ал, «Ұшқан ұя» кітабы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағына ие болған.

Сонымен бірге халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеудегі, жан жарасын жазудағы өнер мен әдебиеттің, музыка мен көркемөнердің құдіретті күштерін, олардың өмір үшін күресте рухани күшті құралы болғанын соғыс эпизодтарынан нақты мысалдар келтіре отырып, рухы мықты халықтың ешқашан да жаудан жеңілмейтіне басты назар аударған.

Сондай-ақ, Бауыржан ағамыз артына жетпіске жуық мақал- мәтелдер қалдырған. Ол мақал-мәтелдеріне «Үлкенді ізетте, кішіні күзетте көр», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Отанда опасызға орын жоқ», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық» деп халық атынан ащы да әділ үкімін пайымдайды.

Біз жазушы, тәлімгер Бауыржан Момышұлының еңбектерін оқи отырып, оның шығармашылығы патриоттық тәлім- тәрбиенің қайнар көзі екенін байқаймыз.

«Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Осыларды көздеп жүргізген зерттеу еңбегімізде педагог, психолог, философ ғалымдар мен ақын – жазушылардың ой-пікірлеріне сүйене отырып «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беруге ұмтылдық. Сондай – ақ бұл ұғымның маңызын ашып көрсету жас буындарды тәрбиелеуде бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттігінен туындап отыр.

Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін-«Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ

ұлтына сыйластық,оның заңдарында бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек деген ой келіп туады.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы.Тарихи мәліметтерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасақ , ондағы батырлардың ешқайсы бүгінгідей (кеңес дәуіріндегідей) жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің тезіне салынбаған.Бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін аяп қарап қалмаған. Осындай көптеген тарихи тәжірибелерден, сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды.

Б.Момышұлы,Б.Бұлқышев, С.Бегалин,Қ. Қайсенов сияқты тұлғалардың ерлікке толы естеліктері мен әдеби мұраларын пайдалану арқылы оқушылардың білімін көтеру, оқпен оттың азабына шыдап, жеңіске жеткен ағалардың ерлігін үлгі тұтуға тәрбиелеу Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім»өлеңінің сол кездегі мәнінің жоғары болғандығын айта келіп, оқушыларға қосымша материалдар жинақтатып өттім. Патриоттық тәрбие беру мәселесін ұтымды өткізуде Б.Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды» деген анықтамасын тілге тиек етіп,ал әскери ант тақырыбына келгенде С.Бегалиннің

Біз Отанның солдаты жауға аттанған,
Біз халықтың қайраты,қанаттанған
Қайтпас семсер, көк болат, біз ақалмас.

Қаһарменен суырып, кекке малған- деген [4.Збет] өлең жолдарында ұрыста жауынгердің қандай қасиеттері көрініс берді деген сұрақ арқылы сабақты ары қарай өрбіттім.

Қорыта келе, жоғарыда айтылған ақын-жазушыларымыздың ғылыми, педагогтік, психологиялық, әдеби және тарихи шығармалары бүгінгі таңда да баға жетпес құнды туындылар болып, теориялық-әдістемелік құралдар тұрғысында пайдалануда. Бұл аталған ақын, ғалым, ғұламаларымыздың еңбектерінің педагогикалық, психологиялық қағидалары табиғат, қоршаған дүние, адам жайындағы өшпес туындылары оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, табиғат, туған өлке туралы ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға негіз салады. Мектеп оқушыларын өзін қоршаған дүниеде берілетін кейбір мағлұматтар мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, шешендік сөздер, әңгімелер арқылы олардың қисынды ойларының дамуына себеп болады. Оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың бірден-бір жолы – туған өлке табиғаты. Халқымыздың дүниетанымдық ой-пікірлерін бүкіл оқыту мен тәрбие үдерісінің тірегіне айналдыра отырып, мектептерде ұлттық мәдени білім кеңістігін қалыптастыру – кезек күттірмес мәселелердің бірі болып отыр

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Қазақстан -2030:Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі ,қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы.Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. –Алматы: Білім,1997-176 б.
2. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, -Алматы: Жазушы, 1909-720 б.
3. Қалиұлы С., Қазақ энциклопедиясының теориялық негіздері мен тарихы (Оқу құралы). – Алматы: Білім, 2003-280 б.
4. Бегалин С., Шығармалар жинағы, -Алматы: Жазушы,1966

**Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Төлегенова А.

Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының бойында патриотизмді қалыптастыру, оның маңыздылығы туралы айтылады. Ы.Алтынсариннің еңбегі, оның ішінде Отансүйгіштікті мақсат еткені туралы, өлеңдер талданып, зерттеу жасалады. Елбасының осы тақырыптағы сындарлы сөздері мен бұйрықтары қарастырылып, қорытынды жасалады.

Түйінді сөздер: мектеп, бастауыш сынып, патриотизмді қалыптастыру, тәрбие беру, Ы.Алтынсарин, шығармалар, халық, болашақ.

Бастауыш буын – қайталанбайтын кезең, ақиқаты сол, білім негізі бастауыштан басталады. Бастауыш білім беру сатысы оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін аса маңызды, құнды, қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді. Бастауыш сатыдағы білім берудің бағдарлы мақсаты – оқу әрекетін қалыптастыру; айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік тәрбие түрлеріне сай сезім қатынас қарым – қатынасқа дайындау; өзін қоршаған және өмір сүрген жаңа табиғи және әлеуметтік ортаны тануға, сүйеге, қорғауға, өзін ұстай білуге үйрету болып табылады. Оны оқу, ойын, еңбек, қарым – қатынас сияқты түрлерін меңгерумен қамтамасыз етуге болады.

Басты назар аударатын мәселелердің бірі – патриотизм. Патриотизм патриоттық тәрбие құндылықтары арқылы жүзеге асатыны белгілі.

Бастауыш сынып оқушылары оқу сабағы, тәрбие сағаттары, сыныптан, мектептен тыс жұмыстар арқылы танымдық, тәрбиелік әрекеттерін қалыптастырады.

Оқу адамның жеке басы танынымының ерекше түрі. Оқи жүріп оқушылар өздерін қоршаған дүниені, елін, жерін, ұлтын, мәдениетін, тілін таниды.

Өмір ағымы талап етіп отырған жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, жетілген жеке тұлғаны дайындау бүгінгі мектеп алдында тұрған негізгі міндет. Сондықтан мектептің бастауыш оқыту сатысындағы оқу – тәрбие жұмыстарын жан – жақты толықтырып, халықтық тәлім- тәрбиенің озық үлгілерімен сабақтастырып, бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі дамыған азамат тәрбиелеу бүгінгі күн талабының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Отаншылдыққа, туған жерін қорғауға баулу мектептің тәрбиелік жұмыстарының аса маңызды бөлігін құрайтындықтан, өмірде болып жатқан бетбұрыстар, қоғамдағы саяси көзқарастар, әлеуметтік – экономикалық өзгерістер – еліміздің тарихына, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасқан салт – дәстүріне құрметпен қараумен қатар, оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға жол ашып отыр.

«Қазақстан – 2030 бағдарламасына қатысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Оқушыларды қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез – құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», - делінген.

Қазіргі қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшін дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыты, жобаны іздестіру және оны қолдануға бағытталған.

Әр елдің болашағы сол халықтың білім, ғылым деңгейі мен анықталатындықтан, оқу жүйесін неғұрлым тиімді құра білу қажеттілігі қай кезеңде де өзекті мәселе болып қалмақ.

Талай ғасырды басынан өткеріп, бізге жеткен батырлар жыры бүгінгі ұрпақтың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда басты орын алады. Батырлар жырының мазмұны туған елін, жерін жаудан қорғаумен қатар ананың балаға деген махабатты, сүйіспеншілігі, адамгершілік қасиеттеріне негізделген. Ата-бабаларымыз батырлардың қайсар қаһармандығын, ерлігін суреттей отырып, ұрпақ тәрбиесіне өшпес мұра қалдырып отырды.

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық барлық өміріне апат әкеледі», - депті әл – Фараби бабамыз. Мұнан өз тағдырын өзін шешуге қолы жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екенін байқаймыз.

Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең - жырлар, мақал – мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев шығармаларынан да байқауға болады. Балаларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптың озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің қуаты күшті шағын өлеңдерінің балалар үшін маңызы ерекше. Махамбет балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ Махамбет өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Абай халықтың болашақ жаңа қауымына, жасөспірімдерге арнап талай өлеңдер жазды, нақыл сөздер айтты. Жастарды өнер- білімге шақырды. Абай өз өлеңдерін жастарға үлгі – өнеге көрсету үшін жазатындығын алдын ала ескертіп өтеді. Білімді ұрпақ туған ұлт – халық үшін қызмет етсін дегенді басты міндет етіп қояды. Абай өз қызметін Отан мен халық алдындағы борышым деп түсінді. Оның шығармалары Қазақстан тағдырына деген, оның бостандық сүйгіш халқының болашағына деген қамқорлықпен айшықталған. Оның патриотизмі туған ел табиғатына, мәдениетіне, тіліне, озық дәстүрлері мен ұлттық мінезінің жақсы жақтарына деген сүйіспеншілігінен көрініс тапты. Ыбырай атамыз да бар үмітін жас ұрпаққа артты. Ыбырай атамыздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері зор. Өйткені патриотизм қашанда, қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым.

Алғаш халық мұрасына, салт-дәстүріне, ұлттық ерлік және жауынгерлік тәрбиесіне мән бере отырып, оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығында «Қобыланды батыр» жырынан

«Қобыланды және Тайбурыл» деген атпен үзінді енгізген. Қазақ халқы тек батырларын ғана құрметтеп қоймаған, сонымен қатар батырлардың серігі астына мінген аттарының қасиеттерін жақсы суреттеген.

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі- проза жанры болды. Оның " Бай баласы мен жарлы баласы", "Қыпшақ Сейіткүл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Надандық", "Лұқпан хакім", т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді.

Ыбырайдың "Өзен", "Жаз" деген өлеңдері табиғат көріністерін суреттеуге арналған. Мұндай тұтас лирикалық, пейзаждық өлеңдер Ыбырайға дейінгі қазақ поэзиясында кездеспейді. Оқырмандардың көңілін табиғаттың сұлу көріністеріне аудару арқылы ел сүю, жер сүю, Отан сүюге тәрбиелейтін патриоттық өлеңдер орыстың демократтық, гуманистік әдебиетінің үлгісі болатын. Ыбырай өлеңдері – туған ел табиғатын жырлап, сол арқылы өзінің жас шәкірттерінің бойында табиғатты, Отанды сүю сезімдерін тәрбиелеуге жасаған елеулі қадамы. Екі өлеңінде де Ыбырай табиғат көрінісін жалаң алмай, адамдардың тіршілігімен байланыстыра көрсетеді. Сол арқылы табиғат пен адамның байланысын, табиғаттың адам ісіне, еңбекке, ой-сезіміне тигізер жанды әсерін бейнелейді. Таулардан өзен ағып сарқыраған, Айнадай сәуле беріп жарқыраған. Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта, Аралап тау мен тасты арқыраған. Көңілің суын ішсең, ашылады, Дененде бар дертіңді қашырады. Өксіген оттай жанып жануарлар. Өзеннен рақат тауып, басылады. Ақын тау өзенін нақты әрі әсерлі суреттеген. Бүкіл тіршіліктің "өзеннен рақат тауып" жатқанын нақты сипаттау оқырман көңіліне жағымды сезім ұялатады.

Ал, туған жер, көркем табиғи, елінің, жерінің байлығы мен көркемдігі, ана тілінің асыл қасиеттерін таныстыратын мәтіндер арқылы оқушылар елге, жерге, тілге, Отанға, атамекенге деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиеленеді.

Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкілғұмырына жалғасып жатады.

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан- жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны расан зор.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин- реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескер, тұңғыш кемеңгер.

Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің "ХҮІІІ- ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті" деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог- жазушыға: ХІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын- жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор,"- деп баға береді.

«Бастауыш сынып оқушыларында Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұра арқылы патриоттық сезімдерін қалыптастыру мәселелері» атты мақалада негізгі қарастырған мәселелерімнің маңызды, қоғамның бүгінгі таңдағы стратегиялық міндеттерінің бірі екенін сезіндім. Жақында Мемлекет басшысы бекіткен Қазақстан Республикасы азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасында жеке адамды тәрбиелеудегі маңызды бағыттар айқындалды. Бұл ретте, әсіресе жастардың отансүйгіштік сана – сезімін қалыптастыруда, Отан мүдделерін қорғаудағы азаматтық борышы мен міндеттерін орындауға тәрбиелеуде үлкендердің (аға буынның, педагогтардың, тәрбиешілердің және т.б.) атқарар рөлі де, жауапкершілігі де орасан.

Қазақстан Республикасының 2007 – 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы №216 Жарлығымен мақұлданған), орнықты даму Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет. Орнықты даму қағидаты Президенттің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының негізінде де тұжырымдалған.

Осы тұжырымдамадағы патриотизмді дамытудың шаралары:

- патриоттық бағдардағы саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың қызметі арқылы халықтың азаматтық санасын тәрбиелеу;
- жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жүйесін дамыту;
- бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысында отансүйгіштік бағыт пен кәсіби мәдениетті арттыру қарастырылған.

Отанды қастерлеудің озық үлгісін Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы» атты кітабын оқып көз жеткізуімізге болады. Автор кітаптары түйін сөздің оқу – білім мәселесіне арнап, сонымен бірге адамның бойында Отанға, туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейтің әрбір жасқа таным нәрін егетін, тиімді еңбек ету машығын үйрететін бәсекеге қабілетті білім беру жүйесіне де байланысты екенін айтады.

Отанға деген сүйіспеншілік – патриотизм ата – ананы, жасы үлкенді құрметтеуден басталып, өркендейді. Бала ата – анасы өнегесіне, өмір мен өнердегі әйгілі қаһармандарға, көш бастайтын ерлерге қарап есейеді, тәжірибе жинақтайды. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл кітабы патриотизм, Отанды сүю пәнінен дәріс беретін тағылымы мол оқулық десе де, әркімнің күнделікті серігі болатын, жаны сергек жастарды уақыттың алдыңғы шебінде жүруге дайындайтын, еліне деген махаббат арқылы ұлы болашағыңызға деген сеніміңізді жанып, ширататын, нақты - әрекеттеріңізге күш – қуат қосатын аса бағалы туынды.

Патриотизм дегеніміз – ол сіз бен біздің Отанға деген қарым – қатынасымыз. Мен, әрине, кеңестік отансүйгіштік негізде тәрбиелендім, октябрыт, пионер, комсомол ұйымдарында мүше болдым, әкем Ұлы Отан соғысының ардагері болғандықтан, отансүйгіштіктің Отан соғысы кезінде шынайы көрініс тапқанын білемін.

Бертін келе, Желтоқсан оқиғасы кезінде ешнәрседен тайынбаған қаншама қазақтың қыздары мен жігіттері болғанын, ақ қарда бұрымдары шашылып, қандары төгілген қазақтың ару қыздарының қайсарлығын өз көзімен көрдім. Ендігі мақсат: осы өмірден көрген – білгендерімді, университетте алған білімдерімді өскелең ұрпақтың ойында патриотизмді дамытуға жұмсаймын. Өз елін сүйетін, өз Отанын қастерлейтін, өз қалқын мақтан ететін, Қазақстандық жастарды елшіл отаншыл, мемлекетшіл қасиеттерге баулып, жақсыдан үйренуге, жаманнан жүйренуге үйретемін. Әрбір Қазақстан азаматын «Бұл-менің Отаным» деген мақтаньшты сезімге тәрбиелеуге тағылымды үлес қосамын және де қиындығы мен қызығы да бар бұл іске бүкіл қазақстандықтарды шақырамын. Әрқайсымыз ұлтжанды, бауырмал болсақ, мемлекетіміздің тірегі нығайып, болашағымыз жарқын болары анық. Жастарды отаншылдыққа, имандылыққа, салауатты өмір сүруге, адамгершілікке тәрбиелеу абыройлы іс. Оны іске асырудың жүгі де жеңіл емес.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Ыбырай атамьздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы: Қазақстан, 1993.
2. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан - 2030»
3. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп. 1984.
4. Жарықбаев Қ. Б., Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. – Алматы, 1965.
5. Жарықбаев Қ. Б., Қазақтың тәлім – тәрбиелік ой – пікір антологиясы. – Алматы, 1998.
6. Байділдина К. Патриоттық тәрбие бастауы. – Бастауыш мектеп. 1986, №9.
7. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасының және оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
8. Қалиұлы Серғазы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2003.
9. Үсенов Ә., Мәуленов С. Музыка сабағы арқылы ұлттық тәрбие беру. – Бастауыш мектеп, 2005, №6.

10. Алексеенко А. Н., Қозыбаев М. К., Романов Ю. И. Этносты Қазақстаны. – Астана, 2001.
11. Макаренко А. С. Избранные педагогические произведения. – Москва, 1956.
12. Макаренко А. С. Ата – аналар кітабы. – Алматы, 1987.
13. Коменский Я. А. Ұлы дидактика.
14. Белгібаева Г. Патриоттық тәрбие беруде ауыз әдебиетінің атқаратын рөлі – Бастауыш мектеп. 2005. №8.

ӘОЖ 373.3

БАЛАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ-ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ

Оңал Р.

Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Мақалада ұлттық құндылықтардың рөлі туралы пікірлер айтылады. Жастарды жан-жақты тәрбиелеу, отбасындағы дәстүрді жалғастыру, жастар арасындағы ұлттық тәрбиенің ықпалын көтеру және өскелең ұрпақты ұлттық мәдениетке, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге баулу қажеттілігі туралы, халықтардың рухани және адамгершілік-эстетикалық құндылықтары жайлы сөз қоғалды. Жұмыста жастар арасындағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі көрсетілген. Біздің арғы аталарымыздың тәрбиелеуде қолданған принциптері келтірілген.

Түйінді сөздер: тәрбие, ұлттық рух, патриоттық тәрбие, білім, интеллектуалды тұлға, бүгінгі ұрпақ.

Бүгінде жастардың жан-жақты тәрбиеленуіндегі ұлттық тәлім-тәрбиенің маңыздылығы өзекті. Ұлттық білім ел экономикасын тұрақтандыру және патриотизмді арттыру үшін қажет. Ол үшін біз жаңа ұрпақтың рухани дамуына ерекше назар аударғанымыз абзал. Жастарды тәрбиелеудің өзектілігі айқын. Ұлттық дәстүрлерді сақтау, адамгершілік, қонақжайлылық, әділеттілік, ұлттық даналық пен ұлылық, сөйлеу өнері, ұлттық құндылықтарды ескере отырып, үлкен мәдени, рухани және адамгершілік мұраны ескеру қажет. Жастардың патриоттық сезімдерін арттыру жолында ұлттық тәрбие көздерімен таныстыру қажеттілігі туындайды. Бұл мәселені іске асыру үшін біз болашағымыздың рухани дамуын дұрыс жолға қоюымыз керек.

Ұлттық құндылықтарға әр халық ғасырлар бойы жинақтаған рухани және мәдени құндылықтар жатады. Оқу процесіне ұлтымыздың ішкі мұрасын, рухани байлығын енгізе отырып, біз жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар, халықтың игілігі үшін қазақ халқының құнды ойларын, даналығын, өмірлік тәжірибесін пайдалана алатын тұлғаны қалыптастыра аламыз.

Әрбір ұлтың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деді ғалым М.Жұмабаев. Ұлттық білім беру жас ұрпақты сұлулықты игеруге, сұлулықты сезінуге және құрметтеуге, оны өзіне сіңіруге, яғни эстетикалық тәрбиеге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы біз өскелең ұрпақты халықтың тұрмысымен, әдет-ғұрпымен таныстыруға, оны адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсінуіне бағыттаймыз. Халқымыздың сан ғасырлық ұлттық мұрасын оқу-тәрбие қызметімен ұштастыра тәрбиелеу, ұмытылған дәстүрлерді насихаттау, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, олардағы ұлттық психологияны қалыптастыру-әр қазақтың міндеті.

Кез-келген адамның бойынан оның жақсы немесе жаман қасиеттері көрінеді. Бұл ұлттық тәрбиеге байланысты. Менің ойымша, бүгінгі ұрпаққа білім беріп қана қоймай, оларды адал және әдепті адам ретінде тәрбиелеу үшін ұлттық тәрбиеден бастау керек. Ал ұлттық тәрбиенің бастауын қайдан табуға болады? Бұрын ата-аналар балаларын білімді, әйгілі тұлғалармен таныстыру арқылы тәрбиелеуге үлес қосқан, сондықтан олардың жанында болған кезде жас ұрпақ олардың қара сөздеріне назар аударады. Мұндай адамдарда тәрбиеленгендердің көпшілігі кейіннен өз елінің көрнекті азаматтары болды. Ана сүтімен сіңірілген ұлттық тәрбие әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер негізінде жалғасады, іс-әрекеттер мен қатынастар арқылы жүзеге асырылады. Халықтың өмірін, рухы мен тілін құрайтын заңдылық, оның ұлттық бірегейлігінің, мінезінің көрінісі бүгінде жастарды тәрбиелеуге ықпал етеді. Баланың санасына ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ауызша халық әдебиетін, аңыздарды, ертегілерді, қаһармандық әңгімелерді, әйгілі тұлғалардың афоризмдерін сіңіру - бұл халықтың орасан зор ұлттық мұрасы. Өйткені, өз ұлтын құрметтеу көрсеткіші ұлттық сананың қалыптасу деңгейіне байланысты. Бұл жолда қоғамдық ұйымдармен, ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеуге көптеген мүмкіндіктер бар. Отбасында алынған тәрбие балабақшада, мектепте жалғасады. Мектеп тәрбиесінде ұлттық тәрбиеге, мемлекеттік тілге және қоғамдық ойға ерекше көңіл бөлінеді. Мектепте ақыл-ой, дене шынықтыру, адамгершілік тәрбиесіне, еңбек тәрбиесіне, экологиялық тәрбиеге, эстетикалық тәрбиеге, патриоттық тәрбиеге, халықаралық достыққа тәрбиелеуге көп көңіл бөлінеді, мұның бәрі ұлттық тәрбиеге (халықтық педагогикаға) байланысты. Бала осы білім беру ортасына бейімделеді, содан кейін өзі осы бағытта жұмысын жалғастырады. Оның тәрбиесін, мінезін өзгерту немесе түзету үшін сізге үлкен ерік-жігер мен төзімділік қажет болады. Осыған орай Абай Құнанбаев: "Өзгермейді деген адамның - тілін кесер едім, Өзгермейтін адам жоқ! ", - деді. Адам өзі туып-өскен отбасында тәрбиеленетіні белгілі. Ол қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Бұдан шығатыны, біздің ата-бабаларымыз ұлттық тәрбиеге көп көңіл бөліп, ұрпақты тәрбиелеу негізінде үйлесімділік тапты. Қазақ тарихында "айыптау" болған жоқ. Сол кезде "тентек" баланы адамдар өздерінің моральдық пайымдауларына сүйене отырып, сауатты түрде қайта тәрбиелей алды. Бірақ, бүгінде заң жүзінде жазаның әртүрлі түрлері қарастырылғанына қарамастан, қылмыстардың саны азаймайды. Себебі неде? Неліктен бүгінде жастар арасында азғындық орын алады? Біздің ата-бабаларымызды тәрбиелеудің құпиясы неде?

Халық ежелден балаларды тәрбиелеуге ерекше назар аударған: "баланың тәрбиесі - оның бақыты, тәрбиесіздігі – бақытсыздығы"; "анасына қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер", балаларды тәрбиелеу тек отбасында ғана емес, бүкіл ауылда жүргізілді. Сондықтан тәрбие жұмысы дұрыс қойылды. Қазақтың арғы бергі тарихында балабақшалар да, театрлар да, мектептер де болмаған қоғамда ұлттық тәрбие басты құрал болды. Сондықтан, біз, қазіргі ұрпақ, ұлттық тәрбиеге де көңіл бөлгеніміз жөн. Бүгінгі ұрпақ-еліміздің болашағы. Сіз жас ағашқа қалай күтім жасайсыз, ол дәл солай өседі. Оқу орындарындағы тәрбиенің өзекті мәселелерінің бірі- ұлттық тәрбие негізіндегі тәрбие процесі. Жастарға бала кезінен ұлттық тәрбие беру керек. Мен балаларды тәрбиелеуге мұқият назар аударып, оларды жасына байланысты біліммен байланыстырған жөн деп санаймын. Бұл нәресте дүниеге келгенде бесікте болуы керек және бесік жырын тыңдауы керек дегенді білдіреді. Халықтық педагогика қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қатынастарындағы ең құнды байлық екенін айта отырып, мен мұғалімдердің басты міндеттерінің бірі – оқушыларға ұлтымыздың әдет –ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін үйрету, оларды жақсылыққа, адамгершілікке, ұлтшылдыққа баулу деп санаймын.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1723 жылы 12 желтоқсанда Аюке хан ордасына Ресей шекара өкіметі орындары хабар жеткізеді. Онда қазақ, қарақалпақтың 40 мың қолы қалмақ хандығымен соғысуға келе жатқанын хабарлайды. (В.А.Моисеев, «Джунгарское ханство и казахи» 17-18 вв. А, 1991, 84-85 стр). «Қазақтар бірігіп, Сәмеке, Әбілқайыр, Барақ, Есім сұлтан бастаған 10 мың қазақ жасағы 1726 жылы Церен Дундук хан мен Доржи Назаров иеліктеріне басып кірді. Егер аңызға сенсек, онда Кіші жүздің батырларының ішінде Есек, Есен, Қозыбақ, Табынай, Сабытай, Атақозы, Шотан болды» [4].

Ә.Хасенов өзінің «Үш ғасыр иінінде» атты еңбегінде «Бізге жеткендердің атыжөнін анықтап, оған құрмет көрсетіп, есте қалдыру – бүгінгі ұрпақтың парызы» дей келе, адай елінен Шотан, Назар, Есенғұл, Есек, Сабытайдың есімін атап өтеді. Бұған біздің қосарымыз Атағозы, Бердібек, Бегей, Табынай, Қармыс, Қонай, Шабай, Өмір, Темір, т.б. батырлардың арасы жақын, көбі бірін-бірі көрген ерлер. Олардың бірқатары елі мен жерінің тағдыры үшін бірге соғысқан болуы да мүмкін. Бұл да зерттей түсуді керек ететін мәселе.

«Маңғыстау тарихында сол кісінің дәуірі еді» делініп, екі кісінің есімі аталады, бірі – осы Есек мерген. Ал ұсынылып отырған құжатта біздің Есек батырымыздың ұлттық дәрежедегі тұлға екендігі жайлы теңдессіз дерек келтірілген». Осыдан кейін мұрағатты киелі емес деп қалай айта аламыз?» [5].

Есек батырмен замандас, тіпті жауынгерлік жорықтарда тізе қосып, бірге жүрген деп аталатын Атағозы батырдың ерлік ісі бүкіл Кіші жүзге, тіпті ісі қазаққа белгілі. Қазақтың айтулы ақыны Мұрат Мөңкеұлы Жылқышы ақынмен айтысында:

«Өтіпті Атағозы, Өмір, Темір,

Бірінен бірі өткен ақсұңқардай», десе, әйгілі Аралбай ақын:

«Артық кімдер бар еді,

Ертеде өткен Есектен.

Қасиетін көрсеткен

Атағозы мергеннен,

Ақсүнгісін өңгерген,
Аламанға жел берген,
Азын көпке теңгерген.
Адырнасы ақырған.

Қол оғы нардай бақырған», деп жырлайды [6].

«XVII ғасырдың аяғында, XVIII ғасырдың басында адайлардың бері дегенде Сырдария бойынан, Арал теңізінің терістік жағынан әлі аспаған шағында нақ осы Есенқұлдың Есегі барлау жасап, Борсық құмдарын, Маныссай-Шағырой, Ақтөбе жақтағы Айрық-Мұғалжар, Шерқала сияқты жерлерді басып өтіп, Жемнің бойына дейін жетіп, одан әрі Үстіртке шейін барып, ернектерін жағалай отырып, Маңғыстауға түспесе де, көзімен көріп қайтқан адам болса керек».

Қорыта айтқанда қазақ тарихында ақтандақ жайттар көп болды. Тоталитарлық жүйеге құрылған кеңестік солақай саясаттың тегеурінімен ол жайттар тұмшаланып келді. Құралайды көзге атқан мерген, халқын Маңғыстау түбегіне түпкілікті қоныстандыруда көш бастаған, жүздеген жасаққа басшылық жасап қол бастаған, ел іші болған соң болмай тұрмайтын түрлі дау-дамайларды шешуде сөз бастаған, «атасын айтқаннан артық болмайдыға» жүгінер болсақ, Адайдың Түркменадай Қосай тақтасынан тарайтын Есенқұлұлы Есекмерген болатын. Бүгінгі әңгімеміздің арқауы болып отырған Есек батыр Есенқұлұлы – тарихта болған адам. Арғы атасы қосай тайпасынан тарайтын бабамыздың ерлік істері туралы тарихи деректер баршылық.

Тарихта «Ақтабан шұбырынды –Алқакөл сұлама» деген атпен қалған қасіретті жылдарда Есек мерген жауға қарсы асқан ерлік көрсеткен ержүрек батырлардың бірі. «Есенқұлдың ұлы Есек батыр бастап, Сауран айналды» деген сөз осы тарихқа негізделген. Есекмерген бабамыз өзінің ерлігімен есте қалған ұлттық дәрежедегі тұлға. Тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған ерліктің, тарихи ерліктің құнын терең қадірлеуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
2. Дала Геркулесі. Тауман Төреханов. – Алматы: Атамұра Корпорациясы, 2008. ISBN 9965-21-804-8
3. Тауман Төрехановтың ресми сайты, <http://www.tauman-torekhanov.com>, 2018 жылдың 10 шілде күні тексерілді
4. Избасар Шыртанұлы, «Текті тұлғаның тұнбасы», 32-33 бет
5. Алқажан Еділханұлы, «Маңғыстау» газеті, 16.06.2016 жыл, №103-104
6. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 ISBN 9965-607-02-8

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРШЫЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Мырзақұл Е.Е.

Ғылыми жетекші: Өтесова Г.Е.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау*

Аңдатпа. Мақалада қазақ қоғамындағы батырлық институт ұғымының қалыптасуы және оның ерекшеліктері мен зерттелуі тарихы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Батыр, Отан, елдік, қоғам, зерттеушілер.

Бүгінгі таңда ғылыми әдебиеттерде батырлар институты ұғымы қолданылып келе жатқанымен, ол әлі күнге дейін дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымының ажырамас бөлігі ретінде толық қарастырылып отырған жоқ. Қазақ тарихындағы жекелеген батырлардың қызметі мен өмірбаянын баяндаумен ғана шектелу әлі де болса басым. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән батыршылық институтының қалыптасуының қайнар көздері ежелгі замандардан бастау алады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар әрі би, әрі жырау, әрі елші, әрі ру басшысы қызметін қоса атқара беруімен ерекшеленеді. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатының даму ерекшеліктері батыршылық институты ықпалының артуын туғызды. Осы кезеңнен бастап батырлар жеке әлеуметтік-саяси институт ретінде қалыптасты. Көшпелі халықтардың тарихи-мәдени дамуының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты елдің қауіпсіздігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, ел ішіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігі көшпелі қоғамда да әскери іспен кәсіби тұртыда айналысатын адамдардың пайда болуын, олардың осы қоғамдық қызметтерді атқаруды өз міндетіне алу барысында жеке әлеуметтік жік ретінде қалыптасуына әкелді. Басқа халықтарда әскери тап өкілдерін «самурай», «рыцарь», «кшатрий» деп өзіндік атауымен атағаны сияқты дәстүрлі қазақ қоғамында кәсіби әскерилер әлеуметтік жігінің өкілдері «батырлар» деп аталды. Соғыс ісі батырлардың негізгі кәсібі болғанмен, бұл кәсіптің басты мақсаты Отанды жаудан қорғау, елді басқыншылардан азат ету, халықтың қонысын, жерін кеңейту, тұтқында кеткен отандастарын азат ету, жау қолынан қаза тапқан ата кегін қайтарумен ерекшеленеді. Осы тақырыпқа қатысты деректерді негізінен екі топқа бөліп қарастырамыз: 1. Жазба деректер мәліметтері. 2. Ауызша деректер мәліметтері. Бірінші топты кұрайтын жазба дерек мәліметтерін өз ішінде екі топқа - ортағасырлық жазба деректер мен орыс тіліндегі мұрағат кұжаттары мен қолжазбалар деп жіктейміз [1].

Себебі, ортағасырлық жазба деректер негізінен дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институтының генезисін, қалыптасуы мен даму жолдарын, өзіндік ерекшеліктерін талдау барысында маңызды бола түспек. Түркі халықтарының жазба мәдениетінің ең көне нұсқалары болып табылатын Орхон-Енисей жазбалары мен XI ғасырдағы «Қорқыт ата кітабында» кездесетін мәліметтер қазақ қоғамының ежелгі және ортағасырлар дәуіріндегі қоғамдық-әлеуметтік және саяси қарым-қатынастардың ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ моңғол шапқыншылығы мен моңғол үстемдігі дәуіріне қатысты ортағасырлық шығармалардың да маңызы зор. Мәселен, «Моңғолдың кұпия шежіресі» мен Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағында» моңғолдық баһадүр сөзі жиі кездеседі, әрі бұл титулды ноян, бек және т.б. иеленгендері туралы мәліметтер мол келтірілген. Тизенгаузеннің аудармасымен жарық көрген Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының екі томдығында араб, парсы деректері топтастырылған. Бұл жинақтарға енген ортағасырлық дерек авторлары еңбектерінен біз моңғол үстемдігі тұсында қалыптасқан әскери-әкімшілік құрылым жүйесінде біраз уақыт

бойы өзінің бұрынғы қоғамдық-саяси өмірдегі ықпалынан айырылған батырлар рөлінің XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап қайтадан күш ала бастағанын көреміз. Ортағасырлар дәуірінде-ақ батырлардың ықпалды күш ретінде көрініс бергеніне авторы белгісіз «Тауарих-и гузида-ий нусрат-нама», Осман Кухистанидың «Тарих-и Абулхайр хани» шығармаларын қарастыру барысында көз жеткізе аламыз. «Тарих-и Абулхайр хани» еңбегінде «көшпелі өзбектер» ханы Әбілхайырдың «қазақшылық» құрып жүрген кездерінен бастап оның атақ даңқы өскен кезеңдерде де оны қолдаған тархан, қожа, бек, билермен қатар атақты баһадүрлердің де есімдері нақты аталады. Қ. Жалайыри мен Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі» еңбектерін де атап өту орынды. Бұл ортағасырлық жазба деректер батырлардың қазақ қоғамында ерекше мәртебеге ие жеке институт ретінде қалыптасуының эволюциясын қарастырғанда маңызды рөл атқаратынын көреміз [1.2] XVIII-XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамындағы батыршылық институтының қызметтерін талдауда осы кезеңге жататын орыс тіліндегі мұрағат құжаттары - Ресей әкімшілігі шенеуніктерінің күнделіктері, есептері, хаттары, баяндамалары және т.б. құжаттар болып табылады. Міне, осы деректер тақырыбымызға қатысты жазба деректердің екінші тобын құрайды. «Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.)», «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках», «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках» «Материалы по истории России. Сборник указов и других документов, касающихся управления и устройства Оренбургского края», «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» атты материалдар мен құжаттар жинақтары мен Қытай деректері негізінде жарияланған «100 құжат» және соңғы кездегі Қазақстан Республикасы үкіметінің «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» және Бөкей Ордасының тарихына қатысты жарияланған жинақтарда батырлар институтының ішкі саяси және элеуметтік, елшілік қызметтері туралы нақты деректер топтастырылған. қазақ қоғамында ғана өте ерекше мәнге ие болған батыршылық институтының кейбір мәселелері XVIII ғасырдан бастап орыс патшасының отарлау саясатына байланысты қазақ даласына аяқ басқан орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінде көрініс берген. Мәселен, П.И. Рычков, И.Г. Андреев, Е.К. Мейендорф, А.И. Левшин, И.Ф. Бларамберг, А. Костенко еңбектерін атап өтуге болады. П.И. Рычковтың күнделігінде XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ батырларының өмірі мен қызметтеріне қатысты, олардың қазақ-орыс қатынастарындағы елшілік қызметтері туралы мәліметтер келтірілген. Әсіресе, П.И. Рычков Жәнібек батырдың сән-салтанаты туралы тамсана жаза отырып, осы кезеңдегі қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірдегі беделі мен орны туралы тұжырымдарын келтірген. Ал, негізінен орта жүз қазақтары туралы этнографиялық еңбектің авторы И.Г. Андреевтің еңбегінде қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірдегі әр түрлі қызметтері туралы мәліметтер бар [1.3].

XVIII-XIX ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамына тән батыршылық институтының тарихын зерттеуде Ш.Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев еңбектерінің орны ерекше. Ш.Ш. Уәлиханов ең алғаш болып қазақ батырлары туралы аңыз-әңгімелерді хатқа түсіріп, батырлардың тек қазақ қоғамына тән өзіндік орны мен рөлі туралы құнды тұжырымдар жасаған. Ал, Абай философиялық тұрғыдан батыр, батырлық ұғымдары туралы пайымдауларын ұсынған. Батыршылық институтының тарихын зерттеуге қатысты тұжырымдарды XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының еңбектерінен кездестіруге болады. А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы еңбектерінде батырлық ұғымы мен батырлар туралы талдау жасалған еңбектерінен кездестіруге болады. А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы еңбектерінде батырлық ұғымы мен батырлар туралы талдау жасалған. [1.4]

М. Тынышпаевтың «Ақтабан шұбырынды» атты ғылыми мақаласында XVIII ғасырда гүлдену дәуірін басынан өткерген батыршылық институты туралы тұжырымдары жекелеген батырлардың өмірбаяндық фактілерін келтіруден гөрі, олардың осы кезеңдегі элеуметтік жік ретіндегі қоғамдық-саяси өмірдегі қызметін талдау негізінде жасалған. кеңестік кезеңдегі зерттеушілердің ішінде ең алғаш С. Асфендияровтың еңбегінде

батырлар билеуші феодалдық ақсүйектердің тобы ретінде көрсетілген. Зерттеуші хандардың әскери жасағы - батырлар олжаның ең көп бөлігін иеленіп отырды және т.б. артықшылықтарды пайдаланды деп жазады. XVIII-XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамына тән батыршылық институтының зерттелуіне елеулі үлес қосқан ғалымдар ретінде Е.Б. Бекмаханов, М.П. Вяткин еңбектерін айрықша атап өтуге болады. Е. Бекмаханов Кенесары бастаған ұлтазаттық қозғалыс тарихын зерттей отырып, осы кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуін қарастырады. Е. Бекмаханов алғаш рет қазақ қоғамына тән «ақсүйек», «қарасүйек», «төре», «төлеңгіт», «қарашы», «сұлтан», «би», «батыр», «бай» деп аталған ұғымдар әлеуметтік өлшемдерді ғылыми тұрғыдан талдаған. [1.5] Зерттеуші қазақ қоғамында елеулі күш болып саналған қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігінің өсуі себеп-салдарларын талдай отырып, кейбір жекелеген еңбектерінде XIX ғасырдағы батырлардың әлеуметтік сипаты туралы мәселеге арнайы тоқталады. Е.Б. Бекмаханов батырлар институтының әлеуметтік өлшемі ретінде пайда болуы әскери-феодалдық ақсүйектердің пайда болуымен тығыз байланысты дей келе, «батыр» сөзінің ежелгі замандардан бастау алатындығы туралы тұжырым жасайды. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән батырлар институтының мәселелерін зерттеу Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген, жоғарыдағы теориялық, әдіснамалық ұстанымдарды талдау негізінде жарық көрген еңбектерде жалғасын тапты. Біз бұл жерде К.Л. Есмағамбетов, Ж.Қ. Қасымбаев, М.Ж. Абдиров И.В. Ерофеевалардың еңбектерін атап өтуге тиіспіз. К.Л. Есмағамбетов еңбектерінде XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ батырлары, олардың тархандық құқықтары туралы шет елдік зерттеушілердің еңбектері талданған. Ж.Қ. Қасымбаев, М.Ж. Абдиров еңбектерінде патша үкіметінің қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының салдарлары ұлт-азаттық күрестер, қазақ жеріндегі орыс-казак әскерлерінің тарихы мәселелері қарастырылғанын айта кеткім келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ халқындағы батырлық дәстүрлер М. Қ. Дауытбекова А. И. Исаева А.2016
2. Қазақстан тарихы Ч.Мусин.А 2005

ӘОЖ 908:94(574)(045)

«БАТЫР» СӨЗІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Кенесбаев М.С.

Ғылыми жетекші: Өтесова Г.Е.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау

Аңдатпа. Мақалада қазақ қоғамындағы батыр сөзінің шығу тарихына талдау жасалады. Батыр сөзінің түрлі ғалымдардың зерттеулеріндегі анықтамаларына назар аударылып батыр сөзінің этимологиясына баға беріледі.

Түйінді сөздер: Батыр, ержүрек, атақ, зерттеушілер, этимология.

Батыр - әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көшпелі халықтарда бүкіл өмірі соғыста өтетін, соғыс ісі атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібі болған, мемлекет билікті қолына ұстаған қоғамдық топ — әскери ақсүйектер болды. Осы топта соғыс ісінің тәжірибесі жинақталып, әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қолданудың биік деңгейі қалыптасты. Батырлар көбіне

осы әлеуметтік жіктің өкілдері арасынан шықты. Олардың бар өмірі елдің қонысын кеңейту, халықты жаудан қорғау жолындағы жорықтарда өткен. Ел үшін жанын қиған батырлардың есімі ел ұранына айналып, халық олардың аруақтарына табынған.

«Батыр» сөзі Қиыр Шығыстағы алтай тіл семьясына жататын халықтардан бастап, батысында Шығыс Европадағы славян тілдес халықтарда, солтүстігінде фин-угор тіл семьясына жататын халықтарда, ал оңтүстікте Солтүстік Кавказ халықтары арасында кең тараған сөз болды. Бұл феноменнің басты себебі көшпелі дүниенің қозғалысқа түсуіне байланысты жаңа әлеуметтік топ «батырлардың» қалыптасуы болды. Бүгінде «батыр» сөзінің этимологиясы туралы нақты ғылыми дәлелденген ортақ пікір жоқ. Бірақ бұл сөздің бір ерекшелігі қандай тіл құрамында қолданылмасын барлық тілдердегі ұғымы бір. Ата-бабаларынан бері қарай Батыр атанып келе жатқан, ауыр жараланса да ұрыс даласын тастамағандар қара Батыр не қара берен Батыр, қауіп-қатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам жеке Батыр атанған. Қазақтың қаһармандық эпостарындағы Алпамыс, Ер Тарғын, Қобыланды, т.б. — жауына жалғыз аттанған осындай Батырлар. Талай рет қақпа бұзып, жау қамалына ойран салған ерлерін қазақ «қамал бұзған қас батыр» деп мақтан еткен. Бағзы заманнан қазақтың көптеген Батырлары жеке басының ерлігімен қатар жыраулық қасиетімен де дараланған. Батырлар елімізді жоңғар, қалмақ шапқыншылығынан, орыс, қытай отаршылдығынан, Қоқан, Бұқар әмірліктерінің билеп-төстеуінен құтқарып, азат еткен арда бабалардың өнегелі өмірі мен олар жайлы бізге аңыз-әңгімелер көптеп жеткен. Алаштың айбарына айналған хан Абылайдан бастап Ағыбай, Ер Жәнібек, Барақ, Жалаңтөс, Қабанбай, Қангелді, Қарасай, Райымбек, Сұраншы, Сыпатай сынды өз дәуірін дүркіреткен батырлар болса бүгінде оларды білмейтін жан кемде кем. Халқымыз – шапқыншылыққа көп ұшыраған халық. Сондықтан батырлар жырдың тууына сол тарихи кезеңдердегі оқиғаларда себеп болады. Қазақтың бүкіл тарихы батылдық пен батырлық. Қазіргі кезеңдегі тарихи зерттеулерге талдау жасай отырып, «батыр» сөзінің этимологиясына байланысты зерттеулерді үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа «батыр» сөзі көне түркі тілінде қалыптасқан ұғым деген пікірді қолдаушыларды жатқызуға болады. 1891 жылы жарық көрген энциклопедиялық сөздікте «богатырь» - түрік сөзі. «Бахгатур», «багадур», «батур», «батырь», «батор» деген эр түрлі үлгіде қолданылғаны айтылып, «богатырь» сөзінің ең алғаш Серницкийдің 1585 жылғы кітабында кездесетіндігі атап көрсетілген. Профессор И.Е. Андреевскийдің энциклопедиялық сөздігінде «батыр» сөзінің ешқандай да орыстық тамыры жоқ, ол алғашқы кезде татарлардың эскер басының титулы ретінде қолданылғанын және батырлардың тек татарлар заманынан бастап пайда болды деген пікірден аулақ екенін айта келіп, татарлар кезеңіне дейін бұл сөздің синонимдері ретінде «храбрь», «хоробръ» сияқты сөздердің пайдаланылғанын айтады [1.1.] Бірқатар зерттеушілер «батыр» сөзінің этимологиясына ерекше мән бере отырып, оның түркі халықтары арасында кеңінен тарауы VI ғасырдан бастау алып, IX-X ғасырларда Волга бойындағы түрік тілдес булгарлар мен хазарлар арасында тарай бастады деп есептейді.

«Батыр» немесе «багатурь» сөзі орыс жылнамаларында тек монгол-татар кезеңінде ғана пайда болғанымен белгілі ақын, зерттеуші Олжас Сулейменов «АЗиЯ» атты еңбегінде «Игорь полкы туралы» жырдағы «бойтур» сөзін «батыр сөзімен байланыстырады. Ол «батыр» сөзінің «буйтур», «батыр», «батур», «боотур», «богатурь», «богатырь» делініп пайдаланылғанын, мұндағы буйтур сөзінде буй-тағы, жабайы дегенді білдірсе, тур-өгіз, бұқа деген мағынада айтылады, осы екі сөз қосылып айбынды, күшті, өгіздей күшті дегенді білдірсе керек деген болжамдар жасап өтеді О. Сулейменовтың бұл пікірлері кей жағдайларда VII-VIII ғасырлардағы оғыз батырлар жыры туралы баяндалатын Қорқыт ата кітабындағы «Дерсе хан ұғлы Бұқаш хан туралы» жырымен түйіндес болып келеді. Зерттеушілердің екінші бір тобы «батыр» сөзінің түп-төркіні көне арийлерден басталады деп есептейді. [1.2] Мысалы, О.Ф.Миллер «багадур» сөзі татар сөзі емес, санскриттік «*bagadhara*», яғни бақыт иесі, жолы болғыш дегенді білдіреді, ал орыстың богатырь сөзі праарийлік бастауға тән», - деген пікір ұстанады Ал енді зерттеушілердің үшінші бір тобы

- «батыр» сөзінің бастауын монгол тілінен іздейді. Мысалы С.Е. Малов батыр сөзін парсы немесе монгол тіліне жатқызады. Сондай-ақ Б.Я. Владимирцев «батыр» лауазымының моңғол дәуірінде де болғанын және оның кейбір кірме сөздермен ауысып «тайшы», «бұйрық», «ноян» (қытай тілінен), «тегін», «бұйрық» (түркі тілінен) деп аталғанын айтады. «Батыр» сөзі көнеарийлік немесе монгол тілінен шықты деп дәлелдеп жүрген зерттеушілердің басым бөлігі көне руникалық жазулар мен түркі дәуіріндегі жазба деректерде «батыр» сөзінің болмауын алға тартады. Белгілі қазақ тарихын зерттеушілердің бірі М.В. Вяткин «батыр» сөзінің екі түрлі нұсқасын ұсынған болатын: бірінші нұсқасы бойынша «батыр» деп қара халық арасынан шыққан батыл, жауынгер, ер жүрек адамды айтса, екінші нұсқасында «батыр» деп ерекше жауынгерлік өнер иесі аталған - дей келе, бұл сөздің түп-төркіні моңғолдың - «ba,tur», орыстың - «богатырь» сөздерінің мағынасымен төркіндес келеді деп өз ойын жалғастырады. [1.3] Төңкеріске дейінгі кезеңдегі белгілі ғалым Л. Костенко өзінің зерттеуінде «батыр» сөзі түркі-моңғолдың «баһадур, ba,tur, багадур, бакхату» деген сөздерден шыққан, негізгі мағынасы ер жүрек, қаһарман, батыл дегенді білдіретінін атап өтеді. XX ғасырдың I жартысындағы қазақ тарихындағы есімі ерекше аталатын тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов еңбектерінде «батыр» - термині түріктің «багадур», «бакхатур» деген сөздерінен шыққанын алға тартады. Ол тіпті сонау ықылым замандардан-ақ сыртқы жаудан қорғану үшін арнайы топтардың топтасқанын айта келіп, оны әскери қолбасшы басқарғанына тоқталады. Осындай топтардың ерекше көзге түскен қаһармандарын батыр деп атаған. Батыр сөзі қазақ және түркі тілдерінде де «күресуші, күшті, батыр, ержүрек» дегенді білдіреді деп тұжырымдайды. «XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихына қатысты материалдар» атты еңбек авторлары қазақтар өздерінің ерлігімен де, қуат-күшімен де бүкіл әлемге танылған халық дей келе, батырлықтың халық арасында ежелден бар екенін жазады. «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» атты еңбек авторлары Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиев «баһадур» тұлғасы екі мағынада: бірінші - батыр, жүректі адам, екіншісі - сол батыр адамға берілетін атақты білдіреді. Баһадур сөзі моңғол билігі тұсында феодалдық қоғамдағы әскери иерархияның титулы болған, ал «бек» сөзі ханнан кейінгі билеушінің титулы деп жазады. Кеңестік дәуір кезеңіне тән көптеген сөздіктерде «батыр» терминінің мәні В.В. Радлов, М.П. Вяткин, Е. Бекмаханов пікірлерімен бір арнада тоғысып жатады [1.4]. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кездерде жарық көрген Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының екінші томында «батыр» сөзі парсының баһадур-ержүрек, батыл, әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан қаһарман адамға берілетін құрметті атақ», - делінген. «Батыр» сөзі қандай тіл құрамында қолданылмасын, оның барлық тілдердегі ұғымы бір. «Батыр» сөзі Қиыр Шығыстағы алтай тіл семьясына жататын халықтардан бастап, батысында Шығыс Европадағы славян тілдес халықтарда, солтүстігінде фин-угор тіл семьясына жататын халықтарды, ал оңтүстікте Солтүстік Кавказ халықтары арасында кең тараған. Бұл феноменнің басты себебі көшпелі дүниенің қозғалысқа түсуіне байланысты жаңа әлеуметтік топ «батырлардың» қалыптасуымен тығыз байланысты. 2. «Батыр» сөзінің мәні ержүрек, батыл, әскери өнерді жетік меңгерген, ерлігімен аты шыққан деген мағына береді. Ал, батыр атағы тек қана адамның жеке бас қасиеттеріне, оның әлеуметтік шығу тегіне қарамастан берілетін атақ. Батыр сөзінің мәні ержүрек, батыл, әскери өнерді жетік меңгерген, ерлігімен аты шыққан деген мағына беретіндігіне көз жеткіземіз. Ал, батыр атағы тек қана адамның жеке бас қасиеттеріне, яғни батыр сөзінің жоғарыдағы анықтамасына ғана сәйкес келетін тұлғаға ғана берілетін атақ деген тұжырым жасаймыз. [1.5] Қазақ батырларының ел тағдырындағы тарихи орны мен олар жасаған ерлік жорықтарының мәні мен маңызы да бірнеше ғасырлар бойында ел жадынан шыққан емес. Батырларымыз, ең бастысы, ел басына қатер төнгенде шашақты найза қолға алып, басқыншы жауға тойтарыс берген Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шапырашты Наурызбай, Өтеген, Сұраншы, Райымбек, Батыр Баян сынды есімі ісі қазаққа аса қымбат, батырлардың ерлігі бізге өнеге. Ең бастысы ел тағдырындағы, ұлттық тарихымыздағы әрбір есімі белгілі, халық

жадында биік тұғырға көтерілген, халықтық ұғымдағы ел махаббатына, ел сүйіспеншілігіне бөленген батырларымыз- бүгінгі күнде де, қазіргі заманымызда да еш маңызын жоймайды. Ұлы батырларымыздың ұлттық тарихи тұлғалар ретіндегі туған жері, туған елі үшін жасаған баға жетпес ерен ерліктерін де, зерттеп, көпшілікке таныту біздің парызымыз болып қала беретіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М. Қ. Дауытбекова А. И. Исаева Қазақ халқындағы батырлық дәстүрлер А.2016 .
2. Қазақстан тарихы(Қазақ елі) : 4 кітаптан тұратын оқулық А.2016

ӘОЖ 93/94

ШӘНГЕРЕЙ БӨКЕЕВ – ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Баянтасова М.У.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Тарих» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Орал, Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада Бөкей Ордасының билеушісі, қазақ мемлекеттілігінің тарихында ең соңғы ханның санатындағы Жәңгірдің немересі Сейіткерейұлы Бөкеевтің өмірі мен қызметі туралы баяндалған. Көптеген тарихи құбылыстар хақында елін қорғаған, жеріне қамал тіршілік кешіп, өлшеусіз іс тындырған ардақ-тұлғалардың өмірбаяны туралы оқулықтар мен арнаулы әдебиеттер жұмған аузын ашпады немесе саяси идеология аясында олардың қызметіне сыңаржақ баға берілген болатын. Солардың бірі – Ш.Бөкеев еді.

Түйінді сөздер: Бөкей Орда, ақын, өлең, «Қазақстан» газеті, кадет корпусы.

Шәңгерей Бөкеев 1847 жылы Жаскүс деген жерде туған. Әкесінен жастай айрылған ол ата дәулетінің арқасында қиындық көрмей өседі. Оның ер жетіп азамат болуына әкесінің інілері көп көмектеседі. Шәңгерейдің шешесі Шыман батырдың қызы - Ермек дейді. Шыңғали төре Орманұлы Нұралының отыз ұлының ішінде Орманнан тарағаны Шыңғали болды. Бөкейден Жәңгір туады. Ермек осы Шыманның қызы. Оларға қамқоршы болып Жәңгірдің қос інісі - Әділ мен Меңлігерей белгіленді. Алайда көп ұзамай 1853 жылы Орынбор шекарасы кіші шешелерінің қолындағы балалардың бұл екі қамқоршысы тарапынан орын алған асыра пайдаланулар жөнінде іс қарайды[1].

Астраханда реальдық училищені бітіргеннен кейін, Орынбордағы әскер бастықтарын даярлайтын кадет корпусына түседі. Бірақ Шәңгерей онда екі-ақ жыл оқиды. Ағаларының күшімен Самара губерниясында заңгер болып біразырақ істейді де, ол қызметін тастап, өз еліне келеді. Бұдан кейін кеңсе жұмысына араласпай, өзіне меншікті жер алып, Самар губернаторындағы дворяндардың тізіміне тіркеледі де, қалған өмірінің көпшілігін өз жерінде өткізеді. Орданың Жәнібек жағында Көлборсы деген жерді өзіне қаратып алады да, онда бау-бақша, алма ағашын ектіріп, сәнді үйлер салғызады. Өз қарауында 40-50 үй қонсылары болады. Қонсыларына егін салдырып, егіске машиналар да қолданады. Сарытау (Саратов) мен Самара аралығындағы ата-қонысы Көлборсыда өмір кешеді. Аңшылық-саятшылықты, табиғат сұлулығын, ән-күйді, көркемсөз өнерін ұнатады, өзін-өзі үнемі рухани жетілдіріп отырады, өлеңдер жазады. 1917 ж. Көлборсыдан көшіп, қазіргі Ақжайық ауданы жеріне келеді. Шығармалары 1911-12 ж. «Шайыр», «Көксілдер», 1926 ж. «23 жоқтау» жинақтарында жарық көрген. 1934 жылы жеке жинағы, кейінгі жылдарда шығармалары оқулықтар мен жинақтарда жарияланып отырды.

Халық өмірімен біте қайнасып, араласып отырған ол, Ғұмар Қарашты ауыл балаларына оқытушы етіп ұстайды. Оған орыс тілін үйретіп, орыс роман, повестерін

мазмұндап береді. Ғұмар оны малшы шаруаларға әңгімелеп отырады. Шәңгерей бірқатар орыс ақын-жазушыларының шығармаларын М.Лермонтовтың «Қашқын» поэмасы т.б. қазақ тіліне аударған. Бөкеев ел аузындағы әдеби мұраларды жинақтап, оны бастырып шығаруға қамқорлық жасайды. Жазықсыз жапа шеккен Қубала ақын сияқты бұқара халық өкілдеріне қолұшын беріп отырады. Оралда «Қазақстан» газетін шығаруға атсалысады. Бөкеев қазақ поэзиясында өзіндік өрнегі айқын, сыншыл лирик әрі философ ақын. «Үш ғасыр жырлайды» және «Бес ғасыр жырлайды» топтамаларына өлеңдері енген.

Өзі көбіне аңшылыққа әуестеніп, неше түрлі құс, жақсы тазы иттер ұстайды. Әрқайсысының бабын тауып, «тілін» білуге тырысады. Қысы-жазы ит жүгіртіп, құс салып, аңшылықпен айналысады. Шәңгерей туралы Нұғыман Манаев, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов т.б. жазды[2].

Шынында қамқоршылар мекен-жайы мен Сейіткерей тұрағының арасындағы жер шалғайлығы себепті иесіз мал мүлікке бақылау жасау қиын болғандықтан кейбір қорлар қолды болып кетуі мүмкін еді. Мұның өзі Бөкейхановтарды Орда билігінен шектетуге ілік болып жамалса керек. Хан қайтыс болған соң елдің екі шылбыр, бір тізгіні алдымен Әділ Бөкейханов басқарған қамқоршылар кеңесіне берілді. Бірақ, кеңес мүшелері көп ұзамай өз тілектерімен бұл қызметтен бас тартты. Қамқоршылар кеңесі тарағаннан кейін уақытша кеңес құрылды. Кеңес төрағасы алғашқы жылдары, төре тұқымынан қойылып келдіде, 1858 жылдан бастап төраға орыс шенеуніктерінен қойылатын болды..

Өнер-білімге, өлеңге жас кезінен әуес болған Шәңгерей Ордадағы мұсылман медресесін бітіріп, Астраханьдағы реальды училищеде оқиды. Кейін Орынбордағы кадет корпусына түсіп, онда оқыған екі жыл ішінде орыс тілін үйренеді. Орынборда байланысты Самар губерниясында бітімші сот қызметін атқара жүріп халықпен жұмыс жасап, көптеген қоғамдық-саяси істерге араласып, өз пікірін айтуға үйренеді. Ол жүрген жерінде әділдік айтып, өзіндік ой-пікірлерімен көзге түседі. Біраз уақыттан кейін ол қызметін тастап, туған жеріне оралады. Ол Ресеймен шекаралас өңірде Көлборсы деген жерден имение алып, ол жерде ағаштан, тастан сәнді де сәулетті үйлер, медресе, мектеп, мешіт салғызып, онда өз туыстарының балаларын оқытады. Ағаш отырғызып, бау- бақша, егін салумен да айналысады. Асыл тұқымды мал өсіреді. Өз мекенінде оқшау өмір сүріп, саятшылық, аңшылықпен айналысқан Шәңгерейдің ерекше ден қойған бір ісі - әдебиет, өнер, ғылым, білім болды.

Орыс классиктері М.Лермонтовтың, Н.В.Гогольдің шығармаларын аударды. Шәңгерей орыс тілін меңгерумен қатар, мұсылман медресесінде парсы, түрік, араб тілдерін қоса меңгерген. Әсересе жетік білгені француз тілі болады. Ақынның өмір жолының рухани мазмұнды болуына Ордадағы кезінде Жәңгірдің өзі ұйымдастырған кітапхананың зор септігі тисе керек. XIX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін Бөкей хандығында ханның өз кітапханасынан басқа ешқандай кітапхана болмаған. Тіпті Орынбордағы Кадет корпусын бітіріп келген түлектер көп уақытқа дейін дала да оқуға мүмкіндіктері болмады. Сондықтан генерал-губернатор бұл жағдайдан шығу үшін кітапхананың қажеттілігін түсініп, мерзімді баспасөзге, діни әдебиетке жазылуға рұқсат берді. 1891 жылдың 1 қаңтарында Уақытша Кеңестің тұсында кітапханада 592 томдық 227 шығарма болған. Және жыл сайын кітапхана қоры өсіп отырған. Осылайша Бөкей Ордасы қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінің ошағы болды.

1841 жылы Ордада ашылған орысша пән жадығатын оқытатын алғашқы қазақ мектебінің негізгі білім беру концепсиясы ішкергі шахарларда оқу орындарында шығатын болашақ таппасарлар тәрбиелеуге келіп саятын оқып еді. Рақымжан Отарбаев, Қабдеш Ыдырысовтардың дәлелдеуінше болашақ ақын Жәңгір мектебінде тәрбиеленген. Мектеп төрт жылдық және оқушылардың жасы 12 пен 22 жас аралығында болды деп көрсетілуіне қарағанда Шәңгерей мектепке 1856- 1857 жылдар шамасында барып, оны 1860-1861 жылдары 13- 14 жасында тәмамдаған болады.

Ақынның мұнан соңғы оқуы жөнінде зерттеушілер пікірі кереғар. Нұғыман Манайұлы Шәңгерейдің Орынбор кадет корпусына түсіп, бірақ оны бітірмей екі жылдан

кейін тастап кеткенін жазады. Осы деректі соңғы зерттеушілер қабылдап мұнан соңғы мақала жинақтарға да солай енгізген. Қажым Жұмалиев Манайұлы деректерді түгел қабылдай отырып, Шәңгерей Астраханьда реальный училищені бітірген де, бірақ ол жерде өз тарапынан мәлеметтер қосқан. Негізінен төре тұқымы реальдық училищеде оқымаған. Ұсақ шенеунік даярлайтын бұлжартылай әскери оқу орнына былайғы тілек халықтан білдірушілер түсіп, ал сұлтандар мен шығайларға Кадет корпусы лайықталған. Шәңгерейді орыстың өз ішінде патшаға опалы жақсы қызмет еткізіп дворян санатына тіркеуге Ғұбайдолла көмектесе керек. Өйткені, тағыда сол Манайұлының жазуынша Шәңгерей - ағасы Ғұбаштың зорлауымен Самар губерниясында аз ғана уақыт қызмет етеді. Шәңгерей туралы деректерді білетін көне көздерді көре қалған Қажым Жұмалиев осы мәліметтерді ақын көп ұзамай елге қайтып келіп меншікті жер алып Самар губерниясындағы дворяндардың тізіміне тіркеледі деп толықтыра түскен. Шәңгерей Бөкей әулетінен ақ патша шарапатындағы дворян санатына қосылған екінші адам.

Шәңгерей ел ішіндегі азын аулақ билік ісіне ертерек араласқан. Кейінгі кеңес дәуірінде әдебиеттанушылардың Шәңгерей жекешіл болды, саяқ жүрді, күрік болған тауықтай имениесінде жатып алды деуі бекер. Ақын ретті жерде алдына келген істе бүтінше-білімші болудан бас тартпаған. Шарифат заңын жетік білетін, оған қоса орыстың халық сайлап қоятын присяжный /азаматтық сотының азаматтық істерді қарап, қазылық ететін мировой сотының іс жүргізуіне тікелей араласқан тәржірибелі ақынның төрелігіне іріңдеп у шыққан қиын даулар ғана берілген. Шәңгерей мал ұстап, бірақ жұрт құсап басын көбейтпеді. Сөйтседе сатуға базарға шығарса жұрт сары алтынға сатып алады. Себебі біреуі бір үйірге татитындай ылғи асыл тұқымды өнімі мол тауарлы малдар өсірумен айналысқан екен. Бай баласы жастайынан қара жұмыс істемесе де, ол жасынан шаруаға мұқият болыпты. Қолы боста қарашадан қу мойындап, ожау жонып, оймыштар ұршық жасайды, ою ояды екен. Осы өнерін одан әрі ұштаса, одан жәдігер шебер де шығар ма еді. Бірақ ақсүйек тәрбие кірпияз көңіл түгел толайым жалт бұрылып кете алмаған. Есесіне сұлтан малдың 40 шақыруы мен 40 қайыруын, безбендеген сырқымды ат бегілікті тастамады. Ол кез тере тұқымды ханзадалар ортасына әсіресе, жылқы малын баптау көбірек құнтталған. Шәңгерей тұлпарды құлыншағынан танитын ерекше ынталы бапкер болыпты.

Ш.Бөкеев мұнымен бірге ақындық өнерімен да танымал болды. Оның лирикалық жанрдағы жазған көптеген өлеңдері бүгінде белгілі. Шәңгерейдің “Мен”, “Құйрық атып құлия”, лирикалық махаббат сезім дүниесін қамтитын сүйген жары Қатшекейге арналған “Қатшекей”, туған елге, жерге арналған “Қайран жерім” атты өлеңдері бар. Сол сияқты оның техникасы ілгері, өнерлі елдердің жетістіктерін үлгі етіп оқуға, ғылымға шақыратын “Ғылым”, “Эдиссон” атты өлеңдері бар. Шәңгерей орыстың белгілі ақыны Лермонтовтың “Қашқын” атты поэмасын қазақ тіліне нақышына келтіріп аударып шығады.

Шәңгерейдің көпшілікке танылмай келген тағы бір қыры өз тұсында фотосуретке түсірумен айналысқандығы. 1901 жылы Бөкей Ордасынан қазақ депутациясының құрамында Шәңгерей Петербургке патшаның қабылдауына барады. Осы сапарында ол патшадан сыйға фотоаппарат алады. Бүгінде Шәңгерейдің түсірген сан-түрлі суреттері анықталып отыр[3].

Ақынның “Қосаяқты” суреттеуі қай жағынан болсын, мінсіз. Өлеңдегі сөз қолданыстар шын мәнінде ерекше бір толғаныстан туындаған. Қосаяқ - Нарын құмында көп болатын кішкене ғана жәндік. Тышқанның бір түрі. Ақын оған арнаған өлеңін өзінің балалық шағы, өткен өмірімен байланыстырады. Бірақ ол өткен өмірді, Нарынның өткен күнін суреттегенде, оны қайта орнатамын деп әуреленбейді. Ол кездің жақсылығын айту үшін ой-қырын бірдей шолып та жатпайды. Келмеске кеткен бір өкініш, “Адыра қалған Нарында” деп қана жанап өтеді де, қосаяқты суреттеуге кіріседі. Қосаяқтың үздік портретін жасайды. Қосаяқ қазақ әдебиетіндегі ең жақсы, ең керемет жасалған портреттің бірі. Өлеңді оқып шыққанда, көз алдында жанды тірі қосаяқ тұрады. Және оның портретін жасағанда, сол жануардың сұлулығына көрмеген адам шек келтірмейтіндей, әдемілігі үшін оны ұнататындай сезім қалдырады.

Адам баласына әуелден сүйікті ұғымдағы нәрсені суреттеп, оны сүйкімді етіп көрсетуден гөрі, бұрын ондай ұғымда болмаған, тіпті ешкім ілтипатқа алып, көңіл аудармайтын бір тосын нәрсені суреттеп, жұрттың оған көңіл аударуы қиынырақ, ол үлкен шеберлікгі тілейді. Шәңгерей шеберліктің бұл міндетін толық атқара алған. Қосаяққа жұрттың көңілін аудару былай тұрсын, сол өлеңді оқып шыққанда, "одан сұлу нәрсе жоқ екен" деп айтып салғандайсың. Сол мақұлыққа рақымың түскендей, ең аяулы нәрсенің қатарына қойғандайсыңх[4].

XX ғасырдың басында көптеген ғылыми оқулықтар мен баспасөз басылымдарын алдыртып оқиды. 1911-1913 жылдары қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Оралда «Қазақстан» газетін шығару мәселесі көтерілгенде бұл істі ұсынып, жігерлендіріп, әрі қаржылай көмек берген де осы Шәңгерей болатын. Ол бұдан кейінде көптеген қоғамдық-саяси істерге ат салысады. Алайда сол бір аласапыран заманда оғанда қауіп төніп (бір деректер бойынша ауруына байланысты дейді) 1917 жылдар шамасында ол Көлборсыдағы имениесін тастап, қазіргі Қаратөбе ауданына қарасты Ақбақай деген жерге көшіп кетеді. Сонда елден оқшауланып, елдегі дүрбелеңге араласпай дербес ауруымен алысып өмір кешкен. 1920 жылы қаңтарда сол Ақбақайда сүзек ауруынан қайтыс болған[5].

Осы жылдар оқиғаларының куәгері Абдол Бөкеев кезінде бізге Шәңгерей 1918 жылы қаңтар айында Бақаш дейтін немере інісімен бірге ақтардың қолындағы Ақбақай жайлауына, дәрігер Дәулетше Күсепғалиев қарауында емделуге көшкендігін айтқан еді. «Көп кешікпей сырқаттың көңілін сұрап, оған Бөкейлікпен Ғабдолғазиз Мұсағалиев және басқалары келіп кетеді», - деп жазады С.Зиманов, С.Дәулетова, М.Ысмағұловтар. Алашорда құлағаннан соңғы ақын өміріне тікелей үңілуге мүмкіндік берерлік дерек жоқ. Болғаны-Нұғыман Манайұлы жазып кеткен "Шәңгерей 1920 жылы қаңтар айы ішінде, осы күнгі Жымпиты ауданы, Ақбақай деген жерде Күсепқали ұлы Дәулетшенің ауылында кезік ауруынан қайтыс болды" дейтін жалғыз сөйлем.

Қалай десе де, көк шұнақ бораны қылыштаған дәлудің ішінде, жетпіс төрт жасқа қараған шағында, тарих жүзіне ата ныспысы қосылмай, өз есімімен енген санаулы қазақ марғасқасының бірі, көшпелі дәуірдің соңғы жыршысы, сұлтандардың ақыны, ақындардың сұлтаны - Шәңгерейдің жүрегі соғуын тоқтатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бірімжаров Б.Қ. Бөкей Ордасы: монография-Орал 2017.-220б.
2. Қазақстан/Құраст.Орал, 2012. - 400 + 8 бет сурет
3. Алаштың ардагер азаматтары. - Почтенные люди казахской земли. К.3, ч.2: Батыс Қазақстан облысы бойынша. / Құрастырған Ғ.У.Хаймулдин. Полиграфсервис, 2000.
4. Х. Сүйіншәлиев «XIX ғасыр әдебиеті», 1-том
5. Н.Манаев «Шәңгерей өмірі жайлы деректер»

МАЗМҰНЫ

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҒЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
Арынов С.А.	4
ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Имаш А.	7
РОЛЬ ПАТРИОТИЧЕСКОГО И ДУХОВНОГО ВОСПИТАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ГРАЖДАНСКОЙ И НРАВСТВЕННОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ МОЛОДЕЖИ: МЕТОДЫ И ВЫЗОВЫ	
Кушбаева А., Кокшеева З.Т.	12
ХАЛЫҚ БАТЫРЫ ЕСЕКМЕРГЕН ЕСЕНҒҰЛҰЛЫ	
Кызылгулова У.М.	14
ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР	
Аманқосова А.Қ., Жарылқасын А.Ш.	17
ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ	
Аманқосова А.Қ., Абилова А.М.	19
РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ БОЙЫНША ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР	
Атем М.Н.	20
БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Таджибаева Ж.А., Елтаева А., Бердимырадова Ж.	24
ГУМАНИСТИК ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МАҚСАТТАРЫ	
Жарылғасова П.Е., Төлеп Д.	27
ҚУҒЫНДАЛҒАН МҰҒАЛІМ – ҚАРАБАЛИН ҒАБДОЛҚӘРІМ	
Қатият Қ.Ж.	30
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	
Айджанова З. Ж., Қарашбаева К.Ж.	34
БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ	
Ағдал Ж., Көкшеева З.Т.	38
ЕРЛІК ӨНЕГЕСІ – ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ	
Қуаналы Н., Көкшеева З.Т.	41
ОТАНШЫЛДЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛ	
Жаңабаева Б., Кокшеева З.Т.	44
БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ	
Қоблан Г., Көкшеева З.Т.	47
Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
Төлегенова А., Көкшеева З.Т.	51

БАЛАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ-ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ	
Оңал Р., Көкшеева З.Т.	55
ШӨКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
Таджибаева Ж.А., Мергенбаева Ж., Тұрақбаева Л.	57
АКТУАЛЬНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ ЫБРАЯ АЛТЫНСАРИНА В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ	
Нурова К.С., Байрамова Г.	59
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ	
Нурова К.С., Аразмұхаммед Ж.	63
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АДАМГЕРШЛІК-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ	
Таджибаева Ж.А., Орынбасарова Ф., Наурызова Ж.	67
УРОВЕНЬ ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ	
Селкебаева А.Т.	70
ВЛИЯНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА ПАТРИОТИЗМ	
Билашова А., Кокшеева З.Т., R. Želvys	74
Духовно-нравственное воспитание молодежи как основа формирования и развития личности	
Абдуллаева П.Т.	78
ХАЛЫҚ БАТЫРЫ ЕСЕКМЕРГЕН ЕСЕНҒҰЛҰЛЫ	
Дүйсенбаева Н.Б.	81
ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРШЫЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ	
Мырзақұл Е.Е., Өтесова Г.Е.	84
«БАТЫР» СӨЗІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ	
Кенесбаев М.С., Өтесова Г.Е.	86
ШӨҢГЕРЕЙ БӨКЕЕВ – ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ	
Баянтасова М.У.	89